

**Орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балықтан және басқа су жануарларынан өзге) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы тәуекелдер деңгейін бағалау критерийлерін және тексеру парақтарын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 1 наурыздағы N 133 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы N 111 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 15 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6127 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2011 жылғы 5 тамыздағы № 25-03-02/459 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 12 тамыздағы N 238 бірлескен бұйрығымен.

**Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2011.08.05 № 25-03-02/459 және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011.08.12 N 238 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 38-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балықтан және басқа су жануарларынан өзге) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы тәуекелдер деңгейін бағалау критерийлері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балықтан және басқа су жануарларынан өзге) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (Нысанбаев Е.Н.):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуінен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы Е.И. Аманға жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелу күнінен бастап күшіне енеді және ол бірінші рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы бұйрыққа 2-қосымшаның 399-413-тармақтарының күші 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

*Қазақстан Республикасы*  
*Ауыл шаруашылығы министрі*  
\_\_\_\_\_ *А. Күрішбаев*  
*2010 жылғы 1 наурыз*

*Қазақстан Республикасы*  
*Экономика және бюджеттік*  
*жоспарлау министрі*  
\_\_\_\_\_ *Б. Сұлтанов*

*2010 жылғы 26 ақпан*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
А у ы л                    ш а р у а ш ы л ы ғы                    м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 0        ж ы л ғ ы        1        н а у р ы з д а ғы  
                                     №    1    3    3        ж    ә    н    е

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
Э к о н о м и к а            ж ә н е            б ю д ж е т т і к  
ж о с п а р л а у            м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 0        ж ы л ғ ы        2 6        а қ п а н д а ғы  
№        1 1 1            б і р л е с к е н            б ұ й р ы ғы н а  
1-қосымша

**Орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балықтан және басқа су жануарларынан өзге) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы тәуекелдер деңгейін бағалау критерийлері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балықтан және басқа су жануарларынан өзге) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы тәуекелдер деңгейін бағалау критерийлері (бұдан әрі - Критерийлер) «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық дамудың ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін

факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін әртүрлі тәуекел деңгейлеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығын а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел – ормандар мен жануарлар дүниесіне нұқсан келтірудің ықтималдылығы, сондай-ақ бақылау субъектілері қызметі зардаптарының ауырлығы деңгейін ескере отырып, осы қызметтің салдарынан ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жай-күйінің нашарлауы;

2) бақылау субъектісі - орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балықтан және басқа су жануарларынан өзге) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында қызмет атқаратын субъект.

## **2. Бақылау субъектілері қызметінің тәуекелдерін бағалау**

3. Орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балықтан және басқа су жануарларынан өзге) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылау субъектілерін әртүрлі тәуекел деңгейлеріне бастапқы жатқызу объективті критерийлерді ескере отырып жүзеге а с ы р ы л а д ы .

4. Орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балықтан және басқа су жануарларынан өзге) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылау субъектілерін әртүрлі тәуекел деңгейлеріне содан кейінгі жатқызу субъективті критерийлерді ескере отырып жүзеге асырылады.

## **3. Орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балықтан және басқа су жануарларынан өзге) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы тәуекелдер деңгейін бағалау критерийлері**

5. Критерийлер бақылау субъектілерінің маңыздылығына қарай – объективті және Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының бұзылуына қарай – субъективті критерийлер болып бөлінеді.

6. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, табиғи-қорық қоры объектілерінің құндылығы мен саны орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балықтан және басқа су жануарларынан өзге) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы тәуекелдер деңгейін бағалаудың объективті критерийлері болып табылады.

7. Бақылау субъектілері орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін (балықтан

және басқа су жануарларынан өзге) қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы тәуекелдер деңгейін бағалаудың объективті критерийлері ескеріле отырып, мынадай тәуекел топтарына :

1) жоспарлы тексерулерді жүргізу кезеңділігі жылына бір рет қана жоғары деңгейдегі тәуекел тобына – орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері, республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, республикалық маңызы бар мемлекеттік орман иеленушілер, ұзақ мерзімді пайдалануға орман реурстары берілген орман пайдаланушылар, аңшылық ісін п а й д а л а н у ш ы л а р ;

2) жоспарлы тексерулерді жүргізу кезеңділігі үш жылда бір рет қана орташа деңгейдегі тәуекел тобына – ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлеріндегі жалгерлер, республикалық маңызы бар темір және автомобиль жолдарының бойындағы қорғаныштық орман жиектерінің мемлекеттік орман иеленушілері, жануарлар дүниесі объектілерін қоршауда және жартылай еркін ұстаумен, өсірумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар, азаматтарды аңшылық минимумына оқытумен айналысатын ұйымдар;

3) жоспарлы тексерулерді жүргізу кезеңділігі бес жылда бір рет қана болымсыз деңгейдегі тәуекел тобына – зоологиялық коллекциялардың иелері, хайуанаттар бақтары, биологиялық орталықтар жатады.

8. Өрескел, елеулі түрде және болымсыз бұзу деп жіктелетін Қазақстан Республикасының заңдары мен ҚР Үкіметінің қаулыларын бұзу субъективті критерийлер болып танылады.

9. Өрескел тәртіп бұзуға мыналар жатады:

1) орман қоры учаскелерін орманға мемлекеттік меншік құқығын бұзатын сатып алу-сату, сыйға тарту, кепілге салу, заңсыз иелену және айырбастау, сондай-ақ орман пайдалануды жүзеге асыру құқығын басқа біреуге заңсыз беру;

2) жануарлар дүниесі объектілерін пайдалану құқығын басқа біреуге заңсыз беру, сондай-ақ жануарлар дүниесіне мемлекеттік меншік құқығын тікелей немесе жасырын нысанда бұзатын басқа да мәмілелер жасау, сол сияқты пайдалануға рұқсат алу талап етілетін қорықтар мен ерекше қорғалатын басқа да табиғи аумақтардағы жануарлар дүниесі объектілерін заңсыз пайдалану;

3) өсімдіктер дүниесі объектілерін пайдалану құқығын басқа біреуге заңсыз беру, сондай-ақ өсімдіктер дүниесіне мемлекеттік меншік құқығын тікелей немесе жасырын нысанда бұзатын басқа да мәмілелер жасау, сол сияқты пайдалануға рұқсат алу талап етілетін өсімдіктер дүниесі объектілерін заңсыз п а й д а л а н у ;

4) тиісті рұқсатсыз тамырымен жұлу, құрылыстар салу, сүректі қайта өңдеу, қоймалар тұрғызу және басқа мақсаттар үшін орман қоры учаскелерін заңсыз

п а й д а л а н у ;

5) ағаштар мен бұталарды, сондай-ақ орман қорына кірмейтін және кесуге тыйым салынған ағаштар мен бұталарды, қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері жоқ заңсыз кесу және зақымдау;

6) орман питомниктері мен плантацияларындағы орман дақылдарын, себінділерді не көшеттерді, сондай-ақ көктеп шыққан табиғи өскіндерді, жас шыбықтарды, сондай-ақ орманды қалпына келтіруге арналған алаңдардағы өздігінен көктеген өскіндерді жою немесе зақымдау;

7) ормандарды, сол сияқты орман қорына кірмейтін екпелерді отқа немесе өзге де аса қауіпті көздерге абай болмау салдарынан жою немесе зақымдау;

8) орман қорын, сол сияқты орман қорына кірмейтін екпелерді қасақана жағып жіберу, өзге де жалпы қауіпті тәсілмен не зиянды заттармен, қалдықтармен, шығарындылармен немесе төгінділермен ластау салдарынан жою немесе зақымдау ;

9) орманда өрт қауіпсіздігі талаптары мен санитариялық ережелерді бұзу;

10) кесілетін орман қорын пайдаланудың, сүректер дайындау мен әкетудің, шайыр мен ағаш шырындарын, екінші дәрежелі орман материалдарын алудың белгіленген тәртібін бұзу ;

11) мемлекеттік орман қорының уақытша иеленіп отырған учаскелерін қайтару мерзімдерін бұзу немесе оларды мақсатты түрде пайдалану үшін жарамды жай-күйге келтіру жөніндегі міндеттерді орындамау;

12) ағашы кесілген жерлерге және орманды қалпына келтіру мен орман өсіруге арналған орман қорының басқа да санаттағы жерлеріне ағаш егудің тәртібі мен мерзімдерін бұзу ;

13) орман үшін пайдалы фаунаны жою;

14) ормандардың қурап қалуына немесе ауруға шалдығуына не ластануына ұшырататын сарқынды сулармен, химиялық заттармен, өнеркәсіптік және тұрмыстық төгінділермен, қалдықтармен және тастандылармен орманды бүлдіру;

15) орман қоры жеріндегі орман құрғату жыраларын, дренаж жүйелері мен жолдарды жою немесе бүлдіру ;

16) орманды пайдалануды рұқсат құжаттарында көзделген мақсаттарға немесе талаптарға сәйкес келмейтін ретпен жүзеге асыру;

17) орманның жай-күйіне және оны ұдайы молайтуға зиянды ықпал етуге әкеп соғатын объектілерді салу және пайдалану;

18) ағаш кесетін жерлерді бөліп беру мен бағасын шығарудың белгіленген тәртібін бұзу ;

19) сүректі есептік ағаш кесуден артық мөлшерде дайындауға жол беру;

20) селекциялық-гендік мақсаттағы объектілерді: артықшылығы бар ағаштарды, артықшылығы бар ағаштардың мұрағаттық клондарын,

географиялық дақылдарды, популяциялар мен будандардың сынақ дақылдарын  
б ұ л д і р у н е м е с е ж о ю ;

21) аң аулау ережелерін, сондай-ақ жануарлар дүниесін пайдаланудың басқа да түрлерін жүзеге асыру ережелерін қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ бұзу және осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген аң аулау ережелерін бұзу ;

22) жарылғыш құрылғыларды, авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы қолданып заңсыз аң аулау, сондай-ақ әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған аң аулау ережелерін бұзу ;

23) қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, балық аулау ережелерін, сондай-ақ су жануарларын пайдаланудың басқа да түрлерін жүзеге асыру ережелерін бұзу ;

24) қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, балық аулау ережелерін (тыйым салынған мерзімдерде тыйым салынған құралдармен немесе тәсілдермен, тыйым салынған жерлерде балықты өнеркәсіптік жолымен аулау және балық аулау), сондай-ақ су жануарларын пайдаланудың басқа да түрлерін жүзеге асыру ережелерін өрескел бұзу ;

25) балықты бас саға құрылыстарына түсіп кетуден қорғау үшін арнайы қондырғылар салмай, балық шаруашылығы су қоймаларынан су алу ;

26) аң аулау алаптары мен балық шаруашылығы су қоймаларын бекіту, пайдалану мен қорғау тәртібін бұзу ;

27) заңнамада белгіленген лицензиялық ережелер мен нормаларды бұзу, соның ішінде лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеу ;

28) лицензиаттың лицензия алған кезде көрінеу дұрыс емес ақпарат беруі, сол сияқты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 357-2-баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), сондай-ақ лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғаннан кейін әкімшілік жауаптылыққа әкеп соққан лицензиялық ережелер мен нормалардың бұзылуын ж о й м а у ;

29) мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өз құзыретіне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауына қызмет туралы, кірістер туралы, сақтандыру жарналарын есептеу және төлеу туралы қажетті құжаттарды, материалдарды, ақпаратты, атом энергиясын пайдалану туралы статистикалық және басқа мәліметтерді беруден бас тарту арқылы, уәкілетті органның қаулысы бойынша ревизия, тексеру, түгендеу, сараптама және заңдармен көзделген басқа да

әрекеттерді жүргізуге жіберуден бас тарту арқылы кедергі келтіру немесе оларды жүзеге асыруға өзге де кедергілер келтіру не жалған ақпарат беру;

30) мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдары (лауазымды адамдар), мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары өз құзыреті шегінде берген заңды талаптарын немесе нұсқауларды, ұсынымдарын, қаулыларды орындамау немесе тиісінше орындамау.

10. Елеулі түрде тәртіп бұзуға мыналар жатады:

1) сату немесе оны басқа адамдарға беру мақсатымен топырақтың құнарлы қабатын жою немесе заңсыз алу, бұлай алу топырақтың құнарлы қабатының біржола жоғалуын болдырмау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда;

2) сақтау, пайдалану немесе тасымалдау кезінде улы химикаттармен, тыңайтқыштармен, өсімдіктердің өсуін күшейтетін дәрілермен және өзге де қауіпті химиялық, биологиялық және радиоактивті заттармен жұмыс істеу ережелерін бұзу салдарынан шаруашылық немесе өзге де қызметтің зиянды өнімдерімен жерді уландыру, ластау немесе өзге де бүлдіру, сол сияқты бактериялық-паразиттік немесе ерекше зиянды организмдермен, бірақ адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян тигізуге әкеп соқпаған ластау;

3) орман қоры жерлерінде шабындықтар мен жайылымдық жерлерді бүлдіру;

4) орманда және орман қоры жерлерінде заңсыз шөп шабу және мал жаю;

5) дәрілік өсімдіктерді және техникалық шикізатты бұған тыйым салынған немесе орман билеті бойынша ғана жіберілетін учаскелерде заңсыз жинау;

6) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, өсімдік қорғау құралдарын, олардың өсуін жылдамдататын заттарды, минералдық тыңайтқыштарды және қоршаған ортаны ластауға не жануарлар дүниесіне залал келтіруге соқтырған немесе соқтыруы мүмкін басқа да препараттарды тасымалдау, сақтау және қолдану ережелерін бұзу;

7) өсімдіктер өсетін жерлер мен жануарлардың тіршілік ортасын қорғау ережелерін, жануарлардың өсіп-өну жағдайларын, орын ауыстыру жолдары мен шоғырланатын орындарын, зоологиялық және ботаникалық коллекцияларды жасау, сақтау, есепке алу мен пайдалану ережелерін бұзу, сол сияқты жануарларды заңсыз қоныс аударту, жерсіндіру, кері жерсіндіру мен шағылыстыру;

8) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 317-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, елді мекендерді, кәсіпорындарды және басқа да объектілерді орналастыру, жобалау мен салу, өндіріс процестерін жүзеге асыру және көлік құралдарын пайдалану, өсімдік қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды және басқа да препараттарды қолдану кезінде жануарлар мен өсімдіктерді қорғау ережелерін бұзу;

9) жергілікті өкілді органдар белгілеген жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау ережелерін бұзу.

11. Болымсыз тәртіп бұзуға мыналар жатады:

1) орман қорындағы орман орналастыру мен орман шаруашылығы белгілерін жою немесе бұлдіру;

2) жерді пайдаланудың табиғат қорғау режимі талаптарын орындамау;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген түрлерінде жеке тұлғалардың болу тәртібін бұзу;

12. Тәуекелдерді анықтау үшін мәліметтер ретінде бақылау субъектілері туралы бір жылға жинақталған деректер, оның ішінде жоспардан тыс тексерулердің нәтижелері бойынша алынған деректер де пайдаланылады.

13. Бақылау субъектісі жол берген өрескел бұзу 20 балға, елеулі түрде бұзу 10 балға және болымсыз бұзу 5 балға бағаланады.

14. Тәртіп бұзудың ауырлығын ескере отырып бақылау субъектісі мынадай тәртіппен белгілі бір тәуекел деңгейіне айқындалады:

1) 20 және одан да көп балл жинаған бақылау субъектілері жоғары деңгейдегі тәуекел тобына ауыстырылады;

2) 10 балдан 15 балға дейін жинаған бақылау субъектілері орташа деңгейдегі топқа ауыстырылады;

3) 5 балл жинаған бақылау субъектілері болымсыз деңгейдегі топқа ауыстырылады.

Бастапқыда жоғары деңгейдегі тәуекел тобына жатқызылған орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерін, республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, республикалық маңызы бар мемлекеттік орман иеленушілерді қоспағанда, жыл ішінде тәртіп бұзушылыққа жол бермеген жағдайда бақылау субъектісі тәуекел деңгейі аз топқа ауыстырылады.

15. Бір тәуекел деңгейіндегі бақылау субъектілерін тексеруді жоспарлаудың бірінші кезектілігіне:

1) орманды жерлер пайызының барынша көп болуы;

2) ормандардың жоғары деңгейде жануы;

3) орманның зиянкестермен және аурулармен барынша көп залалдануы;

4) объектілердің осы санатында орман тәртібін бұзудың көбеюі;

5) тексерілмеген кезеңнің барынша ұзақ болуы;

6) жануарлар дүниесі объектілері санының қысқаруы;

7) осы аумақта браконьерлік фактілерінің көбеюі негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2010 жылғы 1 наурыздағы



№ 133 және  
 Қазақстан Республикасы  
 Экономика және бюджеттік  
 жоспарлау министрінің  
 2010 жылғы 26 ақпандағы  
 № 111 бірлескен бұйрығына  
 2-қосымша  
 нысан

**Орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылау субъектілерінің тексеру парағы**

\_\_\_\_\_ (күн)  
 \_\_\_\_\_  
 (толтырылған жер)

\_\_\_\_\_ (бақылауды жүзеге асыратын лауазымдық тұлғаның Т.А.Ж.)

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның атауы немесе тексерілетін субъектінің Т.А.Ж.)

(заңды мекен-жайы)

р/с №	Талаптар	Мәселенің құзыреті	Иә/Жоқ/Қажет емес	Ескерту
1	2	3	4	5
1	Бақылау субъектісінде тұрақты жер пайдалану құқығына актісі бар	ММ, ЕҚТА, МО, РММО		
2	Бақылау субъектісінде орман орналастыру жобалары мен орман орналастыру материалдары бар	ММ, ЕҚТА, МО, РММО		
3	Бақылау субъектісінде ормандарды өртке қарсы жабдықтау жобалары бар	ММ, ЕҚТА, МО, РММО		
4	Бақылау субъектісі орман өрттерінің алдын алу, оларды дер кезінде байқау және жою жөнінде іс-шаралар ұйымдастырған және жүргізген	ММ, ЕҚТА, МО, РММО, ОП, ЖА, АП		
5	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қорының аумағындағы барлық жұмыс істеушілердің және онда орналасқан ұйымдардың, сондай-ақ орманда жүрген жеке тұлғалардың ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережесі мен санитарлық ережені сақтауын қамтамасыз еткен	ММ, ЕҚТА, МО, РММО, ОП		
6	Бақылау субъектісі ормандарды заңсыз ағаш кесуден, зақымданудан, талан-таражға салудан және Қазақстан Республикасының орман заңнамасын			

	бұзудың басқа да әрекеттерінен күзетуді, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерлерін күзетуді қамтамасыз еткен	ММ, ЕҚТА, МО, РММО, ОП		
7	Бақылау субъектісі Қазақстан Республикасының орман заңдары, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, молайту мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарды бұзу фактілері жөніндегі ақпаратты, талап-арыздарды және өзге де материалдарды мемлекеттік органдарға және құқық қорғау органдарына, сотқа жібереді	ММ, ЕҚТА, МО, РММО, АП		
8	Бақылау субъектісі өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғаларға анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою жөнінде жазбаша нұсқаулар береді	ММ, ЕҚТА, МО, РММО		
9	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін арттыруды ағаш кесудің ғылыми негізделген жүйесін іске асыру, ормандарды молықтыру, олардың тұқымдық құрамын жақсарту, селекциялық-гендік негізде тұрақты тұқым базасын жасау мен оны тиімді пайдалану, су-орман мелиорациясы, күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу мен санитарлық мақсатта ағаш кесуді қоса алғанда, орманды күтіп-баптау, орман шаруашылығына арнап жол салу, басқа да орман шаруашылығы іс-шараларын өткізу нәтижесінде жүзеге асырады.	ММ, ЕҚТА, МО, РММО, ОП		
10	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды молықтыру жөніндегі іс-шараларды орман өсіру жағдайы мен экономикалық мақсатқа сәйкестігі ескеріле отырып, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақталып, неғұрлым қысқа мерзімде өнімділігі жоғары және төзімді екпелер жасауды қамтамасыз ететін әдістермен жүргізеді	ММ, ЕҚТА, МО, РММО, ОП		
11	Мемлекеттік орман қорында ормандарды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі жұмыстар көлемі орман орналастыру және осы салаға маманданған басқа да жобалау-іздірету ұйымдары әзірлеген, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобалармен айқындалады	ММ, ЕҚТА, МО, РММО, ОП		
12	Бақылау субъектісі орманды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі жұмыстарды бағалы тұқым қуалаушылық қасиеттері бар және себу сапасы жоғары тұқымдармен қамтамасыз еткен, сондай-ақ селекциялық-гендік негізде тұрақты орман тұқым базасын қалыптастырған	ММ, ЕҚТА, МО, РММО		
13	Бақылау субъектісінде селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілер бар	ММ, ЕҚТА, РММО		
14	Бақылау субъектісінде селекциялық-гендік мақсаттағы объектілер бар	ММ, ЕҚТА, РММО		

15	Бақылау субъектісі орман тұқымдарын дайындауды тұрақты орман тұқым базасы объектілерінде жүзеге асырады, ал олар жетіспеген жағдайда қалыпты екпелерде жүргізеді	ММ, ЕҚТА, РММО		
16	Бақылау субъектісі орман пайдаланушылардың сүректі түбірімен босату ережесін және орман пайдаланудың басқа да түрлерінің ережелерін орындауын қамтамасыз еткен	ММ, ЕҚТА, МО, РММО		
17	Бақылау субъектісі орман зиянкестері мен ауруларының ошақтарын дер кезінде анықтауды, олардың таралуына болжам жасауды және олармен күресуді қамтамасыз еткен	ММ, ЕҚТА, МО, РММО, ОП, ЖА		
18	Бақылау субъектісі биотехникалық іс-шаралар жүргізеді	ММ, ЕҚТА, РММО, АП		
19	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры аумағында аң және балық аулау ережелерінің сақталуын қамтамасыз еткен	ММ, ЕҚТА, РММО, АП		
20	Бақылау субъектісінде мемлекеттік орман күзеті қызметкерлерінің, орман күтушілер мен қорықшылардан басқа, жоғары немесе орта орман шаруашылығы, орман-техникалық білімі бар	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
21	Жалпы орта білімі бар орман күтушілер (қорықшылар) жұмысқа қабылданған кезде орман мекемелерінде міндетті түрде оқиды және ормандар мен жануарлар дүниесін күзету, қорғау мәселелері бойынша техникалық минимум тапсырады	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
22	Мемлекеттік орман күзетінің лауазымды тұлғалары нысандық киіммен, арнайы қорғаныс құралдарымен және қызмет бабында пайдаланылатын жер телімдерімен қамтамасыз етіледі	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
23	Бақылау субъектісінің орман мастерлері, орман күтушілері, орман күзету және қорғау жөніндегі инженерлері таңбалармен қамтамасыз етілген	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
24	Мемлекеттік орман күзетінде жұмыс істеу кезінде бақылау субъектісінің орман күтушілері (қорықшылары) қызмет бабында пайдаланылатын үй-жайлармен (кордондармен) қамтамасыз етілген	ММ, ЕҚТА, РММО		
25	Мемлекеттік орман күзетінің қызметкерлері ауысқан кезде мемлекеттік орман қорының учаскелерін, техникалық құжаттаманы, негізгі құрал-жабдықтарды және мүлікті қабылдау-тапсыру жүзеге асырылады	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
26	Мемлекеттік орман күзетінің лауазымды тұлғалары қызмет қаруымен қамтамасыз етілген	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
27	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры аумағында ормандағы өрттердің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарларын орындауда	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
	Бақылау субъектісі жеке және заңды тұлғаларды, сондай-ақ ұйымдардың өрт сөндіру техникаларын,			

28	көліктері мен басқа да құралдарын ормандағы өрттерді сөндіруге тарту тәртібін айқындайды, осы жұмысқа тартылған жеке тұлғаларды жүріп-тұру өрт сөндіру құралдарымен, тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етеді	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
29	Бақылау субъектісі орманда өрт қаупі болатын маусымда мемлекеттік орман қоры аумағында өрттерді сөндіру үшін жанар-жағар май материалдарының резервін жасайды	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
30	Бақылау субъектісі шаруа қожалықтары мен өзге де ауыл шаруашылығы ұйымдарының орман қорына іргелес аумақтардағы ауыл шаруашылығы алқаптарында, жайылымдық және шабындық жерлерде сабантүбін, аңыздарды және өзге де өсімдік қалдықтарын өртеуіне, қау шөбін өртеуіне бақылау жасауды қамтамасыз етеді	ММ, ЕҚТА, РММО		
31	Бақылау субъектісі өртке қарсы насихатты, бұқаралық ақпарат құралдарында ормандарды сақтау, ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерін орындау туралы мәселелердің тұрақты берілуін ұйымдастырады	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
32	Бақылау субъектісі орман қоры аумағында орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес және орманның санитарлық жай-күйін жақсарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
33	Бақылау субъектісі орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күресте авиацимиялық, авиобиологиялық және аэрозольдық іс-шаралар жүргізген кезде, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары болып тұрған кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы, орман пайдалану құқығын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
34	Бақылау субъектісі ормандарды күзету, қорғау, молықтыру мен орман өсіру, тұрақты орман тұқымдары учаскелері мен орман тұқымдары плантацияларын күтіп-ұстау, орман тұқымдарын дайындау, ұқсату мен сақтау жөніндегі іс-шараларды орындайды	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
35	Бақылау субъектісі орман орналастыру жобаларына сәйкес орман пайдалану орындары мен олардың көлемін айқындайды	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
36	Бақылау субъектісі орман ресурстарын тендерге қою үшін материалдар әзірлейді	ММ, ЕҚТА		
37	Бақылау субъектісі орман ресурстарының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етеді	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
38	Бақылау субъектісі орман пайдалануға арналған ағаш кесу және орман билеттерін береді	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		

39	Бақылау субъектісі орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман мониторингін жүргізеді, мемлекеттік орман кадастрын жүргізу жөніндегі жұмыстарға қатысады	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
40	Бақылау субъектісі аяқталған объектілер мен орман пайдаланушылардың орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізуі нәтижесінде өндірілген дайын өнімді қабылдауды жүзеге асырады	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
41	Бақылау субъектісі ормандардың молықтырылуын, күзетілуін, қорғалуын, санитарлық жай-күйін жақсартуды және күтіп-бапталуын, олардың өнімділігінің, қорғаныштық және өзге де пайдалы қасиеттерінің артуын, орманның көп мақсатқа ұтымды пайдаланылуын ұйымдастыруды, орман орналастыруды, ормандар мен жануарлар дүниесінің есебін жүргізуді, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қорлары объектілерінің, мәдени және табиғи мұраның сақталуын қамтамасыз еткен	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП, АП		
42	Бақылау субъектісі орманның орта құрайтын және органы қорғайтын функцияларының сақталуын, сондай-ақ екпелерді, дәрі-дәрмектік, тағамдық және техникалық шикізатты дер кезінде қалпына келтіру жағдайларын қамтамасыз ететін экологиялық жағынан оңтайлы тәсілдермен және әдістермен жұмыс жүргізуде, мемлекеттік орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі өзге де талаптарды орындауда	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП, ЖА		
43	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры аумағының өртке қарсы және санитарлық орналастырылуын қамтамасыз етуде, өрт қауіпсіздігі мен орман пайдалану ережелері бұзылуының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орман заңдарын басқа да бұзушылықтың алдын алуға, оны дер кезінде байқап, жолын кесуге, ормандағы өрттерді сөндіру, орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, молайту мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарын бұзушылыққа қарсы күрес жөнінде қажетті шаралар қолдануда	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП, ЖА		
44	Бақылау субъектісі орман пайдаланушылар өртке қарсы күрес іс-шаралары жоспарларын әзірлеген кезде оларға жәрдем көрсетеді	ММ, ЕҚТА, РММО		
45	Бақылау субъектісі орман айналмаларына тексеру жүргізеді	ММ, ЕҚТА, РММО		
46	Бақылау субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ормандағы өрттерді және олардың зардаптарын тіркеуді жүргізеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
47	Бақылау субъектісі ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының талаптарын, сондай-ақ			

	ағаш кесу билетімен, орман билетімен белгіленген талаптарды сақтайды	ММ, ЕҚТА, ОП		
48	Бақылау субъектісі жұмысты топырақ эрозиясының пайда болуына жол бермейтін, ормандардың жай-күйі мен молайтылуына, сондай-ақ су және басқа да табиғи объектілердің жай-күйіне теріс әсерді болдырмайтын немесе оны шектейтін және жануарлар дүниесі мен олар тіршілік ететін ортаның сақталуын қамтамасыз ететін тәсілдермен жүргізеді	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП, ВС		
49	Бақылау субъектісі сүрек дайындаған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілген техника мен технологияларды пайдалана отырып ормандарды табиғи түрде молықтыру үшін оңтайлы жағдайларды сақтау жөніндегі талаптарды ұстанады	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
50	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қорының өздеріне орман пайдалану үшін бөлініп берілген учаскелерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтайды, өртке қарсы іс-шараларды жүргізеді, ал орман өрті пайда болған жағдайда оны сөндіруді қамтамасыз етеді	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП, АП		
51	Бақылау субъектісі ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде мемлекеттік орман иеленушілермен келісе отырып өртке қарсы іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ оларды белгіленген мерзімдерде жүзеге асырады	ОП, АП		
52	Бақылау субъектісінде мемлекеттік орман қоры аумағында өздері мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік, спорттық және басқа да іс-шаралар мен жұмыстарды өткізетін жерлерде өрт сөндіретін құралдар бар	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП, АП, ВС		
53	Бақылау субъектісі ағашы кесілетін жерлерде оны дайындау мен тасып әкетудің белгіленген мерзімі аяқталған соң кесілмеген және дайындалған ағаш сүректерін қалдырмайды	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
54	Бақылау субъектісі кеспеағаш аймағын кесілген ағаштардың қалдықтарынан сүрек дайындаумен бір мезгілде тазартады	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
55	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қорының орман пайдалану үшін бөлінген учаскелерінде заңсыз ағаш кесуге және Қазақстан Республикасының орман заңдарын, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, молайту мен пайдалану туралы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарын өзге де бұзушылықтарға жол бермейді	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП, АП, ВС		
56	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жұмыс аяқталғаннан кейін оларды мемлекеттік орман иеленушілерге тапсырады	ОП		

57	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерінде басты пайдалану мақсатында ағаш кескен кезде, орман орналастыру жобасына сәйкес, орманды қайта жаңартуды қоса алғанда, ағашы кесілген алаңының екі еселенген мөлшерінен астам алаңына орманды молықтыруды жүзеге асырады	ОП		
58	Бақылау субъектісі ағашы кесілген жерлерде және өздерінің қызметі салдарынан өскіндер жойылған, ағаш пен бұта өсімдіктері құрып кеткен алаңдарда ормандарды молықтыруды өз есебінен жүзеге асырады	ОП		
59	Бақылау субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орман шаруашылығы шеккен шығындар мен шығасыны өтейді	ОП		
60	Бақылау субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орманды пайдаланудың төлемақысын уақтылы енгізеді	ОП		
61	Бақылау субъектісі ормандардың санитариялық жай-күйін қамтамасыз ету мен жақсарту жөніндегі ережелерді (бұдан әрі - ормандардағы санитарлық ережелер) сақтайды	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
62	Бақылау субъектісі ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде мемлекеттік орман қоры учаскелерін орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
63	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман иеленушілерді мемлекеттік орман қорының орман пайдалану үшін өздеріне бөлініп берілген учаскелерінде орман зиянкестері мен ауруларының пайда болғаны туралы хабардар етеді.	ОП		
64	Бақылау субъектісі өзге орман пайдаланушылардың құқықтарын бұзбайды.	ОП		
65	Бақылау субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына, облыстық атқарушы органдар мен мемлекеттік статистика органдарына орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, мемлекеттік орман мониторингін жүргізу, орман пайдалану төлемақысының мөлшерін анықтау үшін қажетті ақпаратты беріп тұрады.	ОП		
66	Бақылау субъектісі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру кезінде экологиялық рұқсат алады.	ОП		
67	Бақылау субъектісі жеке тұлғалар өрт қауіпсіздігі сақтауға, ағаштар мен бұталарды сындырмауға және кеспеуге, орман ағаштарының зақымдануына, ормандардың ластануына, құмырсқа илеулерінің, құс ұяларының бұзылуына жол бермеуге, жабайы өскен			

	тағамдық орман ресурстарын, дәрілік шикізатты олардың молықтырылуына нұқсан келмейтін мерзімде және тәсілдермен жинауға міндетті.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
68	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қорындағы ағаш өспеген алқаптарды орманды алқаптарға айналдыруды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
69	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қорында құрылыс жұмыстарын жүргізуді, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруді, коммуникациялар тартуды және орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалануға байланысты емес өзге де жұмыстарды орындауды, егер бұл үшін мемлекеттік орман қорының жерін басқа санаттарға ауыстыру және (немесе) оларды алып қою қажет болмаса, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда уәкілетті органның келісімі бойынша облыстық атқарушы органның шешімі негізінде жүзеге асырады.	ОП		
70	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қорын орман зиянкестері мен ауруларынан қорғауды мемлекеттік орман қорының жай-күйін жүйелі түрде қадағалап отыруды, ошақтардың пайда болуының алдын алу, оларды оқшаулау мен жою шаралары арқылы орман зиянкестері мен ауруларының ошақтарын дер кезінде анықтауды қамтамасыз етеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
71	Бақылау субъектісі темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырларға және басқа да желілік құрылыстарға бөліп берілген белдеулердегі қорғаныштық екпелерді, оларды өсіру жобаларына сәйкес орманды күтіп-баптау мақсатында кесумен, санитарлық мақсатта кесумен, бағалылығы төмен екпелерді, сондай-ақ қорғаныштық, су сақтау және басқа да функцияларын жоғалта бастаған екпелерді қайта жаңғыртумен байланысты кесумен және өзге де мақсаттардағы кесумен айналысады	МО		
72	Бақылау субъектісі темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырларға және басқа да желілік құрылыстарға бөліп берілген белдеулердегі қорғаныштық екпелерді күзетуді, қорғауды және пайдалануды жүзеге асырады	МО		
73	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүрек дайындауды толысқан және қураған сүректіндерде жүргізілетін, басты мақсатта пайдалану үшін, аралық мақсатта пайдалану үшін (орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу, іріктеп санитарлық мақсатта ағаш кесу және құндылығы төмен орман екпелерін, сондай-ақ қорғаныштық, су сақтау және басқа қасиеттерін жоғалтқан екпелерді қайта жаңғыртуға байланысты ағаш кесу, жас шыбықтарды жекелеп кесу), өзге де мақсатта	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		



	пайдалану үшін (жаппай санитарлық мақсатта ағаш кесу, су тораптарының, құбырлардың, жолдардың құрылысына байланысты, орман сокпақтарын тарту, өртке қарсы жыралар жасау кезінде орман алаңдарын тазарту, өтімді үйінділерді жинау, өзге де мақсаттар үшін ағаш кесу) ағаш кесу тәртібімен жүзеге асырады.			
74	Бақылау субъектісі жергілікті халықтың ағашқа деген мұқтажын олардан өтінім болған жағдайда аралық пайдалану мақсатында ағаш кесу және өзгедей мақсатта ағаш кесу есебінен қамтамасыз еткен.	ММ, ЕҚТА, РММО		
75	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шайыр мен ағаш шырындарын дайындауды толық және құраған сүректіңдерде жүзеге асырады, олар сөл алудың белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге арналады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО,		
76	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өнеркәсіптік өңдеу және тұрғын халықтың қажетін қанағаттандыру үшін қосалқы сүрек ресурстарын дайындауды орманға зиян келтірмей жүзеге асырады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
77	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу жұмыстарын жүргізу тәртібімен кесілген ағаштардан ғана қабық және бұтақ дайындайды.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
78	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сыпыртқыларды, сыпырғыларды және басқа да сол сияқты заттарды өру, сондай-ақ әзірлеу үшін бұтақтарды ағаш кесу “Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу ережесін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 ақпандағы N 141 Қаулысымен айқындалған тәртіппен өсіп тұрған ағаштардан дайындайды (бұдан әрі – Ағаш кесу ережесі).	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
79	Бақылау мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жабайы жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер, дәрілік өсімдіктер және техникалық шикізат дайындау мен жинауды, марал шаруашылығын, аң шаруашылығын, ара ұялары мен омарталар орналастыруды, бау-бақша және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді орманға зиян келтірілмей жүзеге асырады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП, ВС, АП		
80	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қорының шөп шабуға және мал жаюға болатын учаскелерін орман орналастыру жобаларына немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларына сәйкес мемлекеттік белгілейді	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
81	Бақылау субъектісінде мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ешкі жаю арнайы бөлініп қоршалған учаскелерде ғана жүзеге асырылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

82	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажетіне пайдалануды орманға нұқсан келтірмей және жабайы жануарлар үшін жайлы мекендеу ортасын сақтай отырып жүзеге асырады.	ОП, АП		
83	Бақылау субъектісінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспорты бар.	ЕҚТА		
84	Бақылау субъектісінде табиғат қорғау ұйымын басқару жоспары бар.	ЕҚТА		
85	Бақылау субъектісінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қазақстан Республикасының орман заңнамасы бұзылған жағдайда тексеру жүргізу нәтижелері бойынша актілердің, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалардың, тәртіп бұзушылықты жою туралы өкімдердің, кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулылардың, содай-ақ сот шешімі шығарылғанға дейін уақытша сақтау үшін атыс қаруын, олжалау құралдарын, заңсыз олжаланған өнімді, көлік және суда жүзу құралдарын алып қою туралы қаулылардың бланкілері бар.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, АП		
86	Бақылау субъектісі мемлекеттік табиғи қорық пен оның күзет аймағының биологиялық саналуандығын қорғау және қалпына келтіру режимін қамтамасыз етеді.	ЕҚТА		
87	Бақылау субъектісі Табиғат жылнамасын жүргізуді қоса алғанда, мемлекеттік табиғи-қорық қорының экологиялық жүйелерін, объектілерін зерделеу және олардың мониторингі жөнінде ғылыми зерттеулер ұйымдастырады және жүргізеді.	ЕҚТА		
88	Бақылау субъектісі экологиялық-ағартушылық қызметті жүргізеді.	ЕҚТА		
89	Бақылау субъектісі мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер етуі мүмкін шаруашылық және өзге объектілерді орналастыру жобалары мен схемаларының мемлекеттік экологиялық сараптамасына қатысады.	ЕҚТА		
90	Бақылау субъектісі мемлекеттік табиғи қорық пен оның күзет аймағының аумағын экологиялық-ағартушылық, ғылыми және шектеулі туристік мақсаттарда пайдалануды реттеп отырады.	ЕҚТА		
91	Бақылау субъектісі мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендерін, бірегей және эталондық табиғи учаскелерін, объектілерін, табиғи және тарихи-мәдени мұраны сақтайды.	ЕҚТА, ЖА, ОП		
92	Бақылау субъектісі мемлекеттік ұлттық табиғи парк пен оның күзет аймағының күзет режимін қамтамасыз етеді.	ЕҚТА		

93	Бақылау субъектісі экологиялық ағартушылықты жүзеге асырады.	ЕҚТА		
94	Бақылау субъектісі биологиялық саналуандықты сақтаудың ғылыми әдістерін әзірлейді.	ЕҚТА		
95	Бақылау субъектісі Табиғат жылнамасы бағдарламасы бойынша экологиялық жүйелер мен жекелеген табиғи объектілердің мониторингін жүргізеді.	ЕҚТА		
96	Бақылау субъектісі мемлекеттік табиғи-қорық қорының бүлінген табиғи кешендерін, объектілерін, табиғи және тарихи-мәдени мұра объектілерін қалпына келтіреді.	ЕҚТА		
97	Бақылау субъектісі мемлекеттік ұлттық табиғи парк пен оның күзет аймағының аумағын экологиялық-ағартушылық, ғылыми, рекреациялық, туристік және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдалануды реттеп отырады.	ЕҚТА		
98	Бақылау субъектісі биологиялық және ландшафтық саналуандықты, табиғи экологиялық жүйелерді сақтайды және қалпына келтіреді.	ЕҚТА, ЖА		
99	Бақылау субъектісі мемлекеттік табиғи резерваттың күзет режимін қамтамасыз етеді.	ЕҚТА, ЖА		
100	Бақылау субъектісі табиғи ресурстарды пайдаланудың экологиялық-экономикалық принципі негізінде аумақтың орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдайды.	ЕҚТА, ЖА		
101	Бақылау субъектісі аумақты қорғау және орнықты дамыту, сондай-ақ экологиялық ағартушылық және тәрбие беру мақсаттарында зерттеулер мен мониторинг жүргізеді.	ЕҚТА, ЖА		
102	Бақылау субъектісі мемлекеттік табиғи резерват аумағын және оның күзет аймағын экологиялық-ағарту, ғылыми, рекреациялық, туристік және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдалануды реттеп отырады	ЕҚТА		
103	Бақылау субъектісі Қазақстанның жануарлар дүниесін сақтаудың, өсімін молайту мен пайдаланудың, дүниежүзілік маңызы бар Қазақстан фаунасының ресурстарын игерудің ғылыми негіздерін әзірлейді.	ЕҚТА		
104	Бақылау субъектісі Қазақстанның өсімдіктер дүниесін сақтаудың, молықтырудың және пайдаланудың, Қазақстанның дүниежүзілік маңызы бар флорасының ресурстарын игерудің ғылыми негіздерін әзірлейді.	ЕҚТА		
105	Бақылау субъектісі Қазақстанның ағаш өсімдіктерін сақтаудың, молықтырудың және пайдаланудың, Қазақстанның дүниежүзілік маңызы бар флорасының ресурстарын игерудің ғылыми негіздерін әзірлейді.	ЕҚТА		

106	Бақылау субъектісінің техникасы мен жабдықтары мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету және қорғау жөніндегі іс-шараларды орындауға арналған техника мен жабдықтарға тиесілік нормаларына сәйкес келеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
107	Бақылау субъектісінің техникасы мен жабдықтары мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды молайту және орман өсіру жөніндегі іс-шараларды орындауға арналған техника мен жабдықтарға тиесілік нормаларына сәйкес келеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
108	Бақылау субъектісінде мемлекеттік орман күзеті қызметкерлерінің штат саны мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі ормандарды қорғау нормативтеріне сәйкес келеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
109	Бақылау субъектісінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың штат саны ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріндегі ормандарды қорғау нормативтеріне сәйкес келеді.	ЕҚТА		
110	Бақылау субъектісі өрт қауіпсіздігі ережесін сақтайды, ағаштар мен бұталардың сынуына және кесілуіне, орман дақылдарының бүлінуіне, ормандардың ластануына, құмырсқа илеулерінің, құс ұяларының зақымдануына жол бермейді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
111	Бақылау субъектісі жабайы өсетін азықтық орман ресурстарын, дәрі-дәрмектік шикізатты оларды молықтыруға нұқсан келтірмейтін мерзімде және тәсілдермен жинайды.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
112	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерінде мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық іс-шаралар жүргізуді автотұрақтарда, спорт алаңдарында, туристік маршруттармен және соқпақтарда, мемлекеттік орман иеленушінің рұқсатымен басқа да объектілермен жабдықталған арнайы бөлінген учаскелерде жүзеге асырады.	ОП		
113	Бақылау субъектісінде мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде объектілер орналастыру, жобалау, салу және пайдалануға беру кезінде орман пайдаланушылар ормандарды сарқынды сулардың, өнеркәсіп және коммуналдық-тұрмыстық тастандылардың, қалдықтар мен қоқыстардың теріс әсерінен қорғауды қамтамасыз ететін іс-шараларды көздейді және жүзеге асырады.	ОП		
	Бақылау субъектісі рәміздерді әзірлеу кезінде мынадай негізгі талаптарды сақтайды: эмблемада табиғат қорғау мекемесінің табиғи және/ немесе тарихи-мәдени кешендері мен объектілерінің тән ерекшеліктерін көрсететін сөздік, бейнелік және/ немесе көлемдік белгілер не олардың аралас үлгілері			

114	бейнеленеді, сондай-ақ оның мемлекеттік тілдегі атауы жазылды; жалау мемлекеттік табиғат қорғау мекемесінің эмблемасы мен мемлекеттік тілдегі толық атауы орналасатын мата түрінде болады. Жалау енінің оның ұзындығына ара-қатынасы - 1:2.	ЕҚТА		
115	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалануға мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган) және ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісіп алынатын ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын орман табиғаты мен оның құраушыларын тану, соның негізінде орман ресурстарын күзету, қорғау, молықтыру және ұтымды пайдалану жөнінде тәсілдер, әдістер және технологиялық процестер, оның ішінде жаңа техника жасау үшін кешенді және мамандандырылған (ботаникалық, зоологиялық, орман өсіру, орман-патологиялық, топырақтану және басқа да) ғылыми зерттеулер мен экспериментальдық жұмыстар (бұдан әрі - ғылыми-зерттеу жұмыстары) жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры аумағында орналасқан өзге де табиғи объектілерді зерделеу жатады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП, АП		
116	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерінде, су қорғау аймақтары мен алқаптарында жүргізілетін судың жай-күйіне әсер ететін экспериментальдық жұмыстарды су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарымен келісе отырып жүргізеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, ОП		
117	Бақылау субъектісі тәжірибелік-өндірістік тексерулер жүргізу мен ғылыми және конструкторлық талдамаларды орман шаруашылығы өндірісіне енгізу, тұрақты ағаш тұқымдары базасы объектілерін құру уәкілетті органмен келісе отырып осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.	ММ, ЕҚТА, РММО		
118	Бақылау субъектісінде жұмыстардың түрлері (стационарлық, далалық, бағыттық), ерекшелігі (ботаникалық, орман өсіру, топырақтану және басқалар), басталу және аяқталу мерзімдері, ғылыми зерттеулердің бағыттары, экспериментальдық объектілерді орналастыру орындары мен көлемі, пайдаланудың арнайы режимі, шектеулердің түрлері мен мерзімдері белгіленетін мемлекеттік орман қоры учаскелерінің алқабы көрсетіліп, орман пайдаланудың басқа түрлерінің шектеулері немесе оларға тыйым салушылықтар, аталған жұмыстарды жүргізудің басқа да ережелері уәкілетті органның	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

	немесе қарауында мемлекеттік орман қоры учаскелері болатын облыстық атқарушы органдардың және орман пайдаланушылардың арасында жасалатын ұзақ мерзімді орман пайдалану шартымен және (немесе) орман билетімен айқындалады.			
119	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалануды орманның экологиялық жүйелеріне және олардың құраушыларына нұқсан келтірмей жүзеге асырады.	ММ, ЕҚТА, РММО, ОП		
120	Бақылау субъектісінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу кезінде өсіп тұрған сүректі босату толысқан және қураған екпелерде жүзеге асырылады, бұл орайда бірінші кезекте, ағаш кесудің жоспарына қарамастан, өздерінің жай-күйіне қарай (өрт, жел, жауын-шашын, орман зиянкестері, ластайтын заттардың қалдықтары (тастандылары), басқа да қолайсыз әсер етулер салдарынан бүлінген) кесу талап етілетін екпелерді, өткен жылдардан кесілмей қалған ағашты, сөлі алынған сүректіңдерді кесу белгіленеді.	ММ, ОП		
121	Бақылау субъектісінде аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу кезінде өсіп тұрған сүректі босату орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу (сирексіту, тазарту, сирету, өтпелік кесу), санитарлық мақсатта іріктеп ағаш кесу, қайта жаңарту үшін ағаш кесу және құндылығы аз сүректіңдерді кесуге байланысты өзге де ағаш кесулер, сондай-ақ қорғаныштық, судан қорғау және басқа функцияларын жоғалта бастаған екпелерді кесу, жас шоғырларындағы жекелеген ағаштарды кесу кезінде жүзеге асырылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
122	Бақылау субъектісінде басқа да ағаш кесу кезінде өсіп тұрған сүректі босату үй және құрылыс салу, су тораптарының (су қоймаларымен толтырылатын аймақтарды қоса алғанда), құбырлар, жолдар, байланыс және электр беру желілерін салу және пайдалану үшін орман жерлерін тазарту жүргізген, пайдалы қазбаларды өндіру кезінде және орман жерлерін орман емес жерлерге белгіленген тәртіппен көшіруге байланысты өзге де жағдайларда, сондай-ақ орман соқпағын салу өртке қарсы ор қазу, орман өсіру, өртке қарсы, орман-мелиоративтік және басқа орман шаруашылық жұмыстарын жүргізу, санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесу, жойылуға тиіс қоқыстарды жинау кезінде жүзеге асырылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
123	Бақылау субъектісінде уақытша орман тұқымдық учаскелер ретінде бөлінген екпелерді орман сүректі ағаштарының тұқымдарын даярлау мақсатында бітік шыққан жылдарда ғана кесуге жол беріледі. Ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде уақытша орман тұқымдық	ММ, ЕҚТА, РММО		

	учаскелерін бөлу шартта көзделген жағдайларда жүргізіледі.			
124	Бақылау субъектісінде сүрек даярлауға, мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану мерзіміне қарамастан, ағаш кесу билеттері бойынша ғана р ұ қ с а т е т і л е д і . Ағаш кесу билетін мемлекеттік орман иеленуші нақты кеспеағаш аймағына жыл сайын береді және ол орман пайдаланушыға сүректі белгіленген көлемде және белгіленген мерзімде даярлау мен әкетуді жүзеге асыруға құқық беретін құжат болып табылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
125	Бақылау субъектісінде ағаш кесудің барлық түрлері жағдайында кеспеағаш аймағын әзірлеу технологиялық карталар бойынша жүргізіледі, онсыз ағаш кесу билеттері берілмейді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
126	Бақылау субъектісі заңсыз дайындалған, соның ішінде мемлекеттік орман қоры учаскесін пайдалану құқығын тоқтата тұру немесе тоқтату және ағаш кесу билетінің қолданылуын тоқтату туралы шешім шығарылғаннан кейін орман пайдаланушылар дайындаған, белгіленген мерзімдері өткеннен кейін әкетілмеген сүректі алады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
127	Бақылау субъектісі сүрек дайындауға ағаш кесу билетін алғаннан кейін ғана кіріседі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
128	Бақылау субъектісі өзендер мен жылғалардың арнасын ағызу, сондай-ақ ағашты сүйрету және ағаш тасу жолы ретінде пайдалануға жол бермейді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
129	Бақылау субъектісі қар жоқ кезеңде ағаштарды кесу мен кесінді қалдықтарынан алаңды тазарту арасындағы алшақтықтың 15 күннен асуына жол бермей, кеспеағаш аймағын тазалауды, сондай-ақ орманда өрт қаупі бар кезең басталғанға дейін қысқы кеспеағаш аймағын тазалауды іске асырады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
130	Бақылау субъектісі ағаш кесу және жол бойын тазалау, орман қоймаларын орналастыру, құрылыстар салу кезінде мемлекеттік орман қоры учаскелерін ластауға, сондай-ақ кесілген күйі салбырап қалған ағаштарды және үйінділерді қалдыруға жол бермейді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
131	Бақылау субъектісі тұқымдық, артықшылығы бар және басқа да кесілуге жатпайтын ағаштардың, өскіндердің кеспеағаш аймағына іргелес жатқан әрбір жағынан алғандағы ені 50 метр белдеулердегі екпелердің сақталуын, сондай-ақ орман орналастыру және орман шаруашылығы белгілерінің, ағаштар мен түбірлердегі жапсырмалардың бүтіндігін қамтамасыз етеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
	Бақылау субъектісі сүректі әкеткен және өзге жүктерді тасымалдаған кезде жолдарды, көпірлерді			

132	және орман соқпағын, сондай-ақ құрғату тораптарын , жол, гидро-мелиоративтік және басқа құрылғыларды, суағарларды, жылғаларды, өзендерді сақтау және олар бұзылған жағдайда өз есебінен тиісті жай-күйіне келтіреді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
133	Бақылау субъектісі ұзақ мерзімді орман пайдалануға құқығы бар орман пайдаланушылардың өтінімдері негізінде, оларға аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу мен өзге де ағаш кесуге арналған өздерінің өтінімдерін енгізе отырып, өсіп тұрған сүректі жыл сайын босатуға жиынтық материалдар қалыптастырады.	ММ		
134	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман иеленушілер ағаш кесу жүргізуге арналған кеспеағаш аймағын бөлу мен оны материалдық-ақшалай бағалауды орман орналастыру жобасына, ағаш кесу жоспарына сәйкес, сондай-ақ кеспеағаш аймағы ағаш кесуге түсуден бір жыл бұрын жергілікті халықтың отындық сүрекке деген қажеттерін ескере отырып жүргізеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
135	Бақылау субъектісі жыл сайын 15 қаңтардан кешіктірмей, мемлекеттік орман иеленушілерге, ұзақ мерзімді пайдалану шартына сәйкес ағаш кесу жүргізілген алаң және даярланған сүректің мөлшері, соның ішінде өткен жылғы іске жарамдылары (1 қаңтардағы жағдай бойынша) туралы, сондай-ақ әрбір ағаш кесу билеті бойынша (кеспеағаш) ағаш кесу аяқталмаған кеспеағаш аймағында өсіп тұрған сүректің алаңы мен кейінге қалдырылатын қалдықтары туралы жазбаша мәлімет ұсынады.	ОП		
136	Бақылау субъектісінде өсіп тұрған сүректі ағаштың алаңын және кесуге белгіленген санын ескере отырып босату кезінде сүректі оны даярлаумен бір мезгілде әкетуге рұқсат етіледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
137	Бақылау субъектісінде өсіп тұрған сүректі даярланған сүректің санын ескере отырып босату кезінде оны ағаш кесу билетінде көрсетілген уақытша орман қоймасына әкелуге ғана жол беріледі . Бұл сүректі әкетуге даярланған сүректің мөлшері куәландырылғаннан кейін рұқсат етеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
138	Бақылау субъектісінде сүректің өрт салдарынан бүлінген екпелерден даярланған санын ескере отырып, сондай-ақ боран сындыру мен жел құлатудан әзірлеу есебінен босату кезінде осы сүректерді есепке алу ұйымдастырылған жағдайда ғана оларды әкетуге рұқсат етіледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
139	Бақылау субъектісінде, егер сүрек темір жол мен тас жолдардың маңында орналасқан қоймаларға, қайта өңдеуге арналған қондырғыларға және құрылғыларға , сондай-ақ мемлекеттік орман иеленушімен келісілген және ағаш кесу билеттерінде көрсетілген орындарда орналастырылған жыл бойы жұмыс	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		



	істейтін ағаш тасымалданатын жолдардағы аралық қоймаларға әкелінсе, ол ағаш кесетін жерден әкетілген деп есептеледі.			
140	Бақылау субъектісінде су тораптарын, құбырлар, жолдар, байланыс және электр беру желілерін салуға, карьерлер әзірлеу мен пайдалы қазбалар өндіруге байланысты тазартылуға тиіс алаңдарда сүректі босату, сондай-ақ орман алаңдарын орман емес жерлерге көшіруге байланысты өзге де жағдайларда ағаш кесу, жобалау құжаттамаларында осы жұмыстарды жүргізу үшін белгіленген мерзімдерде жүргізіледі. Ағаш кесу билеттері бұл орайда ағымдағы жылда игеру көзделген сүрек мөлшеріне жыл ішінде жазылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
141	Бақылау субъектісі сүрек дайындауды және тасып әкетуді кейінге қалдыру мүмкіндігін орман пайдаланушының жазбаша өтініші бойынша береді, ол сүрек дайындауды немесе сүректі тасып әкетуді аяқтаудың белгіленген мерзімімен кеш берілмеуге тиіс.			
142	Бақылау субъектісі сүрек дайындау мерзімі кейінге қалдырылған ағаштардың және тасып әкетілмеген сүректің орман пайдаланушының өтінімінде көрсетілген мөлшерге сәйкестігіне бақылау тексеруін жүргізеді.			
143	Бақылау субъектісі реттелмелі туризм мен рекреацияны дамыту мақсатында ғимараттар мен құрылыстар салу (қайта жаңарту) үшін жер учаскелерін жалға беруді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілерді салуға конкурстар өткізу ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.	ЕҚТА		
144	Бақылау субъектісі жер учаскелерін жеке және заңды тұлғаларға ұлттық парктің аумағын мақсатты пайдалану мен зондылауды ескере отырып, оларды туристік соқпақтар мен бағыттар, демалу тұрақтары, шатырлы лагерлер, жағажайлар, тамашалау алаңдары үшін пайдалануға, сондай-ақ уақытша құрылыстарды (сауда орындары, дүңгіршектер, жазғы кафелер, қайық станциялары және жалға беру пункттері, жылжымалы вагондар, трейлерлер) орналастыру үшін 5 жылға дейінгі қысқа мерзімге жалға береді.	ЕҚТА		
145	Бақылау субъектісі жер учаскелерін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган бекіткен ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспортына сәйкес туристік соқпақтар мен бағыттар, демалу тұрақтары, шатырлы лагерьлер, жағажайлар, тамашалау алаңдары үшін, сондай-ақ уақытша құрылыстарды (сауда орындары, дүңгіршектер,			

	жазғы кафелер, қайық станциялары және жалға беру пункттері, жылжымалы вагондар, трейлерлер) орналастыру үшін пайдаланады.			
146	Бақылау субъектісі жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, заңды тұлға бірігу, біріктіру, бөліну немесе қайта құрылу нысанында қайта ұйымдастырылған, атауы өзгерген кезде ол отыз күнтізбелік күн ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттармен қоса, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш береді.	ОП		
147	Бақылау субъектісі лицензияның қолданылуы тоқтатылған кезде лицензиат он жұмыс күні ішінде лицензияны лицензиарға қайтарып береді.	ОП		
148	Бақылау субъектісінде мамандығы бойынша (ағаш дайындау, орман инженерлік ісі, ағаш өңдеу, орман шаруашылығы) жоғары кәсіби білімі немесе тиісті орта кәсіби білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар инженер-техник қызметкер - жауапты орындаушылары бар.	ОП		
149	Бақылау субъектісінде ағаш құлату, бұтақтар кесу, сүректі сүйрей тасу, сүректі тиеу және тасып әкету жөніндегі жұмыстарды жүргізуге үйретілген қызметшілер бар.	ОП		
150	Бақылау субъектісінде меншік құқығындағы материалдық-техникалық база бар: тарту күшінің сыныбы 14 кН-нан аспайтын (сүйреу және тиеу құрылғылары бар) сүректі сүйрей тасуға, тиеуге және тасып әкетуге арналған, тракторлардың немесе тарту күшінің сыныбы 40 кН-нан аспайтын арнайы сүйрей тасу тракторларының, ағаш тасушының, техникалық сипаттамалары бар әбзелдердің, аспаптар мен құрылғылардың, ағаш кесудің белгіленген жыл сайынғы көлемін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 ақпандағы № 141 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскілерінде ағаш кесу ережесімен белгіленген ағаш кесу жұмыстарын жүргізу кезінде ағаш өсіру - экологиялық талаптарын орындауды қамтамасыз ететін ағаштарды кесіп құлатудан бастап оларды тиеуге және тасып әкетуге дейінгі жұмыстар кешенін орындауға арналған бензин моторлы аралардың немесе ағаш кесу машиналары болады.	ОП		
151	Бақылау субъектісінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2004 жылғы 13 желтоқсандағы № 268 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ормандарында өрт қауіпсіздігі ережесінде көзделген өрт сөндіру жабдықтары мен құралдары бар.	ОП		
152	Бақылау субъектісінде еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасына жауапты маман бар.	ОП		

153	Бақылау субъектісі жеке және заңды тұлғалардың ағаштар мен бұталарды заңсыз кесіп және олардың өсуін тоқтату дәрежесіне дейін зақымдап, сүрек ұрлап келтірген залалдың мөлшерін есептеу үшін базалық ставкаларды қолданады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
154	Бақылау субъектісі жеке және заңды тұлғалардың ағаш және бұта тұқымдастарын, екпелерді, көшеттерді, орман фаунасы үшін пайдалы шөп өсімдіктерін жойып немесе зақымдап, ормандағы санитарлық ережелерді, ағаш кесу ережелерін бұзып келтірген залалдың мөлшерін есептеу үшін базалық ставкаларды қолданады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
155	Бақылау субъектісі жеке және заңды тұлғалардың жердің барлық санаттарында Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктерді заңсыз өндіріп, дайындап, зақымдап немесе жойып келтірген залалдың мөлшерін есептеу үшін базалық ставкаларды қолданады.	ММ, ЕҚТА, РММО		
156	Бақылау субъектісі орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларда көзделген жеке және заңды тұлғаларға талап-арыздарды есептейді және ұсынады .	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
157	Бақылау субъектісі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 1-күнінен кешіктірмей өзі тіркелген орны бойынша салық органдарына орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларда көзделген, келтірілген залал үшін бюджетке өндіріп алынған сома бойынша мәліметтер жібереді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
158	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман кадастрын жүргізу жөніндегі жұмыстарға қатысады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
159	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман кадастрын жүргізу үшін қажет материалдарды орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға береді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
160	Бақылау субъектісі есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ағымдағы өзгерістер мен орман қорының жай-күйі туралы мәліметтерді орман кадастрының материалдарына енгізеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
161	Бақылау субъектісі есепті жылдан кейінгі 20 қаңтарға дейін орман қорында болған өзгерістер туралы мәліметтерді уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ведомстволық тегіне қарай уәкілетті органның аумақтық органдарына немесе орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды қайта өндіру және өсіру саласындағы облыстық атқарушы органдарға береді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
162	Бақылау субъектісі ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізуді Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында бірыңғай жүйе бойынша жүзеге асырады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		

163	Бақылау субъектісі өтінім-лоттарды орман өсіру материалдарына сәйкес және орман ресурстары нарығының қажеттіліктері туралы ақпараттың негізінде әзірлейді.	ММ, ЕҚТА, РММО		
164	<p>Бақылау субъектісінде өтінім-лот мемлекеттік орман иеленуші куәландырған мына материалдарды қамтуға тиіс:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ықтимал орман пайдаланушы үшін орман телімдері мен орамдары желісін, соқпақтар мен жол желісін, аралас жер пайдалану белгісін және басқа да қажетті картографиялық ақпаратты қамтитын орман карталарының материалдары бойынша орындалған ұзақ мерзімді орман пайдалану учаскесінің абрисі;</li> <li>2) орман телімдері мен орамдарының тізбесі қосылған, апандар мен қажетті бағалау деректері көрсетілген учаскенің сипаттамасы;</li> <li>3) өтінім-лотқа енгізілген орман пайдаланудың әрбір түрі бойынша ресурстық деректер;</li> <li>4) өтінім-лотқа енгізілген орман пайдаланудың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы орман пайдаланудың қолданыстағы тексеру кезеңі шегіндегі рұқсат етілген көлемдері;</li> <li>5) өтінім-лотқа енгізілген орман пайдаланудың әрбір түрі бойынша салық заңнамасына сәйкес белгіленген ақы төлеу мөлшерлері;</li> <li>6) ұзақ мерзімді орман пайдалану учаскелеріне тікелей жақын маңда елді мекендердің бар-жоғы, оларда тұратын халықтың саны туралы мәліметтер, сондай-ақ жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуы, орман пайдаланудың дәстүрлі түрлері, әлеуметтік іс-шараларды іске асыруға және елді мекендердің инфрақұрылымын қолдауға қажеттіліктер туралы деректер.</li> </ol>	ММ, ЕҚТА, РММО		
	<p>Бақылау субъектісінде тендерге қатысушыға тапсыратын тендер өтінімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) үміткердің тендерге қатысуға келісімін қамтитын тендерге қатысуға берілген өтінімді және оның тендер талаптарын орындау және тиісті шарт жасасу жөніндегі міндеттемелерін;</li> <li>2) тендерге қатысушыға қойылатын талаптарға сай келетінін растайтын құжаттар тізбесін: заңды тұлғалар - нотариалды түрде куәландырылған жарғының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, салық төлеуші куәлігінің көшірмелерін; жеке тұлғалар - кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын нотариалды түрде куәландырылған құжаттың көшірмесін, сондай-ақ жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесін және салық төлеушінің куәлігін; тендерге қатысушының орман пайдалану құқығын растайтын лицензиялардың және/немесе патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың, басқа құжаттардың нотариалды</li> </ol>			

165	<p>түрде куәландырылған көшірмесін (не заңмен белгіленген нысанның көшірмесін); бухгалтерлік теңгерімді; тендер өтінімдері салынған конверттер ашылатын күннің қарсаңында үш айдан астам ішінде банк (банктер) алдында тендерге қатысушының мерзімі өткен берешегі жоқ екені туралы банктің (банктердің) анықтамасын; салықтық берешегі жоқ екені туралы салық органының анықтамасын; тендерге қатысушыда орман пайдалануды жүзеге асыру, ормандарды күзету, қорғау және молықтыру жөніндегі іс-шараларды өткізу үшін қажет қаражат пен өндірістік қуаттардың бар екені туралы құжаттарды (оның ішінде қызметкерлердің біліктілігі көрсетіліп олардың бар екені және саны, мамандықтары бойынша жұмыс стажы туралы құжаттарды);</p> <p>3) ормандарды күзетуге және молықтыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті халыққа қызметтер көрсетуге бағытталған ұсынылатын қосымша қызметтер мен жұмыстарды;</p> <p>4) тендер құжаттамасына сәйкес ұсынылуы қажет басқа да құжаттарды қамтуға тиіс.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО		
166	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман иеленуші тендер өткізілгенге дейін тендерге қатысушыларды тендерге қойылатын орман пайдалану учаскелерімен таныстырады.	ММ, ЕҚТА, РММО		
167	Бақылау субъектісінде тендер өтінімдерін бағалауды тендер комиссиясы конверттер ашылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізеді.	ММ, ЕҚТА, РММО		
168	Бақылау субъектісінде тендер комиссиясының шешімі бойынша ұсыныстары тендер құжаттамасында айтылған барлық талаптарға сай келетін және тендер шарттарын орындау бөлігінде таңдаулы болып табылатын қатысушы тендер жеңімпазы болып танылады. Назарға сондай-ақ ұсынылған тендер өтінімдерінің қосымша техникалық, біліктілік, ұйымдық және өзге де артықшылықтары алынуы мүмкін	ММ, ЕҚТА, РММО		
169	Бақылау субъектісінде басқа үміткерлер болмаған жағдайда, егер лот бойынша тендердің бірден-бір қатысушысы тендер өтініміне қойылатын негізгі талаптарды сақтаған және орман пайдалануды ұйымдастыру мен жүзеге асыру жөнінде ол жасаған ұсыныстар тендер шарттарына сай келетін болса, сол қатысушы тендер жеңімпазы болып танылады.	ММ, ЕҚТА, РММО		
170	Бақылау субъектісінде, егер тендерге қатысушылардың ұсыныстарын тендер комиссиясы тендер шарттарын қанағаттандырмайтын ұсыныстар деп таныса, ол өтпеді деп танылады.	ММ, ЕҚТА, РММО		
	Бақылау субъектісінде тендерге қатысушылар қатарынан оның жеңімпазын таңдау тендер			

171	комиссиясы мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда тендер комиссиясының отырысында жүргізіледі. Тендер комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және, егер оған тендер комиссиясының қатысып отырған мүшелері жалпы санының көпшілік даусы берілсе, қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.	ММ, ЕҚТА, РММО		
172	Бақылау субъектісінде тендер комиссиясының әрбір лот бойынша хаттамасына тендер комиссиясының қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ оның хатшысы қол қояды.	ММ, ЕҚТА, РММО		
173	Бақылау субъектісі тендер комиссиясының хаттамасы ұсынылғаннан кейін тендер жеңімпазына (жеңімпаздарына) хабарлама жібереді және он күн мерзімде онымен мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын жасасады.	ММ, ЕҚТА, РММО		
174	Бақылау субъектісі тендер нәтижелері туралы хабарды тендер өткізу туралы хабарландыру жарияланған баспа басылымында жариялайды.	ММ, ЕҚТА, РММО		
175	Бақылау субъектісі тендер нәтижелері туралы есепті тендер комиссиясының хаттамасына қол қойылғаннан кейін жеті күн мерзімде орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға ұсынады.	ММ, ЕҚТА, РММО		
176	Бақылау субъектісі есеп деректерін жыл сайын жаңартып отырады. Оны жаңартуға және есеп құжаттарына өзгерістер енгізуге орман өсіруді жоспарлау материалдары және орман иеленушілер: 1) шаруашылық қызметпен қамтылған немесе табиғи факторлар салдарынан өзгерістерге ұшыраған учаскелерді қаз-қалпында қуәландыру актілері; 2) мемлекеттік органдардың: жер учаскелерін орман қорының жерлері және (немесе) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері санатына енгізу; мемлекеттік орман қорының жерлерін алу; мемлекеттік орман қорын санаттарға жатқызу, бір санаттан басқасына ауыстыру, сондай-ақ ерекше қорғаныштағы учаскелерді бөліп алу; орманды жерлерді орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты мақсаттарда пайдалану үшін оларды мемлекеттік орман қорындағы ормансыз жерлерге ауыстыру; ормансыз жерлерді мемлекеттік орман қорындағы орманды жерлерге ауыстыру; мемлекеттік орман қорының жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттар жеріне ауыстыру және (немесе) мемлекеттік орман қорының жерлерін	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		

	<p>мемлекеттік қажеттіліктер үшін алу жөніндегі шешімдері негізінде орман қоры есебінің деректеріне жыл сайын енгізіліп отыратын деректер негіздеме болып табылады.</p>			
177	<p>Бақылау субъектісі есеп жүргізу үшін қажетті материалдарды : өздерінің қарауындағы мемлекеттік орман иеленушілер бойынша облыстық атқарушы органдар және өзге де мемлекеттік органдар; уәкілетті органның қарауындағы мемлекеттік орман иеленушілер ; жекеше орман иеленушілер уәкілетті органның аумақтық органдарына береді.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
178	<p>Бақылау субъектісі мемлекеттік орман иеленушілер тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей өзінің орналасқан жері бойынша салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтер береді.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
179	<p>Бақылау субъектісі төленуге тиіс төлемақы мөлшерін : сүректі түбірімен босатқан кезде – Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген коэффициенттерді ескере отырып, орман пайдалану көлеміне және төлемақы ставкаларына сүйене отырып ; орман пайдаланудың өзге түрлері кезінде – орман пайдалану көлеміне және (немесе) алаңына, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары белгілейтін орман пайдаланудың өзге түрлері үшін төлемақы ставкаларына сүйене отырып айқындайды.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
180	<p>Бақылау субъектісі төлемақы сомасын бюджетке орман пайдалану объектісі орналасқан жері бойынша мынадай мерзімдерде : 1) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде – орман пайдаланудың жыл сайынғы көлемінің жалпы сомасының тең үлестерімен тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей; 2) қысқа мерзімді орман пайдалану кезінде – рұқсат құжаттарын алғанға дейін немесе сол күні төленеді. Бұл ретте рұқсат құжатында төлем құжатының деректемелері көрсетіле отырып, ақы төлеудің жүргізілгені туралы белгі қойылады; 3) түбірімен босатылатын сүрек үшін – жазылып берілген ағаш кесу билеттері бойынша жылдық төлемақы сомасының тең үлестерімен тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірілмей төлейді.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
	<p>Егер сүректі түбірімен, шайырды, ағаш шырындарын және қосалқы орман ресурстарын босату кезінде дайындалған сүректің, шайырдың, ағаш</p>			

181	шырындарының және қосалқы орман ресурстарының жалпы көлемі ағаш кесу билетінде көзделген көлеммен (алаңмен) сәйкес келмеген жағдайда бақылау субъектісі нақты дайындалған көлем үшін төлемақы сомасына қайта есептеу жүргізеді. Қайта есептеу кезінде белгіленген төлемақы сомасы оны төлеудің кезекті мерзімінде төленеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
182	Бақылау субъектісі төлемақы сомасын төлеу банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару, не оны уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша қатаң есептілік бланкілерінің негізінде мемлекеттік орман иеленушілер қассасына қолма-қол ақшамен енгізу жолымен жүргізеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
183	Бақылау субъектісі қолма-қол ақшамен қабылданған төлемақы сомаларын мемлекеттік орман иеленушілер кейіннен оларды бюджетке есепке алу үшін ақша қабылдау жүзеге асырылған операциялық күннен кейінгі күннен кешіктірмей банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға тапсырады. Егер қолма-қол ақшаның күн сайынғы түсімдері айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшерінен аз болған жағдайда бюджетке есептелетін ақшаны тапсыру ақша қабылдау жүзеге асырылған күннен кейінгі үш операциялық күнде бір рет жүзеге асырылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
184	Бақылау субъектісі республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану қажеттілігі туындайтын тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған 0,1 айлық есептік көрсеткіш есебінен ерекше қорғалатын табиғи аумақта болған әрбір күн үшін айқындалады.	ЕҚТА		
185	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың шекарасындағы жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушы жеке және заңды тұлғалар: 1) жұмыскерлерді пайдаланған кезде – әрбір жұмыскер үшін; 2) ерекше қорғалатын табиғи аумақта стационарлық емдеу, демалыс мекемелері, спорттық-сауықтыру мекемелері болған кезде – осындай мекемелерде болатын әрбір жеке тұлға үшін төлемақы енгізеді. Жеке тұлға төлемақы сомасының төленгенін растайтын құжат көрсеткен кезде қайталап төлемақы алынбайды.	ЕҚТА		
186	Бақылау субъектісі төлемақы сомасы ерекше қорғалатын табиғи аумақ орналасқан жер бойынша төлейді	ЕҚТА, ЖА, ОП		



187	Бақылау субъектісі төлемақы сомасын бюджетке төлеуді банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару, не оны бақылау-өткізу пункттерінде, не Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамалық актісінде айқындалған табиғат қорғау ұйымдары орнататын өзге де арнайы жабдықталған орындарда уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қатаң есептілік бланкілерінің немесе аталған соманы растайтын бақылау-касса машиналары чегінің негізінде қолма-қол ақшамен енгізу жолымен жүргізеді.	ЖА, ВС, ОП		
188	Қолма-қол ақшамен қабылданған төлемақы сомаларын «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған табиғат қорғау ұйымдары кейіннен оларды бюджет есебіне жатқызу үшін ақша қабылдау жүзеге асырылған операциялық күннен кейінгі күннен кешіктірмей банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға тапсырады. Егер қолма-қол ақшаның күн сайынғы түсімі айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшерінен кем болса, ақшаны тапсыру, ақша қабылдау жүзеге асырылған күннен кейінгі үш операциялық күнде бір рет жүзеге асырылады.	ЕҚТА		
189	Бақылау субъектісі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жануарлар дүниесі ресурстарын және орман ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеуді Қазақстан Республикасының заңнамаларымен сәйкес жүргізеді.	ЕҚТА, АП, ОП, ЖА		
190	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүрек дайындауды ағаш кесудің мына түрлерін жүргізу тәртібімен жүзеге асырады: 1) пісіп-жетілген және кураған сүрекдіндерде жүргізілетін басты мақсатта пайдалану; 2) аралық пайдалану (орманды күтіп-баптау мақсатында кесу, іріктеп санитарлық мақсатта кесу және құндылығы аз орман екпелерін, сондай-ақ қорғаныштық, су қорғау және басқа да функцияларынан айырыла бастаған екпелерді қайта жаңғыртуға байланысты кесу, балауса талдар ішіндегі бірлі-жарым ағаштарды кесу); 3) өзге де кесу (жаппай санитарлық кесу; су тораптарын, өткізгіш құбырларды, жолдарды салуға байланысты; орман соқпақтарын тарту, өртке қарсы жыралар қазу; өтімді қоқысты жинау кезінде орман алаңдарын тазарту; өзге де мақсаттарда кесу) түрлерін жүргізу тәртібімен жүзеге асырылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
191	Бақылау субъектісі мемлекеттік орман қорының учаскелерінде ағаш кесуді баурайдың құламасы мен экспозицияларын ескере отырып жүзеге асырады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

192	Бақылау субъектісі ағаш кесудің жыл сайынғы ықтимал көлемін және оны жоспарлауды кейінгі өзгерістерді ескере отырып, орман орналастыру материалдары бойынша айқындайды.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
193	Бақылау субъектісінде орман учаскелерін қаз-қалпында кесуге алдын ала іріктеуді орманшы немесе оның тапсырмасы бойынша орманшының көмекшісі жүргізеді. Жекелеген учаскелердің таксациялық сипаттама мен планшеттер деректеріне сәйкес келмеуі анықталған жағдайда тиісті түзетулер енгізіледі (актілер жасала отырып) немесе олар кесуден алынып тасталады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
194	Бақылау субъектісі кеспеағаш аймағын бөлуді, ағаштарды қайта есептеуді және таңбалауды 02.03.2004 ж. № 32 Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде кеспеағаштарды бөлу және таксациялау нұсқаулығына және 04.05.2003 ж. № 100 Қазақстан Республикасының орман қорында таңбалауды қолдану ережесіне сәйкес жүргізеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
195	Бақылау субъектісі дайындау жұмыстары жүргізілгенге және оны қаз-қалпында бөлгенге дейін әрбір кеспеағашқа технологиялық карта жасайды, онда ағаш кесу және сүректі, сүйретіп тасу, ағашы кесілген жерлерді кесу қалдықтарынан тазарту тәсілдері, орманды молықтыру әдісі; ағаш тасу жолдарын, оны сүйретіп шығаратын қиғаш және соқпақ жолдарды, тиеу алаңдарын орналастыру схемасы, қоймалар, механизмдер тұрақтары және жұмысшыларға қызмет көрсету объектілері орналасқан орындар; кесуге жатпайтын өскіндер мен жас шыбықтар сақталуға тиіс алаңдар, күзет аймақтарына алынған ағаштар, құмырсқа илеулері; топырақты эрозиядан қорғау және сүректің қалған бөлігін сақтау жөніндегі талаптар көрсетіледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
196	Технологиялық карталарды қарауында мемлекеттік орман қоры бар орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері немесе ұйымдар (бұдан әрі - орман мекемелері) жасайды, оның директоры - бас орманшы (бұдан әрі - бас орманшы) бекітеді. Егер орман пайдаланушыға мемлекеттік орман қорының орманшылық мөлшеріндегі учаскелері сүрек дайындау үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға бекітіп берілген жағдайда орман пайдаланушыға бекітіп берілген кеспеағаштың технологиялық карталарын орман пайдаланушының мамандары әзірлейді және ағаш кесу билетін беретін орман мекемесінің бас орманшысына бекітуге ұсынады. Егер технологиялық картада Ағаш кесу ережесінен ауытқушылыққа жол берілсе, онда орман мекемесінің нұсқауы бойынша оған өзгерістер енгізіледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		

197	Бақылау субъектісі кеспеағашты игеруді бекітілген технологиялық карталарға қатаң сәйкестікте жүргізеді және міндетті түрде ағаш кесу билетіне қоса тіркейді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
198	Бақылау субъектісі кеспеағаш жұмыстары басталғанға дейін технологиялық картаға сәйкес қаз-қалпында кеспеағашты алаңшаларға бөлуді, тиеу алаңдарын, қоймаларды, магистралдық және алаңшалық сүйретіп шығару жолдарын, сүйрету қондырғыларының арқандарына арналған жолдарды шектеуді, қауіпті ағаштарды жинауды және басқа да жұмыстарды жүргізеді. Жер бедері тегіс болған жағдайда алаңшалар түзу сызықты нысаналармен бөлінеді. Ағын сулармен және төбешіктермен қатты бүлінген учаскелердегі алаңшалардың шекарасы олар үшін белгіленген ені сақталып, қисық сызықты болуы мүмкін.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
199	Бақылау субъектісі жазық жерлердегі кеспеағаштарды жел қатты соғатын жаққа ұзын жағымен көлденең тартады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
200	Бақылау субъектісі тау жағдайында орманның ағаш кесілетін учаскелерін жергілікті жер бедерін ескере отырып бөледі. Кесуге белгіленген учаскелерді шектейтін сызықтар мүмкіндігінше табиғи шекаралармен (су бөліктерімен, жолдармен, жыралармен және басқалар) ұштастырылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
201	Бақылау субъектісінде технологиялық карта кеспеағаштарды алаңшаларға шектеуді және жазықта ені 3-5 метрлік және таулы жерлерде 5-7 метрлік ағаш сүйрету жолдарын (технологиялық дәліздер) тартуды көздейді. Оларды табиғи кедергілерден айналып өтуді ескере отырып (шығыңқы тастар, батпақты учаскелер, өскіндер шоғыры және сол сияқтылар) орналастырады. Соқпаққа шыға берісте ағаш сүйрету жолдары ені жазықта - 7 метрге дейін және таулы жағдайларда 9 метрге дейін айналып өтетіндей мөлшерде болуы тиіс. Олардың бұрылыстарындағы тосқауыл ағаштарды механикалық зақымданудан арнайы қаптамалармен немесе дәнекерленген айырлармен қорғау керек.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		
202	Бақылау субъектісі технологиялық дәліздер ретінде табиғи сүрекдіндерде бірінші кезекте бар жолдар, сүректің соқпақтары, соқпақтар және ағаштар арасындағы ашық жерлерді пайдаланады. Ағаш кесу учаскесінде олар жергілікті болған жағдайда технологиялық дәліздер кесілмейді.	ММ, ЕҚТА, РММО		
203	Бақылау субъектісінде кесілген ағаштар мен дайындалған сортименттерді жинау орындары және сүрек тиеу бекеттері мүмкіндігінше жолдар мен орамдық соқпақтарда, алаңқайларда, ашық жерлерде және орман көмкермеген басқа да жерлерде			

	<p>о р н а л а с а д ы .</p> <p>Ағаш сүйрету жолдары мен тиеу алаңдарын ерекше қорғалатын учаскелер шегінен тыс жерлерде және су арналарының бойымен орналастырылған.</p>	<p>ММ, ЕҚТА, РММО, МО</p>		
204	<p>Бақылау субъектісі ағаш сүйрету жолдары мен тиеу бекеттерінің технологиялық желісін ағашты кесудің басқа да түрлері мен әдістерін және орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізу кезінде олардың қайталап пайдаланылуын ескере отырып ұйымдастырады.</p>	<p>ММ, ЕҚТА, РММО, МО</p>		
205	<p>Бақылау субъектісі ағаш кесу бойынша дайындық жұмыстарын тексеруді мемлекеттік орман күзетінің қызметкерлері әрбір орманшылық пен орман иелігі бойынша қаз-қалпында кесу басталғанға дейін жүргізеді .</p> <p>Тексеру процесінде алаңы, сүректің жасы, құрамы және ағаш кесудің түрі бойынша учаскенің бекітілген жоспарға сәйкес келуі анықталады. Учаскелерді шектеу бойынша қаз-қалпындағы жұмыстардың сапасы (қажет болған жерлерде нысаналарды кесу мен тазалаудың мұқияттылығы, бұрыштарда тиісті жазбалары бар бағаналардың болуы және т.б.), таксациялық жұмыстардың орындалу дұрыстығы: ағаштардың сапалық санаттарға бөлінуі, биіктік разрядтардың белгіленуі және сортименттік кестелердің таңдалуы, ағаштардың қайта есептелуі, кеспеағаштың материалдық және ақшалай бағалануы анықталады.</p>	<p>ММ, ЕҚТА, РММО, МО</p>		
206	<p>Бақылау субъектісі басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді мемлекеттік орман қорының "егістік және топырақ қорғайтын ормандар" санатының пісіп-жетілген және қураған сүректіңдерінде және мемлекеттік орман қорының "өзендер, көлдер, су қоймалары, арналар және басқа да су объектілері жағалауларындағы тыйым салынған орман белдеулері" санатының бұтақшалану жолымен қалпына келетін жайылма жапырақты сүректіңдерде жүргізеді .</p> <p>Мемлекеттік орман қорының санатына, өсіп тұрған жерінің жағдайларына, ағаш тұқымдарының биологиялық ерекшеліктеріне, екпелердің жас құрылымына, пісіп-жетілуіне, баурайлардың құламасы мен экспозицияларына, топырақтың эрозияға қарсы төзімділігіне, басты тұқымдар өскіндерінің болуына және олардың жай-күйіне қарай осы Ережеге сәйкес басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесілетін жекелеген екпелерде мақсаты бойынша шектеулер белгіленеді.</p>	<p>ММ, ОП</p>		
207	<p>Бақылау субъектісін Ағаш кесу ережесінің көрсетілген мемлекеттік орман қоры санаттарында басты мақсатта ағаш кесу белгіленбейтін ерекше қорғаныштық учаскелерді бөліп алады.</p>	<p>ММ</p>		

208	<p>Бақылау субъектісі басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді сондай-ақ құнды, сирек кездесетін, эндемикалық және құрып бара жатқан ағаш тұқымдары (самырсын қарағай, шарын шағаны, сағақты емен, грек жаңғағы, арша, Семенов үйеңкісі, тораңғыл, ақ сексеуіл, таудаған, шеркес, қайыңтоз, ақ қараған, тікенекағаш, қандағаш, шетен, жиде, алма ағашы, алмұрт, өрік, пісте, тұт, миндаль, шие) және талдарды, жыңғылды және сары қарағанды қоспағанда, Қызыл кітапқа енгізілген басқа да тұқымдар, барлық бұталар басым екпелерде белгілемейді.</p>	ММ, ОП		
209	<p>Бақылау субъектісі екпелерді өзге де бірдей жағдайларда басты мақсатта пайдалану үшін кесуге мынадай ретпен белгілейді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өзінің жай-күйіне қарай кесуді қажет ететін пісіп-жетілген және қураған орман учаскелері, толық кесілмеген ағаштар және өткен жылдардың пайдаланылмаған кеспеағаштары, шайыры ағып таусылған екпелер;</li> <li>2) шымылдығындағы басты тұқым қанағаттанарлық дәрежеде түлеген (жуандығы 0,3 - 0,4) шіріген және жіңішке аласа екпелер;</li> <li>3) өзінің өсу қабілетін жоғалтып бара жатқан жапырақты ормандар;</li> <li>4) бірінші қабаттағы пісіп-жетілген бөлігінің жуандығы 0,3 және одан жоғары, ал екінші қабаттағысы - 0,4-тен кем болмайтын қос қабатты екпелер;</li> <li>5) кескен соң 1-2 жыл ішінде ағашы кесілген жерлерде алдын ала дақылдарды немесе орман дақылдарын отырғызған жағдайда шымылдығында қанағаттанарлық дәрежеде не қанағаттанғысыз түлеген (шәкіл бойынша) жуандығы 0,3-0,5 екпелер;</li> <li>6) жуандығы 0,5 және одан жоғары таза және аралас әртүрлі жастағы екпелер;</li> <li>7) қураған екпелер;</li> <li>8) басқа да пісіп-жетілген екпелер</li> </ol>	ММ		
210	<p>Бақылау субъектісін жазық жерлердегі ормандар мен Қазақтың шағын адырлы ормандарында басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді тұтастай тар кеспеағаштық және ерікті-іріктеп кесу түрінде жүргізеді.</p>	ММ, ОП		
211	<p>Бақылау субъектісі шағын адырлы ормандар бойынша және жазық жерлер бойынша шоқ ағашты ормандардың оңтүстік шетінің екпелерінде олардың өсіп тұрған кезіндегі жоғары рөлі мен молықтырудың қиындығы салдарынан басты мақсатта ағаш кесуді жүргізбейді. Оларда орманға күтім жасау мақсатында кесу мен санитарлық кесу ғана белгіленеді. Жаппай санитарлық кесу болған алаңдарда кесуден кейінгі алғашқы жылы-ақ орман дақылдары отырғызылады.</p>	ММ, ОП		

212	<p>Бақылау субъектісін орманды далалық және далалық аймақтардың байырғы шоқ ағашты ормандарында көлемі 5 гектардан астам орман учаскелерінде ағаш өскіндерінің болуына және сүректіңнің жуандығына қарамастан жаппай тар кеспеағаштық кесуді жүргізеді.</p> <p>Кеспеағаштың ені - 40 метрге дейін немесе екпе биіктігінің екі еселік мөлшерінен аспайды, кеспеағаштың ұзындығы орам өлшемдерімен шектеледі, алаңы - 5 гектардан аспайды, жанасуы - ықтырмалы жанасу. Телімнің ені кемінде 100 метрден кем болған жағдайда жанасуы - бір белдеуден кейін (бір кеспеағаштан кейін), жанасу мерзімі - 2 жыл. Кесу жылы жанасу мерзіміне қосылмайды.</p> <p>Кеспеағаштар ұзын жағымен жел қатты соғатын жаққа көлденең тартылады. Ағаш кесудің бағыты - жел қатты соғатын жаққа қарсы. Алаптың жел өті жағында соңғы кеспеағаш кесілгеннен кейін 2 жылдан соң кесілетін кеспеағаштың ені шегінде қорғаныштық белдеу қалдырылады.</p> <p>Сүректіңнің жуандығына және ағаш өскіндерінің болуына қарамастан көлемі 5 гектардан кем шоқ ағаштарда олардың қорғаныштық әсерін сақтау мақсатында жаппай тар кеспеағаштық кесу екі кезекте жүргізіледі. Бірінші кезекте оның жел өтіндегі жартысы кесіледі. Шоқ ағаштың екінші жартысы ағашы кесілген жерді ойдағыдай қалпына келтіру және өскіннің биіктігі 1,5 метрден асуы үшін қажет мерзім аяқталғаннан кейін іріктеп алынады. Шоқ ағаштың кесіп алынған бөлігі қанағаттанарлық дәрежеде қалпына келмеген жағдайда онда орман дақылдары отырғызылады; екпелердің екінші жартысы олар отырғызылғаннан кейін үш жылдан соң кесуге белгіленеді</p>	ММ, ОП		
213	<p>Бақылау субъектісін басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу рұқсат етілген жайылма сулардағы жапырақты сүректіңдерде кеспеағаштың енін 25 метрден аспайтын мөлшерде белгілеп, ұзына бойымен өзен арнасына немесе көл жағалауының шетіне қарама-қарсы орналастырады. Кеспеағаштың ең үлкен көлемі - 1,5 га. Ағаш кесу бағыты - өзен ағысына немесе қатты соғатын желдерге қарама-қарсы. Кеспеағаштардың жанасуы - бір жолақтан кейін (бір кеспеағаштан кейін), жанасу мерзімі - 2 жыл, және де кесу жылы жанасу мерзіміне қосылмайды</p>	ММ, ОП		
214	<p>Бақылау субъектісі табиғи өскен сары қараған жыңғылдарында немесе басты тұқым жойылғаннан кейін қалған жасанды жолмен өскен екпелерде</p>	ММ, ОП		

	жаппай кеспеағаш кесуді жүргізеді. Кеспеағаштардың ені - 40 метрге дейін, тікелей жанасу мерзімі - 2 жыл			
215	Бақылау субъектісі шоқ ағашты ормандарда ағаш өскіндерін өсіру үшін ағаш кесудің оңтайлы мерзімін - қазан айынан сәуір айының ортасына дейінгі мерзімді сақтайды. Ағаш дайындау кезінде томарды жаруға және оның қабығын сыдыруға жол берілмейді. Егер ағашы кесілген жерлерде кейіннен орман дақылдары отырғызылатын болса, кесу мерзіміне шек қойылмайды.	ММ, ОП		
216	Бақылау субъектісі Қазақтың шағын адырының қарағайлы ормандарында ерікті-іріктеп және жаппай кеспеағаш кесуді жүргізеді. Ерікті-іріктеп кесу құламасы 21-30 градус барлық экспозицияның баурайларында өсетін жуандығы 0,6-1,0 орманның ылғалды, таза және құрғақ түрлері қарағайының қарапайым және күрделі, таза және аралас бір жастағы және әртүрлі жастағы екпелерінде және құламалығы 0-20 градус тік қияның барлық экспозицияның баурайларында өсетін орманның құрғақ түрлерінің дәл осындай екпелерінде жүргізіледі. Жуандығы 0,8-1,0 сүректіңдерде қордың 20-25 пайызы, ал жуандығы 0,6-0,7 екпелерде - 15-20 пайызы тандап алынады. Барлық жағдайда сүректіңнің жуандығы 0,5-тен кемімейді. Кеспеағаш көлемі 10 гектарға дейін. Келесі ағаш кесу кезеңі қарапайым сүректіңдер жуандығының 0,6-ға және одан көп мөлшерге немесе бірінші қабаттың жуандығы 0,3 және одан көп мөлшерге жетуіне және екінші қабаттың жуандығы жас талдар үшін кемінде 0,4, орта жастағылары үшін - 0,3 болып күрделі екпенің қалыптасуына қарай жүргізіледі	ММ, ОП		
217	Бақылау субъектісі жаппай кеспеағаш кесуді құламалығы 20 градусқа дейінгі барлық экспозициялардың баурайларында өсетін орманның таза және ылғалды түрлерінің қарапайым таза және аралас бір жастағы және әртүрлі жастағы екпелерінде жүргізеді. Қарағай жеткілікті түрде қалпына келмейтін екпелерде олар алғашқы 2 жылда қарағай дақылдарын отырғызу арқылы жүзеге асырылады. Кеспеағаш ені 40 метрден аспайды, көлемі - 2 гектарға дейін. Жанасу мерзімі - кесу жылын есептегенде 5 жыл. Кеспеағаштардың жанасуы - тікелей. Кеспеағаштар ұзын жағымен жел қатты соғатын жаққа қарама-қарсы, құламалығы 10 градустан астам баурайларда көлденең тартылады, ағаш кесудің бағыты баурай бойынша жоғарыдан төмен қарай.	ММ, ОП		

218	<p>Бақылау субъектісі Қазақтың шағын адырының жапырақты ормандарында жаппай кеспеағаштық және ерікті-іріктеп кесуді жүргізеді. Ағаш өскіндерінің болуына қарамастан жуандығы 0,3-1,0 байырғы қайындар мен көктеректерде, сондай-ақ қарағай өскіні жоқ қолдан өсірілген сүрекдіңдерінде Ағаш кесу ережесінің 29, 32-тармақтарына сәйкес жаппай кеспеағаш кесу жүргізіледі. Кеспеағаштың ең үлкен ауданы баурайдың құламалығы және шоқ ағаштың 2 гектарға дейінгі көлемі ескеріле отырып белгіленеді. Құламалығы 10 градустан асатын баурайларда олар ұзын жағымен көлденең тартылады, кесу бағыты баурай бойынша жоғарыдан төмен қарай. Туынды екпелерде кесуден кейінгі бірінші жылы қарағай дақыл отырғызылады. Жанасу мерзімі - олар отырғызылғаннан кейін 3-5 жыл.</p>	ММ, ОП		
219	<p>Бақылау субъектісі қарағаймен араласқан туынды сүрекдіңдерде және қанағаттанарлықтай дәрежедегі қарағай өскіні бар таза жапырақты екпелерде Ағаш кесу ережесінің 24-тармағында көзделген технология бойынша ерікті-іріктеп кесуді белгілейді. Бұл ретте жапырақты ағаш тұқымдарын қылқан жапырақты ағаштарға алмастыру мақсаты көзделеді. Кезектердің қайталануы - 15 жыл, кеспеағаштар көлемі 10 гектарға дейін.</p>	ММ, ОП		
220	<p>Бақылау субъектісі аралдағы қарағайлы ормандарда ерікті-іріктеп және жаппай кеспеағаш кесуді жүргізеді.</p> <p>Ерікті-іріктеп кесу өсіп тұрған жерінің құрғақ жағдайларында қарапайым және күрделі, таза және аралас бір жастағы және әртүрлі жастағы жуандығы 0,6-1,0 қарағай екпелерде жүргізіледі. Жуандығы 0,8-1,0 қарапайым және күрделі сүрекдіңдерде қор бойынша іріктеу қарқындылығы 25-30 пайызды, жуандығы 0,6-0,7 болса - 15-20 пайызды құрайды.</p> <p>Ерікті-іріктеп кесуді өткізу кезінде сүрекдіңнің жуандығы 0,5-тен көп төмендемейді.</p> <p>Кесудің кейінгі кезектері қарапайым сүрекдіңдердің жуандығы 0,6-ға және одан көп мөлшерге жетуіне немесе бірінші қабаттың жуандығы 0,3 және одан жоғары күрделі екпелердің қалыптасуына, ал екінші қабатта жас шыбықтар үшін пісіп-жетілу - кемінде 0,4, орта жастағылар - 0,3-ке жетуіне қарай жүргізіледі.</p> <p>Күрделі екпелерде ерікті-іріктеп кесу пісіп-жетілген бөлігін сирету арқылы жүргізіледі. Екінші қабаттың жуандығы 0,4 және одан жоғары болған жағдайда оның қорының 50 пайызына дейін, ал жуандығы 0,3 болған жағдайда - 30 пайызына дейін іріктеп алынуы мүмкін.</p> <p>Кеспеағаштың ең үлкен ауданы 10 гектарға дейін</p>	ММ, ОП		



221	<p>Бақылау субъектісі қарағайдан тұратын екінші қабаты бар қарапайым және күрделі әртүрлі жастағы, таза және аралас екпелерде ағаш өскіндерінің болуына қарамастан орманның жас және ылғалды түрлерінде жаппай тар кеспеағаштық кесуді жүргізеді.</p> <p>Әртүрлі жастағы екпелерде кесуге орманның пісіп-жетілген және қурап қалған ұрпақтарының ағаштары ғана белгіленеді.</p> <p>Кеспеағаштың ені - 40 м, көлемі - 2 гектарға дейін. Кеспеағаштардың тікелей жанасу - мерзімі кесу жылын есептемегенде 5 жыл. Кеспеағаштың бағыты - жел қатты соғатын жаққа көлденең, кесу бағыты - жел қатты соғатын жаққа - қарсы.</p> <p>Қарағайдың қалпына келуі жеткіліксіз екпелерде олар алғашқы екі жылы қарағай дақылдарын жасау арқылы жүргізіледі</p>	ММ, ОП		
222	<p>Бақылау субъектісі аралдағы қарағайлы ормандардың жапырақты екпелерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді Қазақтың шағын адырының жапырақты ормандарында көзделген нормативтер мен технологияларға сәйкес жүргізеді.</p>	ММ, ОП		
223	<p>Бақылау субъектісі жел эрозиясына шыдамды топырақта (саздақ, сазды, тақырлау) өсетін қара сексеуіл екпелерінде қара сексеуілді де, ақ сексеуілді де жинай отырып, жаппай кеспеағаштық кесуді жүргізеді.</p> <p>Кеспеағаш ені 75 метрге дейін. Жанасу тәсілі - бір белдеуден кейін, жанасу мерзімі - 3 жыл. Қалдырылған белдеулер кесуге бұдан бұрын ағашы кесілген белдеулерде 1 гектарда 3-5 жастағы 500 данадан астам сексеуіл өскіні болған жағдайда немесе оларды орман көмкерген жерлерге ауыстыруды қамтамасыз ететін сандық нормативтік көрсеткіштер болған жағдайда орман дақылдары отырғызылғаннан кейін 3-4 жылдан соң белгіленеді.</p> <p>Табиғи түлеуді есепке ала отырып, басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу белгіленген сексеуіл тоғайларында мал жаю кесуден 5 жыл бұрын тоқтатылады және кесуден кейін 5 жыл бойы жүргізілмейді.</p> <p>Өскінмен қайта жаңғырған 300-ден аз данасы бар немесе 1 гектарда 3-5 жастағы сексеуіл өскінінің 500-ден аз данасы бар ағашы кесілген жерлер қанағаттанарлықсыз түрде қайта жаңғыртылған жағдайда оларда орман дақылдарын отырғызу қажет.</p> <p>Аралас түрде қайта жаңғырту кезінде тұқымдық өскіннің жалпы санын 0,6 коэффициентке көбейтеді және бәрін өскін баламасымен көрсете отырып өскінмен қайта жаңару көрсеткішіне қосады.</p> <p>Сексеуіл екпелерінде ағаш кесу тұқым пісіп-жетілгеннен және вегетация тоқтатылғаннан кейін:</p>	ММ, ОП		

	<p>1) жусанды-тұзды шөлейттің солтүстік кіші аймағында (Алматы облысы, Жамбыл облысының шығыс бөлігі, Солтүстік Арал өңірі) кеспеағаштарды табиғи қайта жаңғыртуға бағдарлау кезінде және 1 гектарда 30 жасқа дейінгі сексеуілдің кем дегенде 300 данасы немесе өскіннің 500 данасы немесе өскін беруге қабілетті даналар мен өскіндердің қажетті жиынтық мөлшері болған жағдайда - желтоқсаннан наурызға дейін;</p> <p>2) оңтүстік кіші аймақта (Жамбыл облысының батыс бөлігі, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары) - жоғарыда айтылғандар минимумнан жоғары болған жағдайда - желтоқсаннан ақпанға дейін жүргізіледі. Ағашы кесілген жерлерде екпелерді жасанды жолмен қалпына келтіру кезінде сексеуілді бүкіл жыл бойына сындыруға рұқсат етіледі.</p>			
224	<p>Бақылау субъектісі ерекше қорғаныш учаскелерін қоспағанда, "өзендер, көлдер, су қоймалары, арналар және басқа да су объектілері жағалауларындағы тұйым салынған орман белдеулері" мемлекеттік орман қоры санатының өскін арқылы қайта жаңғыратын су жайылмалы жапырақты сүрекдіндерде жаппай тар кеспеағаштық кесуді белгілейді. Бұл ретте көлемі 1 гектардан асатын барлық телімдер ені 40 метрге дейінгі кеспеағаштарға бөлінеді, жанасуы - ықтырмалы (2 кеспеағаштан кейін), ал телімнің ені 80 метрден кем болған кезде - бір белдеуден кейін (бір кеспеағаштан кейін), кесу жылын есептемегенде жанасу мерзімі – 2 жыл.</p> <p>Көлемі 1 гектардан аз таксациялық телімдер олардың пішіміне қарамастан кесуге тұтастай белгіленеді.</p> <p>Өзен арнасын бойлай орналасқан телім ені 40 метрден кем болған кезде кеспеағаштың ұзын жағы (200 метрден аспайтын) өзен бойлай орналасуы мүмкін, бірақ бұл жағдайда оның көлемі 1 гектардан аспауы тиіс.</p> <p>Барлық екпелер үшін кеспеағаш бағыты су арнасының басты бағытына көлденең, ал кесу бағыты - ағынға қарама-қарсы.</p> <p>Жайылмалы екпелердегі өскіннің барынша жақсы қайта жаңғыруын қамтамасыз ету мақсатында ағаш кесу қыркүйектен бастап сәуір айының басына дейін жүргізіледі. Өскін беру қабілетін жоғалтқан екпелер жаз кезінде шабылады. Үйеңкілік сүрекдіндерді ағын сулар басылғаннан кейін жаз кезінде (тамызға дейін) кесуде белгіленеді</p>	ММ, ОП		
225	<p>Бақылау субъектісі жайылмалардың талды жыңғылдарында жаппай тар кеспеағаштық кесуді</p>	ММ, ОП		

	жүргізеді. Кеспеағаштар ені - 40 метрге дейін. Жанасуы - 2 жылдық мерзіммен тікелей. Ағаш кесу қар сулары азайған соң жаз кезінде жүргізіледі.			
226	Бақылау субъектісі тоғайлы талдарда (Жоңғар және Вильгельм талдары) және жыңғылдарда ені 40 метрден аспайтын кеспеағаштарда жаппай тар кеспеағаштық кесуді жүргізеді, жанасуы - 3 жылдық мерзіммен бір белдеуден кейін. Қалдырылған белдеулерде ағаш кесу аралас кеспеағашта ағаштың қайта жаңаруы қанағаттанарлық деңгейде болған жағдайда жүзеге асырылады. Ағаш кесуді жүргізу уақыты - қыс немесе ерте көктем.	ММ, ОП		
227	Бақылау субъектісі тоғайлы талдарда, сондай-ақ барлық басқа табиғи аймақтардың талдарында ені 40 метр кеспеағашта жаппай тар кеспеағаштық кесуді жүргізеді. Жанасуы - 2 жылдық мерзіммен тікелей. Ағаш кесу уақыты - жаз кезінде қар суының тасуы басылғаннан кейін. Кесу бағыты кеспеағаштың ұзын жағы өзен арнасына көлденең орналасып, оның ағысына қарсы белгіленеді.	ММ, ОП		
228	Бақылау субъектісі топырақтың эрозияға қарсы төзімділігіне қарамастан барлық экспозициялардың қиялы, еңісті және тік баурайларында өсетін жуандығы 0,6-1,0 орман түрлерінің барлық топтарының қарағайлы екпелерінде ерікті-іріктеп кесуді жүргізеді. Ағаш кесу қарқындылығы екпелердің жуандығына байланысты, бірақ одан қор бойынша 30 пайыздан астам мөлшерде асып кетпеу керек. Екпелердің жуандығын 0,5-тен төмендемеуге жол берілмейді. Екінші және үшінші кезектер 20 жылдан соң өткізіледі, кеспеағаш көлемі - 10 гектардан аспайды.	ММ, ОП		
229	Бақылау субъектісі бір жастағы майқарағай және шырша екпелерінде, төзімді және төзімсіз топырақты солтүстік экспозициялардың қиялы, еңісті баурайларында, сондай-ақ топырағы төзімді құламаны баурайларда біртіндеп ағаш кесуді жүргізеді. Жуандығы 0,9-1,0 екпелерде біртіндеп үш кезекпен ағаш кесу жүргізіледі. Бірінші кезекте жуандығын 0,6 - 0,7-ге дейін кеміте отырып, қордың 30 пайызына дейін, екінші кезекте - 40 пайыздан аспайтын мөлшері шабылады. Жуандығы 0,6-0,8 екпелерде бірінші кезекте қордың 40 пайызына дейінгі мөлшері іріктеліп, біртіндеп екі кезекпен ағаш кесу жүргізіледі. Екі жағдайда соңғы кезек жақсы қайта жаңғыру орын алған кезде жүргізіледі. Ағаш кесудің қайталану мерзімі - 10-15 жыл. Кеспеағаш көлемін қиялы және еңісті баурайларда 20 гектардан, тік қияларда - 15 гектардан арттыруға жол берілмейді	ММ, ОП		

230	<p>Бақылау субъектісі топырағы төзімді солтүстік экспозициялардың қиялы және еңісті баурайларында және топырағы төзімсіз солтүстік экспозициялардың қиялы баурайларында жуандығы 0,6-1,0 әртүрлі жастағы майқарағай мен шырша екпелерінде, егер сүрекдіндердің орташа жастағы және өсіп-жетіліп қалған бөлігінің жуандығы 0,4-тен кем болмаса, ұзақ мерзімді-біртіндеп кесуді жүргізеді.</p> <p>Бірінші кезекте пісіп-жетілген, құраған және уақыты өтіп кеткен ағаштарды аластау есебінен қордың 50 пайызына дейін кесіледі. Екпелердің жуандығын 0,3-0,5-тен төмендетуге жол берілмейді. Қорытынды кезек жақсы қайта жаңғыру орын алған (шәкіл бойынша) кезде жүргізіледі. Ағаш кесудің қайталану мерзімі - қалған ұрпақ пісіп-жетілу жасына жеткеннен кейін - 30-40 жыл. Кеспеағаш алқабын 20 гектардан асыруға жол берілмейді</p>	ММ, ОП		
231	<p>Бақылау субъектісі жуандығы 0,6-1,0 майқарағай мен шырша екпелерінде ерікті-іріктеп кесуді былай жүргізеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) егер орташа жастағы және өсіп-жетіліп қалған ағаштардың жуандығы 0,4-тен кем болса, топырағы төзімді солтүстік экспозициялардың қиялы және еңісті баурайларындағы, топырағы төзімсіз солтүстік экспозициялардың қиялы баурайларындағы әртүрлі жастағы екпелерінде;</li> <li>2) топырағы төзімсіз солтүстік экспозициялардың еңісті (6-кесте, 2.6-тармақ) және топырағы төзімді солтүстік экспозициялардың тік қиялы баурайларында әртүрлі жастағы екпелерінде;</li> <li>3) топырағы төзімсіз солтүстік экспозициялардың тік қиялы баурайларында әртүрлі жастағы және бір жастағы екпелерде;</li> <li>4) топырақтың төзімділігіне қарамастан оңтүстік экспозициялардың қиялы, еңісті және тік қиялы бір жастағы және әртүрлі жастағы екпелерінде жүргізіледі.</li> </ol> <p>Топырағы төзімді солтүстік экспозициялардың баурайларында ағаш кесудің қарқындылығын екпелердің жуандығын 0,5-тен төмен болмайтын мөлшерге жеткізіп, бастапқы қордың 30 пайызынан, топырағы төзімсіз оңтүстік экспозициялардың баурайларында - 20 пайызынан астам арттыруға жол берілмейді.</p> <p>Екінші және үшінші кезектер бір жастағы екпелерде 10 жылдан кейін, әртүрлі жастағы екпелерде - 20 жылдан кейін жүргізіледі.</p> <p>Кеспеағаштың көлемі баурайлардың құламалығына қарай 15-20 гектардан аспайтын мөлшерде белгіленеді.</p>	ММ, ОП		
	Бақылау субъектісі топырағы төзімді барлық экспозицияның қиялы және еңісті баурайларындағы			

232	<p>бір жастағы шыршалы екпелерде әрбір кезекте қордың 30-40 пайызы кесіліп, екі-үш кезекте біртіндеп кесуді жүргізеді.</p>	ММ, ОП		
233	<p>Бақылау субъектісі жуандығы 0,6-1,0 шыршалы екпелерде ерікті-іріктеп кесуді былай жүргізеді:  1) топырақтың төзімділігіне қарамастан барлық экспозицияның қиялы және еңісті баурайларындағы әртүрлі жастағы екпелерде;  2) топырақтың төзімділігіне қарамастан барлық экспозициялардың тік қиялы баурайларындағы бір жастағы және әртүрлі жастағы екпелерде жүргізіледі.</p> <p>Ағаш кесудің жиілігін екпелердің жуандығын 0,5-тен төмен болмайтын мөлшерге жеткізіп, бастапқы қордың 25-30 пайызынан астам арттыруға жол берілмейді.</p> <p>Екінші және үшінші кезектер 25-30 жылдан кейін өткізіледі.</p> <p>Кеспеағаштың көлемі баурайлардың құламалығына қарай 15-20 гектардан аспайтын мөлшерде белгіленеді</p>	ММ, ОП		
234	<p>Бақылау субъектісі топырағы төзімді және төзімсіз барлық экспозициялардың қиялы еңісті және тік қиялы баурайларындағы майқарағайлы бір жастағы және әртүрлі жастағы екпелерде ерікті-іріктеп кесуді жүргізеді (6-кесте, 3.3, 3.5-тармақтар).</p> <p>Топырағы төзімсіз тік қиялы баурайларда ағаш кесудің жиілігін екпелердің жуандығын 0,5-тен төмен болмайтын мөлшерге жеткізіп, бастапқы қордың 20 пайызынан, қиялы және еңісті баурайларда 30 пайызынан астам арттыруға жол берілмейді.</p> <p>Кеспеағаштың көлемі баурайлардың құламалығына қарай 15-20 гектардан аспайтын мөлшерде белгіленеді</p>	ММ, ОП		
235	<p>Бақылау субъектісі топырағы төзімді барлық экспозициялардың қиялы және еңісті баурайларындағы (6-кесте, 4.1-тармақ), сондай-ақ топырағы төзімсіз барлық экспозициялардың қиялы және еңісті баурайларындағы (6-кесте, 4.2-тармақ) бір жастағы жапырақты екпелерде біртіндеп кесуді жүргізеді.</p> <p>Жуандығы 0,9-1,0 екпелерде бірінші кезекте қордың 30 пайызына дейінгі мөлшері кесіліп, үш кезекті біртіндеп кесуде жүргізіледі. Екінші кезекте 40 пайызынан аспайтын мөлшері кесіледі.</p> <p>Жуандығы 0,6-0,8 екпелерде бірінші кезекте қордың 40 пайызына дейінгі мөлшері іріктеле отырып, екі кезекті біртіндеп кесуде жүргізіледі. Ағаш кесуді қайталау мерзімі - 10 жыл. Кеспеағаштың көлемін 20 гектардан, соңғы кезек кезінде - 10 гектардан астам мөлшерге арттыруға жол берілмейді.</p>	ММ, ОП		

	Екі жағдайда қорытынды кезек жақсы қайта жаңару орын алған жағдайда жүргізіледі			
236	<p>Бақылау субъектісі топырағы төзімді солтүстік экспозициялардың қиялы және еңісті баурайларында және топырағы төзімді оңтүстік экспозициялардың қиялы баурайларында өсетін әртүрлі жастағы жапырақты екпелерде, егер өсіп-жетілу жасына жетпеген сүректіңдердің жуандығы кемінде 0,4-ті құраса, біртіндеп ұзақ мерзімді кесуді жүргізеді.</p> <p>Бірінші кезекте қураған, пісіп-жетілген және ұзақ тұрып қалған ағаштарды аластау есебінен қордың 50 пайызына дейінгі мөлшері кесіледі. Екпелердің жуандығын 0,3-0,5-тен төмендетуге жол берілмейді. Қорытынды кезек жақсы қайта жаңару орын алған жағдайда (шәкіл бойынша) жүргізіледі. Қайталану мерзімі - 30 жыл. Кеспеағаштың көлемін 10 гектардан астам мөлшерге арттыруға жол берілмейді</p>	ММ, ОП		
237	<p>Бақылау субъектісінде жуандығы 0,6-1,0 жапырақты екпелерде ерікті-іріктеп кесу былай жүргізіледі:</p> <p>1) егер өсіп-жетілу жасына жетпеген сүректіңнің жуандығы 0,4-тен кем болса, топырағы төзімді солтүстік экспозициялардың қиялы және еңісті баурайларындағы, оңтүстік экспозициялардың қиялы баурайларындағы әртүрлі жастағы екпелерде;</p> <p>2) топырағы төзімсіз барлық экспозициялардың қиялы және еңісті баурайларындағы әртүрлі жастағы екпелерде ;</p> <p>3) топырағы төзімді оңтүстік экспозициялардың еңісті баурайларындағы әртүрлі жастағы екпелерде;</p> <p>4) топырағы төзімсіз барлық экспозициялардың тік қиялы баурайларындағы әртүрлі және бір жастағы екпелерде ;</p> <p>5) топырағы төзімді барлық экспозициялардың тік қиялы баурайларындағы бір және әртүрлі жастағы екпелерде жүргізіледі.</p> <p>Топырағы төзімді баурайларда ағаш кесудің жиілігін 30 пайыздан, топырағы төзімсіз тік қиялы баурайларда - 20 пайыздан астам мөлшерге (ағаш сүйретіп шығару жолын тартуға кесілген сүрек көлемін есепке алмай) арттыруға жол берілмейді. Екінші және үшінші кезектер бір жастағы екпелерде 10 жылдан кейін, әртүрлі жастағы екпелерде - 20 жылдан кейін жүргізіледі.</p> <p>Тік қиялы баурайларда кеспеағаштың көлемін 15 гектардан, қиялы және еңісті баурайларда - 20 гектардан астам мөлшерге арттыруға жол берілмейді .</p>	ММ, ОП		
238	Бақылау субъектісінде жапырақты-майқарағайлы екпелерде бірінші кезекте кесуге майқарағай ағаштары жатады.	ММ, ОП		
	Бақылау субъектісі топырағы төзімсіз барлық экспозициялардың еңісті және тік қиялы баурайларында алдын ала қайта жаңғырудың орын			

239	<p>алуына қарамастан ормандардың байырғы және туынды түрлерінің жуандығы 0,6-1,0 қайың екпелерінде (6-кесте, 5.1-тармақ), сондай-ақ топырағы төзімді барлық экспозициялардың қиялы, еңісті және тік қиялы баурайларында және топырағы төзімсіз қиялы баурайларында қылқан жапырақты ағаш тұқымдарының жақсы (шәкіл бойынша) қайта жаңғыруы орын алған жағдайда орманның туынды түрлерінің екпелерінде (6-кесте, 5.4-тармақ) біртіндеп екі кезекті ағаш кесуде жүргізіледі.</p> <p>Бірінші кезекте іріктеу - қордың 50 процентіне дейінгі мөлшері. Екпелердің жуандығын 0,3-0,5-тен төмендетуге жол берілмейді. Қорытынды кезек жақсы (шәкіл бойынша) қайта жаңғыру орын алған жағдайда жүргізіледі. Қайталану мерзімі - 10 жыл. Кеспеағаш ауданын 15 гектардан, ал қорытынды кезек кезінде 10 гектардан астам мөлшерге арттыруға жол берілмейді</p>	ММ, ОП		
240	<p>Бақылау субъектісі алдын ала қайта жаңғыруына қарамастан орманның байырғы түрлерінің қайыңдықтарында, ал қылқан жапырақты ағаш тұқымдары қанағаттанарлық және қанағаттанарлықсыз дәрежеде (шәкіл бойынша) қайта жаңғыруы орын алған жағдайда орманның туынды түрлерінің екпелерінде жаппай кеспеағаштық кесуді топырағы төзімді барлық экспозициялардың қиялы, еңісті және тік қиялы баурайларында және топырағы төзімсіз қиялы баурайларда жүргізеді. Кеспеағаштың ені - 100 м. Кеспеағаштың жанасуы - тікелей, жанасу мерзімі - 2 жыл, кеспеағаштың көлемі баурайлардың құламалығына қарай 10-15 гектардан аспайды.</p> <p>Пісіп-жетілу жасына жетпеген қылқан жапырақты тұқымдар ағаштарын (құрғап бара жатқан және қуағаштардан басқа) кесуге жол берілмейді</p>	ММ, ОП		
241	<p>Бақылау субъектісі орманның түріне және топырақтың төзімділігіне қарамастан барлық экспозициялардың қиялы, еңісті және тік қиялы баурайларында өсетін көктерек, терек және ағашқа ұқсас тал екпелерінде жаппай кеспеағаштық кесуді жүргізеді. Өскіннің пайда болуы үшін ағаш кесуді жүргізудің ең жақсы мерзімі - қазанның екінші жартысынан сәуірдің орта тұсына дейін. Томарды қиып, оның қабығын сыдыруға жол берілмейді.</p> <p>Пісіп-жетілу жасына жеткен қылқан жапырақты ағаштардың бірлі-жарым қоспасы орман шымылдығы астында қылқан жапырақты өскін болмаған жағдайда кесуге жатпайды. Егер сүректің шымылдығы астында қылқан жапырақты ағаш тұқымдарының жақсы (шәкіл бойынша) қайта жаңғыруы орын алса, пісіп-жетілу жасына жеткен қылқан жапырақты ағаштар кесу процесінде кесілуі мүмкін. Кеспеағаштың жанасуы - тікелей, жанасу мерзімі - 1 жыл. Кеспеағаштың көлемі - 100 м.</p>	ММ, ОП		

	Кеспеағаштың көлемін баурайлардың құламалығына қарай 10-15 гектардан астам мөлшерге арттыруға жол берілмейді.			
242	Бақылау субъектісі барлық экспозициялардың қиялы және еңісті баурайларындағы тау бұталары жыңғылдарында әр белдеуден кейін жанасатын ені 40 м кеспеағаштарда жаппай кеспеағаштық кесуді жүргізеді, кеспеағаштың ауданы 2,5 гектардан аспайды. Қалдырылған белдеулер өскін 1 м биіктікке жеткен соң 2 жылдан кейін кесіледі.	ММ, ОП		
243	Бақылау субъектісі барлық экспозициялардың қиялы , еңісті және тік қиялы баурайларындағы мемлекеттік орман қорының "өзендер, көлдер, су қоймалары, арналар және басқа да су объектілерінің жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулері" санатының өскіндік тәсілмен қайта жаңғыратын жайылмалы жапырақты сүректіңдерде және бұта жыңғылдарында жаппай кеспеағаштық кесуді жүргізеді. Кеспеағаш ені - 75 метрге дейін, бұталарда - 40 метр. Жанасуы - тікелей. Жанасу мерзімі - 3 жыл, бұталарда - 2 жыл. Кеспеағаш бағыты өзен ағысына көлденең, кесу бағыты - өзен ағысына қарсы. Кеспеағаш ауданы - 2,5 гектарға д е й і н . Келесі кеспеағаштарды кесу кеспеағашта жақсы ( шәкіл бойынша) қайта жаңғыру орын алғаннан кейін немесе өскін кемінде 1 м биіктікке жеткеннен кейін жүзеге асырылады. 1 гектарға дейінгі және одан кем таксациялық телімдер кесуге тұтас күйінде белгіленеді.	ММ, ОП		
244	Бақылау субъектісі басты мақсатта пайдалану үшін іріктеп және біртіндеп ағаш кесуді (соңғы кезектен басқа) жүргізу үшін кеспеағаштар бөлу кезінде пісіп-жетілу жасына жетпеген қылқан жапырақты және қатты жапырақты ағаш тұқымдары кесуді б е л г і л е м е й д і . Қайта жаңғырмаған ағашы кесілген жерлерге жанасатын екпелерде кеспеағаштарды жаппай кесуге бөлуге және біртіндеп кесудің қорытынды кезегіне " жақсы" деген бағамен табиғи қайта жаңғыру немесе орман дақылдары отырғызу орын алған жағдайда ғана жол беріледі.	ММ, ОП		
245	Бақылау субъектісі жаппай тар кеспеағаштық кесу кезінде кеспеағаштардағы алаңшаның енін былай б е л г і л е й д і : 1) жазық жерлердегі ормандарда және Қазақтың шағын адырлы ормандарында - сүректіңдердің бір жарым еселік биіктігінен аспайтын мөлшерде; 2) баурайының құламалығы 15 градусқа дейінгі тау ормандарында - сүректіңдердің екі еселік биіктігінен , ал кеспеағаштарды қиғаш тауларда кесу кезінде - 100 метрден аспайтын мөлшерде белгіленеді.	ММ, ОП		



246	<p>Бақылау субъектісі орманның табиғи жолмен қайта жаңғыруын есепке ала отырып басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді жүргізу үшін белгіленген епкелерде мал жаюды сексеуілді қоса алғанда, қылқан жапырақты және қатты жапырақты сүректіңдерде бес жыл бұрын тоқтатады.</p>	ММ, ОП		
247	<p>Бақылау субъектісі кеспеағаштарда сүрек дайындау мен оларды сүйретіп шығаруды топырақ эрозиясының пайда болуына жол бермейтін, ормандардың, су айдындарының және басқа да табиғи объектілердің жай-күйіне теріс әсер етпейтін немесе оны шектейтін, шаруашылық жағынан бағалы тұқымдардың өскіні мен жас шыбығын сақтауды қамтамасыз ететін тәсілдермен және құралдармен жүргізеді.</p> <p>Қазақтың шағын адырлы ормандарында құламалығы 10 градустан астам және тау ормандарында 15 градустан астам баурайларда трактормен сүйретіп шығаруға ағаш кесу қалдықтарымен бекітілген сүйретіп шығару соқпақтарымен ғана жол беріледі.</p> <p>Сүректі сыпталған ағаш түрінде де, сортименттер түрінде де сүйретіп шығаруға рұқсат етіледі.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, ОП		
248	<p>Бақылау субъектісі қарсыз кезеңде ағаш кесу процесінде жерге үлесті қысымы 0,4-0,5 кг/см<sup>2</sup>-ден аспайтын ағаш дайындау техникасын пайдалануы керек.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, ОП		
249	<p>Бақылау субъектісінде кесілетін ағаштардың басым көпшілігі үшін ағаштарды бір бағытта құлату әдісі қолданылады, ол алаңшаларда 45 градустан аспайтын бұрышпен сүйретіп шығару жолына қарай төбесі жағымен жүргізіледі. Ағаштарды жүйесіз құлату мен сүйретіп шығаруға жол берілмейді. Тым ылғалданған саз балшықты және балшықты топырақтарда өсетін барлық сүректіңдерде ағаш кесуді жүргізуге қысқы кезеңде ғана жол беріледі.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, ОП		
	<p>Бақылау субъектісінде кейіннен табиғи қайта жаңғырту жоспарланып отырған кеспеағаштарда ағаш дайындау процесінде тұқымдықтардың, тұқымдық топтардың, шоқ ағаштар мен жолақтардың сақталуы былай қамтамасыз етілген:</p> <p>1) табиғи қайта жаңғыру белгіленген жаппай кесу жүргізілетін кеспеағаштарда (тар кеспеағаштық кесуді қоспағанда) жеке дара тұрған желге төзімді тұқымдықтар түріндегі тұқым шашқыштар қалдырылады. Қарағайлы тау ормандарында оларды алаң бойынша біркелкі орналасқан 3-5 ағаштан тұратын топтармен 1 гектарға 15-20 дана мөлшерінде қалдыру керек;</p> <p>2) қылқан жапырақты ағаш тұқымдарының тұқымдықтарын қалдырумен бірге майқарағайлы және шыршалы ормандарының тұқымдық құрамын жақсарту және оларды сауықтыру мақсатында 1</p>			

250	<p>гектарға 20-25 ағаш мөлшерінде қайың тұқым шашқыштары да қалдырылады;</p> <p>3) таза және қайың араласқан самырсын ағаштарында тұқым шашқыштар 3-5 ағаштан тұратын топтармен кемінде 25-30 дана, ал самырсын-майқарағай екпелерінде - 1 гектарға басты тұқымның 30-35 ағашы қалдырады;</p> <p>4) шым топырақта өсетін қылқан жапырақты ағаштұқымдары араласқан жапырақты туынды екпелерде араларындағы қашықтық 100 метрге жуық болатын көлемі 0,1-0,25 га аралас қылқан жапырақты-қайың шоқ ағаштары қалдырылады. Нашар шымдалған топырақтарда шоқ ағаштар мөлшері 0,3-0,4 гектарға дейін жеткізіледі, ал олардың арасындағы қашықтық 150-200 метрге дейін ұлғайтылады;</p> <p>5) кеспеағаштарда: табиғи жолмен жақсы қайта жаңғыратын немесе жасанды жолмен қалпына келтіруге белгіленген; жапырақты ағаш тұқымдарының; құмайт, құмды және тасты топырақтардағы қарағайлы ормандардың құрғақ түрлерінің, сондай-ақ топырағы тым көп шымданған жас және ылғалды қарағайлы ормандардың тұқым шашқыштары қалдырылмайды;</p> <p>6) ағаштар топтары бірлі-жарым ағаштар түріндегі тұқым шашқыштарды діндеріндегі қабықты жеңіл-желпі қырып (шырайландырып) белгілеп, бояумен нөмірлейді. Тұқымдық гүл өсетін топырақты шектеу шектесетін ағаштарда сыртқы жағында қабығында жеңіл сүйкеу және бұрыштағы ағаштарда дінгегінің маңындағы қабығын қыру жолымен жүргізіледі. Тұқымдықтар мен тұқымдық топтардағы ағаштар, сондай-ақ тұқымдық гүл өсетін тұқымдық ағаштар бояумен белгіленеді</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, ОП		
251	<p>Бақылау субъектісі ағаш кесуді жүргізу кезінде қолданылып жүрген ормандағы санитарлық ережелер мен ағаш дайындаудағы техника қауіпсіздігін сақтайды.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, ОП		
252	<p>Бақылау субъектісінде кесілген ағаштарды өрт қаупі бар кезеңде кеспеағаштарда қалдырған жағдайда оларды бұтақтарынан тазарту қажет, ал дайындалған ағаш өнімін қатар-қатар немесе текшелеп жинап қою керек. Бұл ретте жазға қалдырылған сүрегі және (немесе) ағаш кесу қалдықтары бар ағаш кесу орындарын көктем кезінде кейіннен кеспеағашта қосымша тазалап, тиісті өртке қарсы және санитарлық жай-күйге келтіру керек.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, ОП		
253	<p>Бақылау субъектісінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуді жүргізу кезінде сексеуіл тоғайларында дайындаудың сым арқанмен сүйреп тарту тәсілін қолдануға тыйым салынады. Сексеуілді сындыру қолмен немесе тумервалды пайдалана</p>	ММ, ОП		

	отырып жүргізіледі, оның жұмыс бөлігі жер бетінен 40 см деңгейде орнатылады.			
254	Бақылау субъектісінде барлық ағаш кесу жұмыстарынан кейін орман пайдаланушылар өскінді ағаш кесу қалдықтары мен топырақ үйінділерінен босату жолымен барлық қалған өскінді түзетіп қоюы, сынған және қатты зақымданған өскінді ағаш кесу қалдықтарымен бірге кесіп және алып тастауы; ой-шұңқырларды тегістеу, фашиндер орнату, ағаш кесу қалдықтарын төсеу және нығыздау жолымен топырақ эрозиясының пайда болған ошақтарын жоюы, жоғарғы қоймалар мен тиеу алаңдары орналасқан жерлерді ормандарды молықтыру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге жарамды күйге келтіруі қажет.	ММ, ОП		
255	Бақылау субъектісінде кеспеағаштағы жоғарғы қоймалар мен тиеу алаңдары орналасқан 10 гектардан кем алаңның кеспеағаш алаңының 4 пайызынан астам, ал 10 гектардан астам алаңның 2 пайызынан астам артып кетуіне жол берілмейді.	ММ, ОП		
256	Бақылау субъектісінде кеспеағаштарды ағаш кесу қалдықтарынан (бұталардан, бұтақтардан, ұшар басынан) тазарту ағаш кесу қалдықтарын пайдалану, орманның қайта жаңғыру жағдайларын жақсарту, сондай-ақ орман өрттерінің шығуының, орман үшін зиянды жәндіктердің көбеюінің және саңырауқұлақ ауруларының алдын алу және қатерін жою мақсатында ағаш кесумен бір мезгілде жүргізеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
257	Бақылау субъектісінде ағаш кесу қалдықтары бірінші кезекте өнеркәсіптік ұқсату және халыққа сату үшін пайдаланылады. Бұл жағдайларда олар өрт қауіпсіздігі шараларын сақтап, ағаш сүйретіп шығаратын соқпақтар бойы мен жолдарда сүректің алаңқайлары мен бос жерлеріне (терезелерде) үйіп қойылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
	Бақылау субъектісінде ағаш кесу қалдықтарын пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда кеспеағашты тазарту мынадай тәсілдермен жүргізіледі: 1) орманның құрғақ түрлері мен топырағы әлсіз және тастақ жерлерде өсетін екепелерде ұзындығы 1 метрге дейінгі ағаш кесу қалдықтарын ұнтақтау және оларды ағашы кесілген бүкіл алаңға біркелкі етіп шашып тастау жолымен; 2) орманның шөпті-батпақты және шөпті-сфагнумды (жаңа, дымқыл, шикі, ылғалды) түрлерінде оларды ені 2 метрге дейін жалдарға немесе шіру үшін қалдыра отырып, диаметрі 3 метрден және биіктігі 0,5-0,6 метрден аспайтын үйіндіге жинау жолымен. Шіру үшін қылқан жапырақты ормандарда 1 гектарға 200, жапырақты ормандарда - 100 данадан астам мөлшерде үйінділер қалдыруға жол берілмейді; ;			

258	<p>3) кейіннен оларды сүйрету барысында нығыздай отырып, ағаш сүйрету жолдарына жинау жолымен;</p> <p>4) оларды кеспеағаштан тыс жерге алаңқайларға шығару, оларды кейіннен өрт қаупі бар кезеңде қолдан өртей отырып, үйіндіге жинау жолымен;</p> <p>5) ағаш кесу қалдықтарын үйінділерге жинау кезінде үйінділер орман шетінен 10 м және текшелеп жиналған орман өнімінен 5 м жақын орналастырылмайды.</p> <p>Кеспеағашты тазартудың аталған тәсілдері аралас күйінде қолданылуы мүмкін.</p> <p>Орман иеленуші ағаш кесу орындарын тазартудың тәсілдерін ағаш кесу билетінде көрсетеді.</p> <p>Қар қалыңдығы 50 сантиметрден асатын қысқы кезеңде ағаш кесуді жүргізу кезінде кеспеағашты, ерекшелік ретінде, өрт қаупі бар маусым басталғанға дейін көктемде тазартуға жол беріледі.</p> <p>Кеспеағашта ағаш кесу қалдықтарын оның көлемінің 20 пайыздан астам мөлшерін қалдыруға жол берілмейді.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
259	<p>Бақылау субъектісінде барлық ағаш кесу жұмыстары аяқталғаннан кейін кеспеағашты қаз-қалпындағы күйінде қарап шығу және құжаттарды зерделеу негізінде басты тұқымдардың өскіні мен жас шыбықтарының сақталуын қоса алғанда, ағаш кесуді орындау сапасы және негізгі орман өсіру талаптарының сақталу деңгейі тексеріледі, сондай-ақ :</p> <p>1) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен ағаш кесу орындарын куәландыру жүргізіледі және акт жасалып, оған өз бетімен кесілген сүректің көлемі, зақымдалған ағаштардың саны және ағаш кесу кезінде жол берілген басқа да тәртіп бұзушылықтар көрсетіле отырып, бүкіл учаскеде дайындалған сүректің мөлшері текшеметрмен енгізіледі. Акт учаскеде дайындалған сүректің мөлшерін растайтын құжат ретінде ағаш кесу билетіне қоса тіркеледі;</p> <p>2) ағаш кесу орындарын куәландыру актісі жасалғаннан кейін бір айлық мерзімде орман мекемесінің лауазымды тұлғасы қадағалау және бақылау тәртібімен акт бойынша орманшылықтан орындалған жұмыстар көлемінің кемінде 20 пайызын қабылдайды.</p> <p>Орманшылық бойынша ағаш жұмсау кітаптары мен кеспеағаштар абристері, қайта есептеу ведомстволары, орман орналастыру материалдарындағы жүргізілген ағаш кесулер туралы белгілер және тұрақты сынақ алаңдары бойынша материалдар тексеріледі;</p> <p>3) біртіндеп және іріктеп кесудің әрбір кезегі аяқтағаннан кейін кеспеағаштарда құламалығы 15 градусқа дейінгі баурайларда қатты бүлінген (дің сыртының үштен бірінің қабығын сыдыру, тамырларының зақымдануы, бүкіл массасының</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

	үштен бірінен астамы мөлшерінде ұшар басының сынуы) ағаштар санының түбірінде қалдырылатын ағаштардың жалпы санының 8 пайызынан, ал құламалығы 5 градустан астам баурайларда - 12 пайызынан асып кетуіне жол берілмейді.			
260	Бақылау субъектісінде ағаш дайындау процесінде ағаш сүйретіп шығару жолдарының және тиеу алаңдарының барлық ауданымен бірге алғанда топырақты минералдандырудың жалпы көлемінің кеспеағаштың жалпы көлемінен 20 пайыздан астам мөлшерде асып кетуіне жол берілмейді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
261	Бақылау субъектісінде ағаш кесуден кейін орманның табиғи қайта жаңғыруының жай-күйі барлық ағаш дайындау операцияларынан кейін сақталып қалған өскін, ағаш кесу орындарын тазартуды және өскіннің түзетілуін есепке алу арқылы, ал оның өміршеңдігі ағаш кесу орындарын қуәландыру кезінде анықталады. Қайта жаңғыруды бағалау шәкілдер бойынша айқындалады. Есептеу нәтижелері бойынша акт жасалып, онда өскіннің мөлшері мен сақталу пайызы, оның жай-күйінің жалпы сипаттамасы және алаң бойынша орналасуы, ағашы кесілген жердің қажет тұқымдармен күтілетін қайта жаңғыруын бағалау, ағашы кесілген жерлердегі орманды молықтыру жөнінде іс-шаралар өткізу қажеттілігі мен олардың тәсілдері көрсетіледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
262	Бақылау субъектісі дайындау маусымына және ағаш кесу тәсіліне қарай алаңшадағы өскін мен жас шыбықтың оның ағаш кесуге дейін есепке алынған мөлшерінің 50 пайызынан 80 пайызына дейін сақталуын қамтамасыз етеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
263	Бақылау субъектісінде ағашы кесілген жерлерде қажетті тұқымдардың жақсы қайта жаңғыруы орын алған жағдайда оларда орманды молықтыру жөнінде іс-шаралар жүргізу қажет болмайды, ал қанағаттанарлық дәрежеде қайта жаңғырған жағдайда табиғи қайта жаңғыруға жәрдемдесу шаралары немесе ішінара орман дақылдары белгіленеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
264	Бақылау субъектісінде табиғи қайта жаңғырумен қамтамасыз етілмеген ағашы кесілген жерлерде орман пайдаланушылар міндетті түрде ағаш кесуден кейін екі жыл ішінде шаруашылық жағынан бағалы тұқымдардың орман дақылдарын отырғызу жөніндегі жұмыстарды жүргізеді	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
265	Бақылау субъектісінде орманның табиғи қайта жаңғыруына жәрдемдесу жөніндегі іс-шаралар өткізілген, орман дақылдары отырғызылған немесе табиғи өсіп-өнуге қалдырылған орман құрайтын барлық тұқымдардың жаппай ағаш кесілген жерлерде, сондай-ақ ағашы кесілген жердің сыртқы			

	жағына жанасқан 10 метрлік белдеулерде өскіннің көп бөлігі жануарлардың оның жоғары басын бүлдіруіне мүмкіндік бермейтін биіктікке жеткенге дейін мал жаю мен шөп шабуға жол берілмейді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
266	Бақылау субъектісі орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді жоғары дәрежеде пісіп-жетілген (0,8-1,0) екпелер пайда болған сәттен бастап жүргізеді және әдетте басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу жүргізуге жол берілетін екпелерде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге дейін жарты сыныпта аяқтайды және басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге жол берілмейтін екпелерде өсу кезеңі бойына жүргізеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
267	Бақылау субъектісі орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді Қазақстан Республикасының Орман кодексінде белгіленген орман пайдалануды шектеу режимдерін ескере отырып, мемлекеттік орман қорының барлық санаттарының ормандарында жүргізеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
268	Бақылау субъектісі екпелердің жасына (даму кезеңіне) және тұқымдық құрамына қарай орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің мынадай түрлерін: жарықтандыру, тазарту, сирету және өтпелі ағаш кесуді жүргізеді. Ағаш кесудің жекелеген түрлерінің мақсаты мыналар болып табылады: жарықтандыру - аралас жас шыбықтарда құрамды күтіп-баптау және жиілігін реттеу. Тазарту жасында күтіп-баптаудың осы түрі негізінен басты тұқымдардың екпелер құрамына қажетті мөлшерде қатысуын қамтамасыз етуге тиіс; тазарту - екпелер құрамы мен пішінін күтіп-баптау, сондай-ақ оның жиілігін реттеу; сирету - екпелердің сапасы мен құрылымын жақсарту үшін дің мен ұшарбастың пішінін күтіп-баптау; өтпелі ағаш кесу - таңдаулы ағаштарда өскінді көбейту, техникалық тұрғыдан пісіп-жетілген сүректің сапасын бір мезгілде арттыра отырып, оны өсіру мерзімін қысқарту және екпелерді басты ағаш кесулерге дайындау мақсатында екпелерді баптап-күту.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
269	Бақылау субъектісі күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу кешіктіріліп немесе тұрақсыз жүргізілген, екпелер әртүрлі жастағы екпелер болып, күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің жекелеген түрлерінің алаңдарын бөліп алу мүмкін болмайтын жағдайларда күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің барлық түрлерінің нысаналы міндеттерін белгілі бір учаскеде бір мезгілде шешуге немесе оларды кешенді түрде жүргізуге жол береді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
	Бақылау субъектісі күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді екпелердің селекциялық-генетикалық			

270	қасиеттері мен биологиялық орнықтылығын төмендетпей, орманды одан әрі кезең-кезеңмен пайдалануды ескере отырып жүзеге асырады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
271	Бақылау субъектісі Ағаш кесу ережесінің 89-тармағында аталған күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу түрлерін оларды қолдану рұқсат етілген екпелерде олардың жасына, құрамына, өнімділігіне, ұшарбастарының майысуына немесе жуандығына байланысты жүргізеді	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
272	<p>Бақылау субъектісі күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді жүргізу кезінде ағаштарды жіктеуді жүргізеді, барлық дарактар шаруашылық және биологиялық белгілері бойынша үш санатқа: I - таңдаулылар, II - қосалқылар, III - аластауға тиістілер деп бөлінетін биотоптар бөліп алынады:</p> <p>1) таңдаулыларға - биіктеп жақсы өскен, зақымданбаған түзу, толық сүректі және бұтақтарынан жақсы тазартылған діңі бар, терең тамырланған, қылқан жапырақтары (жапырақтары) қалыпты өскен, біркелкі дамыған, жіңішке бұтақты, жіңішке үшкір ұшарбасы бар басты тұқымның сау ағаштары жатады. Жапырақты екпелерде тұқымдық ағаштарға және шірікке төзімді ағаштардың нысандарына артықшылық беру керек. Таңдаулы ағаштар негізінен Крафт бойынша өсудің I, II және III сыныптарының ағаштарынан және олардың өсу орнының жағдайларына сәйкес келуін ескере отырып іріктеп алынады. Күрделі екпелерде мұндай ағаштар бірінші қабаттан да, екінші дәрежелі қабаттардан да іріктеп алынады.</p> <p>Екпелердің жекелеген топтарында I санаттағы ағаштар болмаған жағдайда өсіп тұрғандарының салыстырмалы түрде таңдаулылары қалдырылады.</p> <p>Күтіп-баптау кезінде таңдаулы ағаштар ішінен пісіп-жетілу жасына дейін қалдырылатын мақсатты ағаштар бөліп алынады. Бұл ағаштар сирету жасынан бастап бөлінеді;</p> <p>2) қосалқыларға - таңдаулы ағаштардың бұтақтарынан тазаруына, олардың діңдері мен ұшарбастарының қалыптасуына ықпал ететін, топырақ қорғау және топырақ жақсарту функцияларын орындайтын негізінен шымалдықтың төменгі бөлігіндегі немесе екінші қабатты құрайтын ағаштар жатады. Оларға сондай-ақ егер олар алаңқайлар мен орман шетінде орналасқан болса, таңдаулылар санатына енбеген жоғарғы шымалдықтың бірлі-жарым ағаштары, сондай-ақ егер олар басты тұқымның өскініне кедергі жасамаса, аласа ағаш нысанындағы бұталар мен ағаштар ж а т а д ы ;</p> <p>3) аластауға жататын ағаштарға: кеуіп қалған, дауыл әсерінен құлаған, кураған, өсуін тоқтату дәрежесіне дейін саңырауқұлақ ауруларынан және зиянкестерден зақымданған;</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

	<p>егер бұл ағаштар екпеде пайдалы рөл атқармаса, күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуден кейін оңала алмаса (тегіс, шар тәрізді және үрмелі ұшарбасы бар) және оларды кесу үлкен ашық алаңқайлар құрамаса, қисайған, қос тармақты, жоғарғы басы жоқ, ірі-ірі өгей бұтақшалары бар, қатты өсіп, ұшарбасы тым төмен иілген және қатты сүйірленген, көп күйзеліс к ө р г е н ;</p> <p>іріктеп алынған таңдаулы және қосалқы ағаштардың өсуіне және ұшарбастарының қалыптасуына бөгет жасайтын (сабалайтын, тартатын, қысатын және тағы да басқалар) ағаштар, егер оларды кесу екпелердің бүлінуіне душар етсе, ілеспе тұқымдар мен басты тұқымның өкілдері;</p> <p>егер олар өте қалың шоғырлар құраса, жекелеген қалыпты дамыған және күйзелмеген ағаштар жатады .</p> <p>Егер олар оқшауланып өссе және кеуіп қалмаған болса, қуыстар мен құс ұялары бар, діңдерінің техникалық қасиеттері нашар ағаштар кесуге тағайындалмайды</p>			
273	<p>Бақылау субъектісі күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуге тартылатын барлық екпелерде учаскелерде таңдаулы және қосалқы (пайдалы) ағаштарды қалдыруға және тиісінше Ағаш кесу ережесінің 93-тармағында келтірілген жіктемелер мен нұсқамаларға сәйкес кесуге жататын ағаштарды аластауға мүмкіндік беретін күтіп-баптаудың төменгі және жоғарғы әдістерін бір мезгілде қолдануы мүмкін.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
274	<p>Бақылау субъектісі таза екпелерде негізінен екпенің бағынысты бөлігінен мөлшері мен өсу сыныптары әртүрлі ағаштарды шаба отырып, күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің белсенді төменгі әдісін қолданады</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
275	<p>Бақылау субъектісі аралас және күрделі екпелерде ағаштар кесуді өнімділігі жоғары және өрттерге барынша төзімді екпе қалыптастыру үшін орман шымылдығының барлық бөліктерінде жүргізеді</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
276	<p>Бақылау субъектісі күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу үшін ағаштар іріктеу оларда бір немесе бірнеше таңдаулы ағаш таңдап алынатын жекелеген биотоптар бойынша жүргізіледі, ал содан соң оларға қосалқы (пайдалы) ағаштар және аластауға жататын ағаштарды белгілейді.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
277	<p>Бақылау субъектісі жарықтандырылған және тазартылған жерлерде ағаштарды кесуге белгі салуды бүкіл учаскеде жүргізмейді. Бұл үшін учаскенің үйреншікті жерлерінде кейіннен мұқият кесуге ұшырайтын және бүкіл ауданда күтіп-баптау жұмысын жүргізу үшін үлгі ретінде пайдаланылатын бірнеше сынақ алаңы немесе жолақтық сынама салынады.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		



278	Бақылау субъектісі сирету және өтпелі кесу кезінде ағаштарды кесуге учаскенің бүкіл алаңында, бірақ онда таңдаулы ағаштарды біркелкі орналастыру мүмкіндігін ескере отырып іріктейді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
279	Бақылау субъектісі басты тұқым ағаштары біркелкі бөлінбеген жас шыбықтарда басты тұқым топтарында күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің шоғырлық тәсілін қолданады, мұнда басты тұқым топтарында және екінші дәрежелі ағаш шымылдығы биіктігінің жартысына тең қашықтықта олардың айналасындағы ілеспе тұқымдардың барлық ағашы шабылады. Қалған алаңда күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу жүргізілмейді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
280	Бақылау субъектісі бір қабатты қылқан жапырақты - жапырақты екпелерде қылқан жапырақты ағаш тұқымдары биотоптарындағы екінші дәрежелі тұқымдарды толық аластайды (жоғарғы әдіспен күтіп-баптау), олардың қою, таза биотоптарын шамалы сиретеді (төменгі әдіспен күтіп-баптау) және жапырақты ағаш тұқымдарының биотоптарын сәл ғана сиретеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
281	Бақылау субъектісі бір қабатты жапырақты - қылқан жапырақты жас шыбықтарда және екінші қабаттағы басты тұқыммен күрделі әртүрлі жастағы екпелерде жапырақты тұқымды ағаштарды кесуді учаскенің бүкіл алаңында жүргізеді, бұл ретте қылқан жапырақты ағаш тұқымдары өскінінің біркелкі орналасуын және соңғыларының орманның қалдырылатын бөлігінің құрамында басым болуын қамтамасыз ету керек.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
282	Бақылау субъектісі қылқан жапырақты ағаш тұқымдары тым көлегейленіп, 0,5-тен кем мөлшерде түйіскен болса, жапырақты ағаш шымылдығын шабуды белдеулермен жүргізеді. Белдеулер ені екінші дәрежелі қабаттың екі биіктігіне тең етіп белгіленеді. Бұл ретте бірінші кезекте күтіп-баптау жапырақты ағаш тұқымдарының барлық ағаштары таңдалып, қылқан жапырақты ағаштар қалдырылатын учаскенің бүкіл алқабының кем дегенде 50 пайызында жүргізіледі. Кесу белдеулері қалдырылатын ені дәл осындай қорғаныштық ықтырмалармен алмасып отырады. Белдеулер бағыты құрғақшылық жағдайларда батыстан шығысқа қарай, ал таулы аудандарда - баурайға көлденең күйінде қабылданады. 4-5 жылдан соң қалдырылған ықтырмалардағы жапырақты ағаш тұқымдарының ағаштары кесіледі және бір мезгілде бұдан бұрын кесілген белдеулеріндегі басты тұқымды күтіп-баптау жүргізіледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
283	Бақылау субъектісі белдеулік (дәліздік) күтіп-баптауды ілеспе тұқым немесе басты тұқым бұталарының жекелеген қатарлары шабылатын, ал қалған қатарларда селекциялық сирету жүргізілетін			

	аралас орман дақылдарына да, таза орман дақылдарында да қолданады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
284	Бақылау субъектісі топтық-әртүрлі жастағы екпелерде күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу әдістерін бір жастағы сүректіңдерді біртіндеп қалыптастыруға бағытталған ағаштардың әрбір тобының құрамымен және даму кезеңімен айқындайды.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
285	<p>Бақылау субъектісінде күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу ылғал үнемі жетіспейтін немесе ол артығымен болатын жекелеген екпелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Орман кодексі мен Ағаш кесу ережесінде рұқсат етілген мемлекеттік орман қорының барлық учаскелерінде жүргізіледі:</p> <p>1) шаруашылық тұрғыдан алғанда қажет емес екпе құрамы, алаң бірлігіндегі ағаштар саны (тығыздығы), діндердің әртараптануының жоғары деңгейі және жуандығы, ағаштардың бір біріне өзара күшті әсер етуі және сүректіңнің жалпы нашар жай-күйі күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді белгілеу қажеттілігінің негізгі көрсеткіштері болып табылады;</p> <p>2) аралас екпелер күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуге басты тұқымды ілеспе тұқымдар күйзелткен және тиісті орман өсіру жағдайларына сәйкес келетін шаруашылық тұрғыда бағалы екпелердің қалыптасу процесіне ілеспе тұқымдар жайсыз әсер еткен жағдайларда белгіленеді;</p> <p>3) ағаштар шоғыр-шоғыр болып орналасқан таза және аралас сүректіңдерде, егер жекелеген шоғырларда (топтарда) басты тұқымдарды екінші дәрежелі тұқымдардың көлегейлеп тастау қатері орын алса немесе таза шоғырлар қатты көлегейленіп қалған болса, олардың жалпы түйісуі мен жуандығына қарамастан күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу белгіленеді;</p> <p>4) туынды екпелер (уақытша орман түрлері), қай жерде бар болса, сонда басты тұқымдардың (кылқан жапырақты, қатты жапырақты және басқалар) өміршең ағаштарының жеткілікті мөлшері олардың жуандығына қарамастан күтіп-баптау мақсатында кесуге белгіленуі мүмкін;</p> <p>5) кылқан жапырақты ағаш тұқымдарының өскіні жоқ немесе оның мөлшері жеткіліксіз жапырақты туынды жас шыбықтарда болашақта түйіскен екпелер қалыптастыру үшін қайта жаңарту шараларын жүргізу керек, ал бұл мүмкін болмаса, онда күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді жапырақты ағаш тұқымдарының сүректіңдерін қалыптастыруға бағдарлау керек</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
	Бақылау субъектісінде күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу ең алдымен таңдаулы орман өсіру			

286	<p>жағдайларында аралас, көлегейленген, пісіп-жетілу деңгейі жоғары және бонитеті жоғары екпелерде белгіленеді. Өзге де тең жағдайларда күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу мынадай ретпен белгіленеді:</p> <p>1) бірінші кезек - жарықтандыру, тазарту және сирету ; оларды қажетсіз тұқымдар көлегейлеп тастайтын жағдайларда, кеспеағашты игеру кезінде сақталып қалған басты тұқымдардың дақылдары мен жасы бықтарында ; екінші дәрежелі тұқымдар шымылдығындағы басты тұқымдары бар жас шыбықтарда; бір шымылдықтағы басты және екінші дәрежелі тұқымдар бар аралас шыбықтарда; бағалы тұқымдардың көлегейленіп тасталған таза шыбықтарында, сондай-ақ тұқымдық-өскіннен өсіп-өнген шыбықтарда; екінші дәрежелі тұқымдар шымылдығы астындағы басты тұқымы бар аралас екпелерде;</p> <p>2) екінші кезек: таза екпелердегі сирету; аралас және күрделі екпелердегі өтпелі кесу;</p> <p>3) үшінші кезек - таза екпелердегі өтпелі кесу</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
287	Бақылау субъектіндеағаштардың біркелкі орналастыру кезінде сирету мен өтпелі кесу әдетте жуандығы 0,7-ден жоғары екпелерде белгіленеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
288	Бақылау субъектінде бонитеті V сыныптан төмен екпелер күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесуге белгіленбейді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
289	<p>Бақылау субъектісі күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесу уақытын былай сақтайды:</p> <p>1) аралас және күрделі шыбықтарда күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу басты тұқымдарды екінші дәрежелі тұқымдардың көлегейлеп тастау қатері байқала салысымен, ал таза шыбықтарда - ұшарбастар қысылып, жапырақтары түсе басталған бойда жүргізіледі. Жасанды жолмен өсірілген қарағай шыбықтарында бірінші рет күтіп-баптау қатарлардағы ағаштардың ұшарбастары түйіскен сәттен бастап жүргізіледі;</p> <p>2) ағаштардың жапырақтары түсіп қалған жағдайда жарықтандыру мен тазарту бүкіл вегетациялық кезең бойы жүргізіледі. Жергілікті климаттық жағдайларға байланысты ағаш кесу мерзімі вегетациялық кезеңнің басталуына, орта тұсына немесе аяғына белгіленуі мүмкін;</p> <p>3) кеш сиретілген, діндері тым шығыңқы және жеткілікті дәрежеде орнықты емес қалың шыбықтарда, сондай-ақ далалық аймақтың жапырақты шыбықтарында оны негізінен көктем кезінде жүргізуге болады;</p> <p>4) далалық аудандардағы қарағайдың орман дақылдарын қоса алғанда, шабылатын ағаштарды</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

	<p>жана жылдық шыршалар ретінде сату мақсатында күз аяғы мен қыс басында ағаш кесуге жол беріледі;</p> <p>5) сирету мен өтпелі ағаш кесуді қар аз кезде жүргізген жөн.</p> <p>Күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу объектілерін және оны жүргізу уақытын таңдау аңшылық шаруашылығы, жанама орман пайдалану және табиғат қорғау мүдделері ескеріле отырып жүргізіледі</p>			
290	<p>Бақылау субъектісі күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесудің қарқындылығы мен қайталануын былай с а қ т а й д ы :</p> <p>1) күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің қарқындылығы немесе ағаш шымылдығының жабылу және екпелердің жуандығы деңгейімен, немесе тиісінше кесуге дейінгі діндер саны мен екпелер қорының пайызымен көрсетілетін шабылатын діндер мен екпелер қорының мөлшерімен, немесе 1 гектарға шаққанда ағаштар кесу алаңдарының бастапқы сомасын төмендету деңгейімен айқындалады;</p> <p>2) орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің қарқындылығы ормандардың тағайындалуына, орманның түріне, құрамына, жасына, жуандығына, бонитет сыныбына, екпелердің құрылымына, жалпы жай-күйіне және күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің мақсатына қарай белгіленеді;</p> <p>3) көрсеткіштердің төмендеу шамасы бойынша күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу қарқындылығының мынадай дәрежелері болады: өте баяу - 10 пайызға дейін, баяу - 11-20%; бірқалыпты - 21-35%; күшті - 36-50% және өте күшті 50%-дан а с т а м ;</p> <p>4) шыбықтарда күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу қарқындылығы әдетте ағаш шымылдығы жабылуының төмендеу дәрежесімен айқындалады. Орта жастағы және пісіп-жетіліп қалған ағаштарда, ал орман шаруашылығын қарқынды жүргізу аймағында (далалық және орманды далалық аймақтар) және сирету жасындағы сүректіңдерде - таксациялық жуандығы мен шабылған сүрек қоры бойынша айқындалады;</p> <p>5) орта жастағы және пісіп-жетіліп қалған екпелермен салыстырғанда жас шыбықтарда неғұрлым қарқынды ағаш кесу қолайлы болады.</p> <p>Өсу шапшаңдығымен едәуір өзгешеленетін тұқымдардан тұратын аралас екпелерде кесу қарқындылығы таза екпелермен салыстырғанда ж о ғ а р ы .</p> <p>Тез өсетін және жарық сүйгіш тұқымдардан тұратын екпелерде күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу қарқындылығы баяу өсетін және көлеңкеге шыдамды екпелермен салыстырғанда неғұрлым жоғары, ал бонитеттері жоғары сүректіңдерде -</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

	<p>өнімділігі төмен екпелермен салыстырғанда неғұрлым күшті.</p> <p>Желге онша төзімді емес тұқымдардан тұратын қалың екпелерде, ылғалы көп және майда топырақтарда өсетін сүректіңдерде күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу қарқындылығы салыстырмалы түрде баяу болуға тиіс;</p> <p>6) күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің қайталануы белгілі бір учаскеде олардың бір түрін жүргізу жиілігін білдіреді, екпенің жай-күйіне, шаруашылық жүргізудің экономикалық жағдайларына байланысты және екпенің өнімділігі мен оны сирету қарқындылығына, сондай-ақ жұмыстардың механикаландырылу деңгейімен байланысты болады. Таза екпелерде қайталану күрделі және аралас екпелермен салыстырғанда сирек. Орман өсу жағдайлары неғұрлым жақсы және екпелер жас болса, күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу солғұрлым жиі жүргізілетін болады;</p> <p>7) аралас талдарда күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің қайталануы 5 жылды, таза шыбықтарда - 10 жылды, ал I-III бонитеттердің сүректіңдерінде сирету және өтпелі кесу 10-15 жылды және IV-V бонитеттердің екпелерінде - 15-20 жылды құрайды.</p>			
291	<p>Бақылау субъектісі күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесу алаңдарын жоспарлауды және бөлуді былай жүргізеді:</p> <p>1) өсіруге және күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуге алаңдар бөлу, ағаштар іріктеу, оларды таңбалау және шыбықтарды қоспағанда, екпелерде қайта есептеу кесуге дейін бір жыл бұрын - жапырақты ағаштар бойынша көктемгі-жазғы кезеңде, ал қылқан жапырақты ағаштар бойынша - жыл бойына жүргізіледі;</p> <p>2) кәдімгі учаскелерде шыбықтарды кесуге бөлу кезінде бүкіл учаскеде жарықтандыру мен тазарту жүргізу үшін эталон ретінде қызмет ететін бақылау сынақ алаңдары немесе жолақтық сынақ үлгілері қалдырылады. Олардың көлемі бүкіл учаскенің кемінде 3-5 пайызын және күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің әрбір түрі бойынша кемінде 0,5 гектарды құрайды;</p> <p>3) сирету және өтпелі ағаш кесу кезінде кесуге белгіленген ағаштар диаметрі 8 см (жер бетінен 1,3 м биіктікте) және одан да жоғары ағаштардан бастап жуандығының 2-4 сантиметрлік сатысы бойынша қайта есептеліп, олар іскерлік, жартылай іскерлік және отындық ағаштарға бөлініп, көлденең сызықпен белгі қойылады және тамыр мойнынан таңбаланады.</p> <p>Бір мезгілде кесуге бөлінген ағаштарда кейіннен биіктік кестесін жасау және кестелер бойынша екпелердің биіктік разрядын айқындау үшін жуандығының 5 орталық сатысында 3 ағаштың</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО		

	<p>биіктігі өлшенеді;</p> <p>4) күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуге учаскелер бөлу және сынау алаңдарын, шыбықтарда эталондық кесу, сондай-ақ сирету мен өтпелі ағаш кесу кезінде ағаштарды кесуге іріктеу орманшының немесе оның көмекшісінің басшылығымен жүргізіледі. Бұл ретте бағдар ретінде және практика жүзінде көрнекілеп көрсету үшін әрбір орман мекемесі учаскелерінде ағаш тұқымдары басым барлық екпелерде және күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің әрбір түрі бойынша қалдырылатын екі секциялық (бірі - бақылау, екіншісі - ағаш кесілетін) тұрақты сынау алаңдары пайдаланылады.</p> <p>Өздеріне бөлінген учаскелерде күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді жүргізудің негізгі шарттары күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу бойынша учаскені игерудің технологиялық картасында көрсетіледі.</p>			
292	<p>Бақылау субъектісі кесілетін сүректерді есепке алуды былай жүргізеді:</p> <p>1) жарықтандыру және тазарту кезінде барлық шабылатын сүректің көлемі сынақ алаңдарында немесе жолақтық сынақ үлгілерінде дайындалған оның мөлшері бойынша айқындалады, ол өз кезегінде осы аудан үшін бекітілген шағын көлемді діндер көлемінің кестелері бойынша немесе кейіннен тиісті коэффициенттер бойынша тығыз текше метрлерге көшіріліп, қоймалық текше метрлермен айқындалады (9-кесте);</p> <p>2) сирету және өтпелі ағаш кесу кезінде шабылатын сүрек қоры кесуге белгіленген ағаштарды қайта есептеу деректері бойынша анықталады. Бұл ретте 1,3 м биіктікте диаметрі 8 сантиметрден аз ағаштар бойынша қор учаскенің бүкіл көлеміне көшіре отырып, арнайы қалдырылатын сынақ алаңдарында қоймалық текше метрлермен айқындалады. Мұндай алаңдардың мөлшері учаске көлемінің 2-3 пайызын, бірақ кемінде 0,5 гектарды құрайды.</p> <p>Диаметрі 8 сантиметрден астам (1,3 м биіктікте) ағаштарда қорды және сортты ағаштардың шығымын есептеу осы аудан үшін бекітілген биіктік сызбасы мен сортты ағаштар кестелері бойынша белгіленген биіктік разрядтары бойынша әрбір тұқым үшін жүргізіледі.</p> <p>Технологиялық дәліздер (ағаш сүйрету жолдары) кесу көзделген күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу учаскелерінде оларда кесілетін сүрек осы ағаш кесу кезінде дайындалатын көлемге енгізіледі.</p> <p>3) сирету мен өтпелі ағаш кесуге арналған ағаш кесу билеттері діндердің саны бойынша ("түбірлер" бойынша), ал жарықтандыру мен тазартуға арналған ағаш кесу билеттері - мөлшерлі саны бойынша ескеріле отырып жазып беріледі.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

Егер сирету мен өтпелі ағаш кесуді жүргізу кезінде учаскеде кесілетін ағаштардың 15 пайыздан астамының жер бетінен 1,3 м биіктіктегі диаметрі 10 сантиметрден кем болса, ағаш кесу билеті дайындалатын сүректі мөлшерлі саны бойынша есепке алу тәсілі көрсетіле отырып беріледі;

4) орманшылық бойынша кеспеағашты материалдық және ақшалай тұрғыда бағалау нәтижелерінің негізінде бүкіл орман мекемесі бойынша кезекті жылдық кеспеағаштың жиынтық ведомосы қалыптасатын жылдық кеспеағаш ведомосы жасалады.

Күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуге бөлінген барлық учаскелерге абристер жасалады, олар күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу бойынша жылдық кеспеағаштың альбомы түрінде түптеледі, кезекті жылдық кеспеағаштың ведомосымен бірге - бір данасы орман мекемесінде, екіншісі - орманшылықта сақталады;

5) ағашы кесілген алаңдар туралы деректер орманшылық бойынша жүргізілетін орманның шығыс кітабына енгізіледі, ал учаскелердің өздері уәкілетті орган бекітетін Мемлекеттік орман қорының учаскелерінде кеспеағаштар бөлу және олардың таксациясы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес алаңы, ағаш кесу жылы және ағаш кесу түрінің қысқартылған белгісі көрсетіліп, планшеттерге көкшіл бояумен тұтас сызықпен белгіленеді. Бір мезгілде таксациялық сипаттамаға ағаш кесу жылы, ағашы кесілген алаң, ағаш кесудің түрі, тұқымдары бойынша кесілетін қор, ал өскіндер үшін - кесуден кейінгі ағаштың құрамы мен жуандығы енгізіледі

Бақылау субъектісі таза қарағайлы екпелерде ағаш кесуі Ағаш кесу ережесінің 10-кестесінде келтірілген көрсеткіштерді ескере отырып, жүзеге асырады:

1) таза қарағайлы екпелерде (екінші дәрежелі тұқымдардың 1 бірлігіне дейін) жарықтандыру жүргізілмейді;

2) тазарту олардың төзімділігі мен су режимін арттыру мақсатында биотоптар мен тік қиялардағы ағаштары қисық өскен қалың қарағайлы жас өскіндерде ғана жүргізіледі. Егер оларда ағаштардың орналасуы біркелкі болса және өспей қалған ағаштар байқалмаса, онда тазарту тағайындалмайды және күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді бастау мерзімі жастың 2 сыныбына жылжытылады.

Қарағайдың қатардағы дақылдарында "саңылау" қалдырмай, бойлап өспей қалған, ауру және бүлінген ағаштарды (бұтақты, ұшарбасы көп, қисық және т.б.) аластау арқылы екпелерді біркелкі сирету жүргізіледі. Оларда сондай-ақ әрбір бесінші қатарды жаппай кесуге жол беріледі және технологиялық дәліздер жасау мен өрт қаупін азайту мақсатында олардан дақылдардың жекелеген блоктарын немесе

секцияларын қалыптастыратын әрбір 200-250 м сайын орташа биіктіктегі ағаштарда ені 1,5-2 болатын жаппай қарама-қарсы ағаш кесу жүргізіледі.

Қарағайдың ықпалы дақылдарында ағаш кесу жойылып бара жатқан ағаштар есебінен жүргізіледі. Орман шетіндегі қатарларда ағаш жинау ең аз мөлшерде жүргізіледі;

3) сирету кезінде тек ауру, зақымданған және бойлап өспей қалған дарактарды ғана жинап, қарағайдың ең таңдаулы ағаштарын қалдыруға және оларды біркелкі орналастыруға ұмтылу қажет, бұл ретте сүректің жуандығын қатты төмендетуге жол берілмейді;

4) өтпелі кесудің бастапқы кезектері жуандығы жоғары деңгейдегі қарағай екпелерінде ғана жүргізіледі. Басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге тыйым салынған екпелерде өтпелі кесудің кейінгі кезектерін өткізу кезінде учаскелерде қарағай өскінінің болуын және орналасуын ескеру, өтпелі ағаш кесуді немесе аналық екпені қарағайдың жас ұрпағымен толық ауыстырып болғанға дейін қорғаныштық, су қорғау және басқа да экологиялық функцияларынан айырыла бастаған екпелерге қолданылатын ағаш кесу тәсілдерін біртіндеп пайдалана отырып, оның өсуіне бөгет жасайтын ағаштарды жинау керек.

Бұл арада орман шымылдығын орынсыз көп сиретіп жіберген жағдайда топырақтың құрғап қалу қатері аса зор болатын жаңа жағдайлар ғана оған кірмейді, сондықтан негізгі шымылдықтағы ағаштар әдетте кесілмейді.

ММ, ЕҚТА,  
РММО, МО,  
ОП

Бақылау субъектісі аралас қарағайлы екпелерде күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесуді Ағаш кесу ережесінің 11-кестесінде келтірілген көрсеткіштерді ескере отырып, жүзеге асырады:

1) аралас қарағайлы-жапырақты талдарда жарықтандыру шөп тектес өсімдіктер сиреп кетіп, қарағайдың басты бәсекелесі жапырақты ағаш тұқымдары болатын сәттен бастап жүргізіледі. Орман өсу жағдайларына байланысты оны қарағайдың орташа биіктігі 2-2,5 м болатын 5-15 жас мөлшерінде тағайындайды. Күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу қарағай ағаштарының бойлап өсуі нашарлай бастаған уақыттан бастап айқындалады.

Жарықтандыру 40%-дан астам мөлшерде жапырақты ағаш тұқымдары бар қалың өскен талдарда 5-8 жастан және орман шымылдығы 0,7-0,8 -ден астам мөлшерде жанасқан жағдайда 11-13 жастан басталады. Жапырақты ағаш тұқымдары 20-40% мөлшерде болған жағдайда майысып өскен талдарда оны 13-15 жаста өткізеді.

Қарағай ағаштарының мөлшері жеткіліксіз болған жағдайда (ұшарбасының жанасуы 0,5-0,6-дан аз) және олар қатты зардап шеккенде жарықтандыруды



орман жолақтарымен немесе әр тұстан ойып-ойып өткізеді. Бұл жағдайда тұқымдықтар болған жағдайда алқаптарға қосымша қарағай отырғызу үшін жапырақты орман шымылдығын қарағайдың өз тұқымын өзі шашуын туғызу үшін ұшарбасының жанасуын 50 пайызға дейін сирету, немесе табиғи түлеп өсуіне жәрдемдесу шараларын жүргізу, немесе жекелеген орман дақылдарын отырғызу керек.

Жарықтандыру, егер талдар ішінде қарағай таза тұрақты топтар күйінде өсіп тұрса және алаңда біркелкі орналастырылған болса, сондай-ақ орман шымылдығының жанасуы 0,7 және одан кем екпелерде жүргізілмейді;

2) тазарту ең алдымен жарықтандыру дер кезінде жүргізілмеген және қарағай ағаштары орынсыз көп зардап шеккен аралас екпелерде жүргізіледі. 25 жасқа дейін жүйелі күтім жасалмаған осындай екпелерде, бірінші кезекте, қарағай ағаштарының өміршеңдік деңгейі және олардың негізінде қарағай басым екпелер қалыптастыру мүмкіндігі анықталады. Егер мұндай екпелерді қалыптастыру мүмкін болмаса, қайта жаңарту іс-шаралары белгіленеді немесе жапырақты ағаш екпелері қалыптастырылады.

Ал күтіп-баптау жүйелі түрде жүргізіліп тұрған жағдайда аралас қарағайлы екпелерде тазарту Ағаш кесу ережесінің 102-тармағының ұсынымдарына сәйкес жүргізіледі;

3) аралас қарағайлы екпелерде сирету жұмысын жүргізу кезінде қарағайдың ең таңдаулы ағаштары және басқа тұқымдардың қажетті қоспасы құрамда сақталып қалады, олардың алаң бойынша біркелкі орналастырылуы қамтамасыз етіледі. Нашар және дер кезінде жиналмаған ағаштар, сондай-ақ жапырақты ағаш тұқымдарының артық қоспасы кесіледі. Қайталама сирету екпелерде қарағайды жапырақты ағаштар тұқымдары басып кету фактісі орын алғанда немесе бойлап өспей қалған ағаштардың көп мөлшері болғанда тағайындалады;

4) өтпелі кесу кезінде аралас қарағайлы екпелердің жоғарғы шымылдығының құрамындағы жапырақты ағаш тұқымдарының қоспасы барынша азайтылады (I бірлік). Бір мезгілде майда тоғай қарағайдың өз тұқымын өзі шашуын кешіктірсе, ол сиретілетін болады.

Қалдырылатын ағаштар арасындағы орташа қашықтық тазарту кезінде сүректің орташа биіктігінің 1/4, ал сирету және өтпелі кесу кезінде - 1/5 болуы тиіс.

Аралас қарағайлы екпелерде кесудің барлық түрін өткізу кезінде бірінші кезекте көктерек, ал содан соң қайың ағаштары кесіледі. Күтіп-баптау мақсатында жүйелі түрде кесу кезінде жапырақты ағаштар қоспасы мүмкіндігінше екінші қабатқа көшіріледі.

ММ, ЕҚТА,  
РММО, МО,  
ОП

	<p>Құмайт топырақтарда көктеректің өсуінің бірқатар жағдайлары қарағайдың таралуына жәрдемдеседі, сондықтан оны кесу қалыптасқан тұрақты қарағай биотоптарын жарықтандыру мақсатында ғана жүргізілуге тиіс</p>			
295	<p>Бақылау субъектісі жапырақты ағаш екпелерінде күтіп-баптау мақсатындағы кесуді қарағай екпелеріндегі сияқты жүргізеді. Оны өткізу кезінде екінші қабат пен майда тоғай қалыптастыру үшін көлеңкеге төзімді тұқымдар (шырша, майқарағай) мен бұталар коспасын сақтап қалу қажет.</p> <p>Жапырақты ағаш екпелерінде күтіп-баптау мақсатында кесу қарқындылығы қарағай екпелері үшін күтіп-баптау мақсатында кесу көрсеткіштері бойынша (10 және 11-кестелер) және осы Ереженің 125, 126-тармақтарында баяндалған тау жағдайында күтіп-баптау мақсатында кесу ерекшеліктері ескеріле отырып айқындалады.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
296	<p>Бақылау субъектісі таза және аралас самырсын екпелерінде :</p> <p>1) күтіп-баптау мақсатында кесуді олардың жуандығы 0,7 және одан жоғары болған жағдайда жүргізеді. Ол сондай-ақ құрамында 1-2 бірліктен астам самырсынны бар жаңғақ кәсіпшілігі аймағының барлық тұқымдар екпелерінің талдарында жүргізіледі ;</p> <p>2) оны өткізу кезіндегі негізгі міндет екпелер құрамында самырсынның болу үлесін ұлғайту, ағаштардың жеміс бере бастау мерзімін қысқарту және олардың жаңғақ беру қабілетін арттыру (12-кесте) болып табылады.</p> <p>Кесуге учаскелер іріктеу кезінде жолдарға жақын маңда және келіп-кетуге оңай жерлерде орналасқан тау беткейлерінің төменгі бөліктеріндегі самырсынның талдары мен орта жастағы екпелеріне айрықша назар аударылады;</p> <p>3) самырсын ормандарында күтіп-баптау мақсатында кесуді жүргізу кезінде әсіресе шөп қабатының өсіп-өну қаупі бар тау беткейлерінің төменгі бөлігінде "саңылаулардың" пайда болуына жол бермей, бірнеше ұрпақтан тұратын әртүрлі жастағы екпелердің қалыптасуына ұмтылу керек. Самырсын ағаштары жуан, кең көлемді және төмен иілген ұшарбасын қалыптастыруы үшін оларға емін-еркін өсіп тұру жағдайдың қалыптастыру да міндетті шарт болып табылады;</p> <p>4) шаруашылық жаңғақтардың барынша көп мөлшерін алу бағдарланған 60-80 жастағы самырсын екпелерінде ағаш кесу әрбір гектар орманға самырсынның 100-150 таңдаулы ағашын біркелкі орналастырып, сүректіңдердің жанасуын 0,3-0,4-ке жеткізіп, жоғары жиілікпен жүргізіледі.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

Бақылау субъектісі шырша және майқарағай екпелерін күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді Ағаш кесу ережесінің 13-кестесінде келтірілген көрсеткіштерді ескере отырып жүзеге асырады:

1) шырша және майқарағай жас шыбықтарында жарықтандыру әдетте жүргізілмейді, өйткені бұл тұқымдар көлеңкеге айтарлықтай төзімді, ал олардың қалпына келу кезеңі ұзақ мерзімді болып к е л е д і ;

2) таза және аралас шырша мен майқарағай жас шыбықтарында тазарту болымсыз қарқындылықпен жүргізіледі, бұл ретте әлсіреген және ауру дарақтар, сондай-ақ діңінің пішіні нашар ағаштар кесіледі. Қалың шоқ ағаштарда ол ағаштарды алаң бойынша біркелкі бөлу мақсатында жүргізіледі;

3) шырша-жапырақты ағаш жас шыбықтарында желге, қарға, зиянкестерге жақсы қарсы тұратын және жақсы қорғаныштық қасиеттермен ерекшеленетін әртүрлі жастағы екпелер қалыптастыру керек;

4) жапырақты ағаш тұқымдарының шымылдығы астында екінші қабатта орналасқан шырша және майқарағай жас шыбықтарында жапырақты ағаштар қоспасымен қылқан жапырақты екпелер қалыптастыру мақсатында тазарту кезінде зардап шеккен, құрып бара жатқан және зақымданған ағаштар есебінен шырша мен майқарағайдың жоғарғы шымылдығын, сондай-ақ олардың қалың биотоптарын қатты сирету жүргізіледі;

5) аралас екпелерде шырша мен майқарағайдың өсуі үшін оңтайлы жағдайларға қарқындылығы күшті дәліздік (алқаптық) күтіп-баптау кезінде қол жеткізіледі. Бұл ретте жоғарғы шымылдық ағашының биіктігіне тең енді алқапта жапырақты ағаш тұқымдары кесіледі, ал ауру және зақымданған ағаштардан басқа барлық қылқан жапырақты ағаштар және жапырақты ағаштардың таңдаулы үлгілері сақталады.

Күтіп-бапталатын белдеулер арасында ені дәл осындай күтіп-бапталмайтын белдеулер қалдырылады, оларда күтіп-баптау қайталама тазарту кезінде жүргізіледі;

6) таза шырша және майқарағай екпелерінде сирету негізінен желге төзімді екпелер қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Жоғарғы шымылдың таңдаулы ағаштары сақталады. Екпелердің жуандығы 0,8-ден төмендемеуге тиіс. Егер таза қалың екпелерде ағаш кесу бұдан бұрын жүргізілмесе, оларда сирету қарқынды жиілікпен жүргізілмейді, бірақ жиі қайталанады;

7) аралас екпелерде шыршаның көлеңкеленуін жою мақсатында орман шымылдығын біркелкі сирету жүргізіледі. Жұмсақ жапырақты тұқымдардың артық қоспасы шауып тасталады және

ММ, ЕҚТА,  
РММО, МО,  
ОП

олардың орман құрамына қатысуы 3-4 бірлікке дейін азайтылады. Екпелердің жуандығын 0,7-ден кем мөлшерге төмендетуге жол берілмейді;

8) жоғарғы шымалдығы жапырақты тұқымдардан және төменгісі шырша мен майқарағайдан тұратын күрделі екпелерде жапырақты тұқымдардың қатысуымен қылқанжапырақты екпелер қалыптастырылады. Жоғарғы қабатты сирету бүкіл аудан бойынша біркелкі немесе басты тұқымдар шоғыр-шоғыр болып орналасқан жағдайда жеке топтармен жүргізіледі. Бір мезгілде бойлап өспей қалған, ауру және құрып бара жатқан ағаштарды шабу есебінен басты тұқымдар қабатында да баяу қарқынды күтіп-баптау жүргізіледі.

Ағаш шабудың қарқындылығы шырша мен майқарағайдың күйзеліске ұшырау дәрежесіне байланысты. Аз күйзеліске ұшыраған жағдайда қарқындылығы күшті ағаш кесу пайдаланылады;

9) жуандығы жоғары дәрежедегі таза шыршалы және майқарағайлы екпелерде өтпелі ағаш кесу таңдаулы ағаштардың өсуіне бөгет жасайтын нашар ағаштарды шабу жолымен жүргізіледі. Екпелердің жуандығын 0,8-ден кем мөлшерде төмендетуге жол берілмейді.

Аралас екпелерде олар таңдаулы қылқан жапырақты ағаштарды күтіп-баптау мақсатын көздейді. Жапырақты ағаш тұқымдарының қоспасы шабылады және екпе құрамында 2 бірлікке дейін жеткізіледі.

Жоғарғы қабатта жапырақты ағаш тұқымдары қатысатын күрделі екпелерде өтпелі ағаш кесу кезінде шырша мен майқарағайдың таңдаулы ағаштарын баптап-күту жұмыстары жүргізіледі. Жапырақты ағаштар қоспасы екпе құрамында 2 бірлікке дейін азайтылады. Бір мезгілде қайта жаңғыртуды қамтамасыз ету мақсатында майда тоғайларды сирету жүргізіледі.

Аралас және күрделі екпелерде екпелердің жуандығын 0,7 кем мөлшерде төмендетуге жол берілмейді.

Бақылау субъектісі қайың екпелерінде күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесуді Ағаш кесу ережесінің 14-кестесінде келтірілген көрсеткіштерді ескере отырып жүзеге асырады:

1) бұтақшалы қайың ормандарын қылқан жапырақты тұқымдар (қарағай, майқарағай және шырша) араласқан тұқымдық аралас және күрделі екпелерге көшіру мақсатында жүзеге асырылады. Қылқан жапырақты ағаш тұқымдарының өскіні мен шыбықтарының мөлшеріне және оларды алқап бойынша орналастыру сипатына байланысты күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің біркелкі, белдеулік немесе шоғырлық тәсілдері қолданылады. Ойпат жерлерде өсетін орманды дала аймағының

шоқ ағашты қайыңдықтарында күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу де желдің өтін азайту жолымен олардың астындағы учаскелерді тұщыландыруға олардың ықпалын күшейту мақсатында пайдаланылады (жоғарғы әдіспен), ал қалған шоқ ағашты қайыңдықтарда керісінше оларды қардың біркелкі бөлінуіне жәрдемдесетін екпелердің жел өтіне ұшырауын күшейту жолымен (төменгі әдіспен) олардың қорғаныштық мәнін күшейту мақсатында пайдаланады;

2) таза қайың шыбықтарында оларда басқа бағалы тұқымдар болмаған жағдайда жарықтандыру әдетте жүргізілмейді.

Қарағай, шырша мен майқарағай араласқан қайың талдарында жарықтандыруды басты және неғұрлым бағалы тұқымдардың (оларды таза биотоптар күйінде қалдырған жөн) қатысуын ұлғайту және ауру, өспей қалған, зақымданған және нашар бұтақшалы қайың ағаштарын, сондай-ақ қылқан жапырақты ағаш тұқымдарының көлегейлеп тастайтын ағаштарды жинау есебінен екпелердің қажет құрамын қалыптастыру үшін пайдаланады;

3) тұқымдық және бұтақшалы қайың шыбықтарында тазарту артық жиілікті жою, бұтақшалардың кесілген түбірде біркелкі орналасуын қамтамасыз ету және мүмкіндігінше тұқымнан өсіп-өнген ағаштар ішінен таңдаулы нұсқаларды одан әрі өсіру үшін іріктеп алу мақсатында жүргізіледі. Оларда қылқан жапырақты және басқа да бағалы тұқымды ағаштардың қоспасын арттыруға бағытталған екпелер құрамын да күтіп-баптау одан әрі жалғасады.

Орман дақылдарында қайың 1 гектарда 6-8 мың дана болған жағдайда алғашқы ағаш кесуді өткізу кезінде қордың 15-25 пайызын және бар ағаштардың 20-30 пайызын таңдап алу керек;

4) таза қайың екпелерінде сирету жұмысын жүргізу кезінде қайыңның тұқымдық және бұтақшалы үлгілерінің таңдаулы ағаштары қалдырылады. Ауру, бойлап өспей қалған және зақымданған ағаштар шабылады, қайыңның бұтақшалы ұялары сиретіледі, оларда 2-3-тен таңдаулы діндер қалдырылады.

Аралас екпелерде таңдаулы ағаштар қайыңнан да, қоспасы екпе құрамында болуы қажет басқа тұқымдардан да іріктеп алынады.

Өміршең қылқан жапырақты өскіннің жеткілікті мөлшері болған жағдайда сирету арқылы қылқан жапырақты ағаш тұқымдарынан екінші қабат қалыптастырылады, ал жоғарғы қайың шымылдығы көп мөлшерде сиретіледі, бірақ екпенің жуандығы 0,7-ден кем мөлшерге төмендетілмейді;

5) өтпелі кесу қайың екпелерінде сиретуге ұқсас жүргізіледі. Таза қайың ормандарында өтпелі кесу кезінде қайыңның таңдаулы тұқымдық және

ММ, ЕҚТА,  
РММО, МО,  
ОП

	<p>бұтақшалы ағаштарын күтіп-баптау жалғаса береді. Аралас қайың ормандарында таңдаулы ағаштар сонымен бірге екпе құрамына қатысуы жөн болатын қылқан жапырақты және басқа да бағалы тұқымдар ішінен іріктеп алынады. Өсіп тұрған майда тоғай күтіп-баптау кезінде сақталады, ал қажет болған жағдайда – жасартылады.</p>			
299	<p>Бақылау субъектісі көктерек екпелерінде күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесуді Ағаш кесу ережесінің 15-кестесінде келтірілген көрсеткіштерді ескере отырып жүзеге асырады:</p> <p>1) сүрекдіндерді сауықтыру және таза көктерек тоғайларын қылқан жапырақты ағаш тұқымдары қатысатын аралас екпелерге ауыстыру мақсатында барлық қылқанжапырақты ағаштарды және өзегін шірік шалмаған таңдаулы көктерек дарактарын қалдыру және ауру, бойлап өспей қалған үлгілерін жинау жолымен жүзеге асырылады;</p> <p>2) жарықтандыру қарағаймен және балқарағаймен араласқан көктерек екпелерінде ғана жүргізіледі. Оларды жүргізу кезінде қажет тұқымдарды күйзеліске ұшыраудан барынша жарықтандыру үшін екпелер жоғары қарқынмен біркелкі сиретіледі. Зақымданған бойлап өспей қалған қисық өскен және ұшарбасы көп, бағалы тұқымдарды көлегейлеп тастайтын көктерек дарактары шабылып, оның таңдаулы үлгілері қалдырылады;</p> <p>3) таза көктерек екпелерінде тазарту жүргізілмейді. Аралас көктерек екпелерінде тазарту кезінде қылқан жапырақты ағаш тұқымдарының және шаруашылық тұрғыдан бағалы жапырақты ағаш тұқымдарының қоспасын, сондай-ақ көктеректің таңдаулы сау даналарын күтіп-баптау жұмысы жүргізіледі. Бағалы тұқымдарды көлегейлеп тастайтын көктерек шабылады. Көктерек шымылдығы астында қылқан жапырақты ағаш тұқымдары өскінінің жеткілікті мөлшері болған жағдайда осы шыбықтарды қылқан жапырақты-жапырақты екпелерге ауыстыру мақсатында көктерек шымылдығын қатты сирету жүргізіледі;</p> <p>4) аралас және таза көктерек екпелерінде сирету жүргізу кезінде күтіп-баптау бағалы тұқымдар мен көктеректің таңдаулы ағаштарына жасалады. Таңдаулы ағаштар ретінде діңнің пішіні жақсы өсу сыныбы I-II көктерек ағаштары іріктеп алынады. 1 гектар жерге алаң бойынша біркелкі орналастырылған 3000-3200-ден аспайтын мөлшерде таңдаулы ағаштар қалдырылады;</p> <p>5) өтпелі ағаш кесу негізінен бонитет сыныбы I-II көктерек екпелерінде жүргізіледі.</p> <p>Таза көктерек екпелерінде өтпелі ағаш кесу кезінде көктеректің таңдаулы ағаштарын, аралас екпелерде - бағалы тұқымдардың қоспасын және көктеректің таңдаулы ағаштарын күтіп-баптау жалғаса береді.</p>	<p>ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП</p>		

300	<p>Бақылау субъектісі жалпақ жапырақты ағаш тұқымдары (емен, шаған, шегіршін) қатысатын екпелерде күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесудің барлық түрін басты тұқымдардың сақталуын қамтамасыз ету және оларға қатысуын көбейту мақсатында жүргізеді:</p> <p>1) оларда жарықтандыру жүргізу кезінде басты тұқымдар төбесінің көлеңкеленуін жою, бірақ бүйірінің көлеңкеленуін ("тонын") сақтау қажет;</p> <p>2) бұдан бұрын күтіп-баптау жүргізілмеген, жоғарғы шымылдығы екінші дәрежелі тұқымдардан (актерек, терек, қаратерек, ақтал) тұратын, жоғары дәрежеде пісіп-жетілген жалпақ жапырақты ағаш тұқымдары (10-20 жыл) қатысатын шыбықтарда жоғарғы шымылдықты сирету оның қабысуын 0,4-0,5-ке дейін төмендетіп жүргізіледі;</p> <p>3) шегіршін екпелерінде таңдаулы ағаштарды іріктеу кезінде тұқымдық даналарға, ал өскіндік екпелерде - жақсы тамырланған және діңі мен ұшар басының пішіні таңдаулы ағаштарға артықшылық беріледі. Бұтақшаның ұясы сиретіледі. Айырланған, қисық өскен, ұшарбасы тым қоюланған және жуан бұтақтары бар, ұзақ тұрып қалған және орнықсыз (түбірінде биік тұрған) дарақтар аластатылады.</p> <p>Ағаш кесу мүмкіндігінше вегетациялық кезеңнің бас кезінде жүргізіледі. Шегіршіннің тіршілік етуге қабілетті даналарының жеткілікті мөлшері жоқ шыбықтарда (өсімдіктердің көпшілігінде ұшарбастар тым нашар дамыған және олардың ұшарбастары қурап бара жатқан жағдайда) күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді жоғарғы шымылдық тұқымдарынан екпелер қалыптастыруға бағдар ұстану керек.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
301	<p>Бақылау субъектісінде қаратерек пен актерек екпелерінде күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесу көктеректермен іс жүзінде бірдей және Ағаш кесу ережесінің 16-кестесінде келтірілген көрсеткіштер ескеріле отырып жүзеге асырылады:</p> <p>1) актерек екпелерінде күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді жүргізу кезінде төменгі бұтақтарды кесіп тастаған жөн;</p> <p>2) қаратерек пен актерек екпелерінде жарықтандыру әдетте жүргізілмейді;</p> <p>3) едәуір мөлшерде талдар қатысатын қаратерек пен актерек екпелерінде тазарту негізінен соңғыларын жинау есебінен жүргізіледі. Шыбықтарда таңдаулы ағаштарды іріктеу кезінде тұқымдық даналарға артықшылық беріледі. Бойлап өспей қалған, ауру және діңінің пішіні нашар ағаштар аластатуға жатады. Сау ағаштар ішіндегі басқа ағаш тұқымдарының қоспасы сақталады;</p> <p>4) сирету мен өтпелі ағаш кесуді жүргізу кезінде қаратерек пен актеректің қалдырылған таңдаулы ағаштарын одан әрі күтіп-баптау жалғаса береді;</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

	<p>5) терек дақылдарындағы оңтайлы құрылымға дүркін-дүркін қатты сиретуді жүргізу кезінде қол жеткізіледі.</p> <p>Оларда күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді 4-5 жылда қайталай отырып 5 жастан 20 жасқа дейін жүргізу керек, өйткені 20 жастан асқан екпелерде олар ерекше нәтиже бере қоймайды.</p>			
302	<p>Бақылау субъектісінде ақтал екпелерінде күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесу ұзындығы бойынша жеткілікті дәрежеде дамыған ұшарбастары бар жақсы өскен ағаштардан тұратын сүректіңдер есіруге бағытталған, ол Ағаш кесу ережесінің 16-кестесінде келтірілген көрсеткіштер ескеріле отырып жүзеге асырылады:</p> <p>1) ақтал екпелерінде жарықтандыру әдетте жүргізілмейді;</p> <p>2) тазарту ағаштардың ұшарбастары қосыла бастайтын және олар биіктігі бойынша айырмашылыққа ұшырайтын 6-10 жаста жүргізіледі. Бұл ретте бойы өспей қалған ағаштар аластатылады. Ақталдың тұқымдық дарактары сақталып оларды көлегейлеп тастаған өскіндерден босатылады. Бұтақшалы ақтал екпелерінде бұтақшалар тым көбейіп кеткен жағдайда оны сирету бар діндер санының 50 пайызына дейін жинай отырып жүргізіледі.</p> <p>Ақтал дақылдарында тазарту табиғи жас шыбықтардағы сияқты жүргізіледі;</p> <p>3) ақталдың тұқымдық сүректіңдерінде сирету 11-15 жаста жүргізіледі. Оларды жүргізу кезінде бойлап өспей қалған, кеуіп бара жатқан, діні мен ұшарбасының пішіні нашар ағаштар аластатылады, ал бұтақшалы екпелерде - бұтақшаның қалың ұялары сиретіледі және бар тұқымдық ақталды күтіп-баптау жалғаса береді;</p> <p>4) өтпелі ағаш кесу кезінде ақталдың таңдаулы ағаштары неғұрлым дамыған ірі даналар ішінен іріктеп алынады. Бойлап өспей қалған, сондай-ақ басқалардың өсуіне бөгет жасайтын ағаштар шауып тасталады. Басқа шапшаң өсетін тұқымдардың (терек, қайың және басқалары) қоспалары сақталады.</p> <p>Күтіп-баптау мақсатында белгілі бір түрді кесуді қайталау әдетте қажет етілмейді.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
	<p>Бақылау субъектісінде грек жаңғағы екпелерінде күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесудің негізгі міндеті жеміс беруін арттыру және қорғаныштық ролін бір мезгілде сақтай отырып, олардың жай-күйін жақсарту болып табылады. Оларды ұшарбастары жақсы дамыған гектардағы ағаштардың белгілі бір мөлшерін өсіру үшін пайдаланады.</p> <p>Грек жаңғағы екпелерінде күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:</p>			



1) жарықтандыру 7-8 жаста бір рет өткізіледі. Бұл ретте екпелердің артық жиілігін азайту үшін бойлап өспей қалған үсікке шалынған және зақымданған өсімдіктер аластатылады;

2) тазарту өсімдіктерді алқапта біркелкі орналастыра отырып шаруашылық жағынан бағалы тұқымдары бар өсімдіктерді іріктеуді қамтамасыз ету үшін жүргізіледі. Оларда ағаштардың емін-еркін тұруын қамтамасыз ету көзделеді, бірақ жуандығын 0,4-тен кемітуге жол берілмейді;

3) грек жаңғағы екпелерінде күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің келесі кезеңінде ағаштарда жақсы дамыған ұшарбастар қалыптастыруға және олардың жеміс беруі үшін барынша толық жағдай жасауға күш жұмсалып, кесу ұшарбастардың 0,6 және одан жоғары мөлшерде түйісуі жағдайында жүргізіледі. Бір гектарға қалдырылатын ағаштар саны екпелердің мынадай өлшемдеріне бағдар ұстана отырып, олардың нақты биіктеп өсуі бойынша белгіленеді:

4) ағаш кесудің әрбір кезеңі кезінде грек жаңғағы екпелерінің түйісуін кесу айналымының кезеңін ескере отырып қалыптастыру керек, өйткені келесі кесу сәтіне қарай ол 0,6-дан көп болмауға тиіс, ал кесуден кейін 0,4-тен төмендемеуі тиіс. Күтіп-баптаудың кезеңділігі екпелердің 8 метрге дейінгі орташа биіктігін 1 метрге, ал кейіннен - 2 метрге көбейту үшін қажет кезеңге тең кезеңділік қабылданады. Күтіп-баптау мақсатында ағаш кесудің соңғы тәсілі ұшарбастардың түйісуі күтіп-баптаудан кейін 0,4-ке, ал 1 гектардағы ағаштар саны 40 данаға жеткізілетін екпелердің орташа биіктігі 14-15 метр болуы жағдайында жүргізіледі.

Күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу дер кезінде жүргізілмеген екпелерде қалдырылатын ағаштар саны ағаш шымылдығының тиісті дәрежеде түйісуін қамтамасыз ету үшін көбейтіледі;

5) грек жаңғағы ағаштарын шабу негізінен ағаш шымылдығының төменгі бөлігінде жүргізіледі. Ұшарбастары өте жақсы дамыған, биік өскен, шаруашылық жағынан бағалы тұқымдары бар, мол жеміс беретін, аурулар мен зиянкестерге қарсы төзімді дарақтар қалдырылады. 1 гектардағы 40-80 дана мөлшердегі таңдаулы ағаштар жер бетінен 1,3 метр биіктікте бояумен белгіленеді, оларда 1,5 метр биіктікке дейін діңі тазартылады, сынған және зақымданған бұталары алып тасталады;

6) грек жаңғағының екпелерінде күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді жүргізу қатар аралықтардағы және дің айналасындағы топырақты күтіп-баптаумен және кесілген ағаштардың түбірлерінен шығатын бұтақшаларды кесіп тастаумен ұштастырылады. Таңдаулы ағаштардың ұшарбастарын күтіп-баптау және олардың діңдерін

ММ, ЕҚТА,  
РММО, МО,  
ОП

	калыптастыру бақ үлгісіндегі дақылдарда жүргізілетін жұмыстарға ұқсас жағдайда жүзеге асырылады.			
304	Бақылау субъектісінде тау ормандарында күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесу олардың сапалық жай-күйін арттыруға, қорғаныштық, эрозияға қарсы және суды реттеушілік маңыздарын сақтауға және жақсартуға бағытталған. Ол баурайлардың құламалылығы мен экспозицияларын, сүректің жуандығын және топырақтың төзімділігін ескере отырып жүргізіледі. Онда тамыр жүйесі мен ұшарбасы жақсы дамыған төзімді ағаштардан тұратын әртүрлі жастағы және аралас екпелер құруға мүмкіндігінше ұмтылу керек. Тау ормандарында күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу кезінде шағын тоғайлар сақталады және жасарту мақсатында ғана сиретіледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
305	Бақылау субъектісінде тау ормандарында күтіп-баптау мақсатындағы ағаш кесудің қарқындылығы теңіз деңгейінен биіктіктің, баурайлар құламалылығының ұлғаюына, топырақтың төзімділігі мен қуаттылығының азаюына байланысты, сондай-ақ оңтүстік баурайларда төмендейді. Құламалылығы 10° дейін барлық баурайларда және топырағының қуаттылығы жеткілікті (70 см астам) құламалылығы 20° дейін солтүстік баурайларда күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу жазық жерлердегі ормандардың осындай екпелеріндегі ағаш кесу сияқты жүргізіледі. Күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу жүргізілгеннен кейін екпелердің қалдырылатын бөлігінің жуандығын мына мөлшерден төмендетуге жол берілмейді: солтүстік экспозициялардың 20°-қа дейінгі баурайларында - 0,7; оңтүстік экспозициялардың 20°-қа дейінгі баурайларында - 0,8; солтүстік экспозициялардың 20°-тан асатын баурайларында - 0,8; оңтүстік экспозициялардың 20°-тан асатын баурайларында - 0,9. Төзімділігі нашар топырақтарда (құмайт және құмды) және көшкін болатын учаскелерде күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу құлап қалуы мүмкін жекелеген қисайған ағаштары шабумен ғана шектеледі. Аралас шыбықтарда басты тұқымдарды екінші дәрежелі тұқымдар көлегейлеп тастайтын кезде соңғыларының түйісуін солтүстік экспозициялардың құламалылығы 20°-қа дейінгі баурайларында - 0,5-ке дейін, оңтүстік экспозицияларда - 0,6-ға дейін,	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

	<p>солтүстік экспозициялардың құламалығы 21-30<sup>о</sup>-қа дейінгі баурайларында - 0,6-ға дейін, оңтүстік экспозицияларда - 0,7-ге дейін төмендетуге жол беріледі.</p> <p>Оңтүстік экспозициялардың баурайларында өтпелі ағаш кесу таза екпелерде жуандығы 1,0 болған жағдайда ғана жүргізіледі.</p> <p>Баурайлар құламалығы 30<sup>о</sup> асатын барлық экспозициялардың баурайларында сирету мен өтпелі кесу, құрып бара жатқан ағаштарды шабуды қоспағанда, белгіленбейді.</p>			
306	<p>Бақылау субъектісінде орман генетикалық резерваттары мен мемлекеттік орман табиғат ескерткіштерін қоса алғанда, ғылыми маңызы бар орман учаскелерінде және тұрақты сынақ алаңдары орналасқан орман учаскелерінде күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу жүргізілмейді. Мұндай учаскелердің айналасында қорғаныштық аймақтар құрылады, ал олардың өздері ұқыпты күзетуге жатады</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
307	<p>Бақылау субъектісінде көне және эндемикалық тұқымдары бар, өнімділігі мен гендік қасиеттері бойынша бірегей сирек кездесетін ерекше құнды орман алаптары мен ерекше қорғаныштық учаскелердің ормандарына байланысты оларды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу олардың өсіп-өнуі және табиғи қайта жаңғыруы үшін жайлы жағдайлар жасауды көздейді. Олар екінші дәрежелі тұқымдардың ерекше құнды орман учаскелеріне теріс әсер етуін болдырмауға және олардың орнықтылығын сақтауға тиіс</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
308	<p>Бақылау субъектісінде жаңғақ кәсіпшілігі аймақтарында және орман жеміс екпелерінде, әдетте, оларды қалыптастыру үшін ең жоғары және ұзақ уақытқа жеміс салу үшін қолайлы жағдай туғызу мақсатында учаске алаңы бойынша ағаш шымылдығының болымсыз тұтасқан және тегіс орналасқан сүректіңің таза немесе болар-болмас араласқан екінші дәрежелі тұқымдары қолданылады. Осындай екпелердің түрлерін қалыптастыру үшін негізінен мақсатты ағаш тұқымдарын күтіп-баптау арқылы біркелкі сирету әдісі қолданылады</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
	<p>Бақылау субъектісінде мемлекеттік орман жолақтарында күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу олардың орналасқан жері мен жай-күйін ескере отырып жүргізіледі және олардың төзімділігі мен тиімділігін арттыруға бағытталады. Су айрығының жолақтарында олардың су реттегіш қасиеттерін күшейту үшін жүргізіледі. Күтіп-баптау тұқымдардың өзара әсері ескеріле отырып, екпе шымылдығының барлық бөліктерінде жүргізіледі. 0,7-0,6 аспайтын ағаш кесудің тәсілінде екпелердің тұйықталуын төмендетуге жол берілмейді.</p>			

309	<p>Жер үсті ағыстарын жер астына ауыстыру және эрозиялық процестердің алдын алу мақсатында өзен аңғарларындағы тік жар қабатының жағалауындағы алқаптарда күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу тұтасуы 0,8-0,7 кем болмайтын екпелерді қалыптастыру үшін жүргізіледі.</p> <p>Құм баурайының шымылдығында гидрологиялық жағдайлардың ерекшеліктері мен минералдық коректіліктің жеткіліксіздігін ескеру қажет. Осындай алқаптарда күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу кезінде ағаш шымылдығындағы өскіндер мен 0,6 кем болмайтын екпелердің тұтасуын міндетті түрде сақтау қажет.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
310	<p>Бақылау субъектiсiнде жоғары рекреациялық жүктеменi алып жүретiн әрi эстетикалық және орташа қорғаныштық маңызы бар қалалық ормандар мен орман парктерiнде күтiп-баптау мақсатында ағаш кесу халықтың өмiр сүруi үшiн қолайлы ортаны сақтауға, мәдени-сауықтыру және спорттық iс-шараларды жүргiзуге бағытталған неғұрлым төзiмдi, ұзақ жасайтын, әсемдiк екпелер мен орман ландшафтарын қалыптастыруды көздейтiн жеке жобалар бойынша жүргiзiледi.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
311	<p>Бақылау субъектiсiнде парк ландшафтарын (ашық, жартылай ашық және жабық) қалыптастыру жөнiндегi ағаш кесу әдiстерi сүрекдiңнiң құрылымы, шымылдығының тұтасуы және мақсатты тапсырмаларымен анықталады және табиғи екпелерге сияқты, жасанды екпелерге де қолданылады.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
312	<p>Бақылау субъектiсiнде елдi мекендер мен емдеу-сауықтыру мекемелерiнiң жасыл аймақтарында күтiп баптау мақсатында ағаш кесу ормандардың рекреациялық жүктемесiне төзiмдiлердi өсiруге бағытталған. Оларды жүргiзу кезiнде мүмкiндiгiнше жапырақты тұқымдардың (2-3 бiрлiкке дейiн) қоспасын сақтау және өрт пайда болған жағдайда төменгi жақтағы өрттiң жоғарыға көшу ықтималдығын азайту мақсатында ұшарбасы төмен түскен ағаштарды тазартқан жөн.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
313	<p>Бақылау субъектiсiнде эрозияға қарсы ормандарда күтiп-баптау мақсатында ағаш кесу табиғи процестер барысында олардың функционалдық құндылығы нашарлаған жағдайда ғана жүргiзiледi. Ағаш кесу режимi мен оларды жүргiзу тәсiлдерi тамыр жүйесi мықты әртүрлi жастағы, жуандығы жоғары ( жуандығы 0,7-0,8) және аралас екпелердiң қажеттiлiгiн негiзге ала отырып анықталады. Мұндай екпелерде күтiп-баптау мақсатында ағаш кесуден сүректi сүйреу және тасу тек қысқы кезеңде ғана жүргiзiледi.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
	<p>Бақылау субъектiсiнде өзендер, көлдер, су қоймалары, арналар және басқа да су объектiлерi</p>			

314	<p>жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған алқаптарында күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу аласа ағаштар түріндегі бұталары бар, топырақтың жоғарғы қабатын тек бұзылудан сақтап қана қоймай, сондай-ақ тиісті дәрежеде су қорғаныштық және реттеуіш рөлін атқаруға қабілетті төзімді және көп жағдайда аралас екпелерді өсіруге бағытталған.</p> <p>Оларды жүргізу кезінде екпелердің тұйықталуын 0,7-0,8-ден төмендетуге жол берілмейді.</p> <p>Өзендер, көлдер және басқа да су қоймаларының жағалауларындағы алқаптарда күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу жер үсті ағыстарын топырақ арасына ауыстыруға қабілетті жуандығы жоғары сүрекдіндерді қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>Мұндай ормандарда күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу мен сүректі сүйреу жер асты қатқан қысқы кезеңде басымырақ жүргізіледі.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
315	<p>Бақылау субъектісінде халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы темір жол және автомобиль жолдарының, магистральды өткізгіш құбырлары мен басқа да желілік құрылыстар жолақтарындағы қорғаныштық екпелерде күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу осы объектілерді қолайсыз табиғи құбылыстардан қорғауды күшейту, қоршаған ортаның ластануын және тұрғылықты халыққа олардың шулы әсерін азайту мақсатында жүргізіледі. Олар күрделі нысандағы аралас екпелерді отырғызуға бағытталған.</p> <p>Қардың біркелкі төселуі мен қар басуды болдырмау үшін бұл екпелердің жоғарғы шымалдығы 0,6-0,7 жуандыққа дейін сиретіледі, ал түктенетін және топырақ қорғаныштық бұталар олардың толық тұйықталуы кезінде 50 пайызға дейін біркелкі сиретіледі. Жолға жанасқан ені 25-30 м орман пұшпағындағы технологиялық дәліздерді кесуге жол берілмейді.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
316	<p>Бақылау субъектісінде халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы темір жол мен автомобиль жолдары бойындағы қорғаныштық орман алқаптарында күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу Ағаш кесу ережесінің 136-тармағында келтірілгендей жүргізіледі.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
	<p>Бақылау субъектісінде аграрлық мелиоративтік екпелерге (дала қорғаныштық орман жолақтары мен басқа да қорғаныштық екпелер) күтім жасау мақсатында ағаш кесу олардың бағытын ескере отырып және олардың мелиоративтік маңыздылығын күшейту мақсатында жүргізіледі.</p> <p>Олардың негізінде орман белдеулерінде жолақтардың мынадай құрылымдары құрылады әрі қ о л д а н а д ы :</p> <p>1) жел соғатын жолақтар - далада қарды біркелкі бөлу үшін. Оларда діндердің және жолақтың жер</p>			

317	<p>үстіндегі 1,5 метрлік бөлігінің арасындағы ашық жер көлемі 60-70 пайызды, ұшарбасы арасында - 15 пайызды құрайды. Мұндай жолақтарда қардың орташа биіктігі қыс маусымының аяғында 80-90 см дейін, ал қар шлейфінің жалпы ұзындығы ағаш биіктігінің 30 және одан көбіне дейін жетеді;</p> <p>2) өрнектелген - қатты желдер мен шаң дауылдарының теріс ықпалын әлсірету үшін. Оларда бүкіл профилі бойынша ашық жерлер көлемі (діндер мен ұшарбасы арасында) 25-35 пайызды құрайды. Мұндай жолақтарда қардың орташа биіктігі 90-140 см дейін және қар жалының жалпы ұзындығы ағаш биіктігінің 15-29 дейін жетеді;</p> <p>3) жел соқпайтын (тығыз) - топырақты су эрозиясынан, ал тоғандар мен су қоймаларын лайланып кетуден қорғау үшін - төтесін ашық жерлерсіз. Оларда қардың орташа биіктігі 140 см жоғары, ал қар жалының жалпы ұзындығы 15 ағаш биіктігінен аспайды.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
318	<p>Бақылау субъектісінде қалыңдығы, тұқымдық құрамы мен жолақтардың жай-күйіне байланысты дала қорғаныштық орман жолақтарында жас шамасына қарай күтім жасау мақсатында ағаш кесу үш кезеңге бөлінеді:</p> <p>1) бірінші кезең - жолақтардың толық жанасуына дейін - 3 жастан 6 жасқа дейін, ал қылқан және қатты жапырақтылар үшін - 6 жастан 10 жасқа дейін (ж а р ы қ т ү с і р у);</p> <p>2) екінші кезең - жолақтардың тиісті құрылымын қалыптастыру - 7 жастан 15 жасқа дейін, ал қатты жапырақтылар үшін - 11 жастан 20 жасқа дейін (т а з а р т у);</p> <p>3) үшінші кезең - қажетті құрылым мен тіршілік етуге қабілетті жолақтарды қолдау - 16 жастан бастап және одан жоғары, ал қылқан және қатты жапырақтылар үшін - 21 жастан бастап және одан жоғары</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
319	<p>Бақылау субъектісінде бірінші кезеңде күтім жасау мақсатында ағаш кесу ұшар басының жанасу сәтінен бастап басталады және басты тұқымдардың өсу жағдайын жақсартуға, оларды кедергі келтіретін тұқымдар мен бұталардан босатуға бағытталады.</p> <p>Топырақ-климаттық жағдайға байланысты бұталардың 25%-дан 50%-ға дейіні кесіледі. Бұталардың қалған бөлігін кесу жолақтың байқалған құрылымына байланысты олардың өсіміне қарай жүргізіледі. Бірінші кезеңнің соңына қарай 2500-4000, ал қою қызғылт топырақтарда - 1 гектарға 1500-2500 ағаш қалдырылады.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
	<p>Бақылау субъектісінде екінші кезеңде күтім жасау мақсатында ағаш кесуді жүргізу кезінде басты тұқымдарға күтім жасау жалғасады және тиісті қар бөлу қасиеттері бар дала қорғаныштық жолақтың</p>			

320	<p>нақты құрылымы қалыптастырылады. Бұл ретте құрғап қалған, ауруға ұшыраған, бүлінген, кеуіп бара жатқан ағаштар, сондай-ақ басты тұқымдардың өсуіне кедергі келтіретін өсімтал тұқымдардың сау ағаштары кесіледі. 1 гектарға 2000-3000, ал қою қызғылт топырақтарда - 1500-2000 ағаш қалдырылады.</p> <p>Жел соғатын құрылымы бар жолақты құру кезінде басты тұқымдарға теріс әсерін тигізетін барлық бұталар кесіледі.</p> <p>Көлеңкелі-сүрек түріндегі биіктігі 1 м және бұталы-сүрек түріндегі биіктігі 1,5 м орман жолақтарындағы барлық ағаштардың бүйір бұталарын кесу жүргізіледі. Бұл кезеңде жел соғатын жолақтар ұшар басы мен діндердегі жарық түсіру мөлшеріне бойынша, сондай-ақ қар бөлу қасиеттері бойынша қалыптастырылады. Ол арқылы күтім жасаудың қайталанушылығы және оның қарқындылығы реттеледі.</p> <p>Өрнектелген құрылым жолақтарын қалыптастыру кезінде бұталардың жартысына дерлігі жолақтың ұзындығы бойынша біркелкі кесіледі, ал бұталардың қалған жартысы біртіндеп жасартылады. Биіктігі 1,0-1,5 м ағаш бөліктерінің бүйір бұтақтарын кесу жүргізіледі. Сүрек шымылдығының ұшар басының тұйықталуы жарық түсіру мөлшерімен және қар бөлу сипатымен реттеледі. Екпелердің құрамына кіретін жеміс ағаштарының ұшар бастарын жеміс салуын арттыру мақсатында сиреткен жөн.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
321	<p>Бақылау субъектінде үшінші кезеңде күтім жасау мақсатында ағаш кесу жолақтың қажетті құрылымын, өміршендігін және ұзақ жасауын сақтау қамтамасыз етіледі. Жолақтардың барлық құрылымында күтім жасау мақсатында ағаш кесуді жүргізу кезінде кеуіп бара жатқан, ауруға ұшыраған, бүлінген, басты тұқымдарға кедергі келтіретін қатты әлсіреген ағаштар кесіледі. Шамамен 1500-2000, ал қою қызғылт топырақтарда 1 гектарға - 1000-1500 ағаштар қалдырылады. Осы кезеңде жолақтарда ағаштардың ұшар басының тұйықталуын 0,7-0,8-ден төмендетуге жол берілмейді.</p> <p>Жел соғатын құрылым жолағында және оның айналасында қардың көп мөлшерде жиналуын болдырмау мақсатында күтім жасау мақсатындағы ағаш кесу кезінде шеткі қатарларда орналасқан ағаштардың биіктігі 2 м дейінгі бұталары кесіледі.</p> <p>Өрнектелген және жел соғатын құрылым жолақтарында үшінші кезеңде оларды жасарту мақсатында бұталарды біртіндеп кесу жалғасады.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
	<p>Бақылау субъектінде эрозияға қарсы, су реттегіш және басқа да қорғаныштық екпелерді өсіру кезінде күтім жасау мақсатында ағаш кесу негізінен 0,8 кем болмайтын деңгейде сүрек шымылдығының тұйықталуын қолдау мақсатында жүргізіледі.</p>			

322	Ағаштардың төзімділігін жоғарылатуға бағытталған, осындай алқаптардың шекараларында өсірілетін екпелердің шетіне күтім жасау бір уақытта жүргізіледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
323	<p>Бақылау субъектісінде сай-сала мен жыра маңындағы орман жолақтары мен алқаптарда сай-саланың баурайын көлеңкелеу, топырақтың шайылуын болдырмау және күтім жасау мақсатында ағаш кесу арқылы олардың қар жинақтау функцияларын сақтау мақсатында бұталар мен екінші қатардағы тұқымдардан орман шетін сақтай отырып, орман шымылдығының жоғары тұйықталуын қолданады.</p> <p>Сай-сала мен жыра екпелерінде күтім жасау мақсатында ағаш кесу қалың ормандардағыдай жүргізіледі.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
324	Бақылау субъектісінде орманға күтім жасаудың басқа түрлеріне екпелерде бұталарды кесу, орман шетіне күтім жасау мен аласа ағаштарға күтім жасау жатады, бұл көбінесе екпелерде күтім жасау мақсатында ағаш кесудің бірнеше түрлерін жүргізу арқылы байланысады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
325	<p>Бақылау субъектісінде кылқан жапырақты екпелерде бұталарды кесу оның сапасын жақсартады және іскерлік жоғары сортты сүректің шығуын жоғарылатады және жұмсақ жапырақты екпелерде ішкі шіріктің пайда болуының алдын алуға жәрдемдеседі, жабайы жеміс тұқымдарында, самырсын мен грек жаңғағында - жеміс беруді жақсартады, бұл негізінен орман шаруашылығы қарқынды жүргізілетін аудандарда жүргізіледі:</p> <p>1) терек плантацияларында және кейбір жеміс ағаштарында төменгі бөлігіндегі бұтақтар мен жас өскіндердің тармақтарын жою міндетті болып табылады;</p> <p>2) екпелерде бұтақтарды кесу әсіресе 10-12 жаста басталады және биіктігі 6-7 метрге дейін діндерді тазарту мақсатында өліп қалған және әлсіреген бұталардың пайда болуына қарай 7-10 жыл сайын қайталананды;</p> <p>3) бұтақтарды кесу діңнің бүйір бетімен қатар, қабық бетінің деңгейінде жүргізіледі. Бұл ретте қабыққа зақым келтіруге жол берілмейді, тегіс кесу керек.</p> <p>Тұқымдар (терек) қатарынан кураған бұтақтарды жою қадамен қаптау арқылы жүргізілуі мүмкін;</p> <p>4) өсу кезең басталғанға дейінгі ерте көктем бұтақтарды кесуді жүргізу үшін жақсы уақыт болып табылады. Жаз бен күздің аяғында орманда саңырауқұлақ ұрықтарын жаппай себу жүргізілетіндіктен, бұл уақытта осы жұмыстарды жүргізбеген жөн.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		



326	<p>Бақылау субъектiсiнде орман шетiне кiтiм жасау олардың белдеулерiнiң шекаралық тiзiмдiлiгiн жоғарылату мақсатында жүргiзiледi. Олардың көмегiмен халық аз қоныстанған аудандарға жақын ормандарда орман шекарасы ағаштарда екпелердiң жуандығын 0,4-0,5-ке дейiн сирету арқылы енi 5-10 м белдеуде төмен иiлген ұшарбастарын құру жолымен "жабылады" және халық тығыз қоныстанған аудандарға, жолдарға және аңыздық, сабан және құрғақ шөп қалдырылатын ауыл шаруашылық жерлерге жақын ормандарда дала өрттерiнiң орман өрттерiне ұласып кетуiнiң алдын алу үшiн, керiсiнше, шеткi ағаштардың ұшар бастары төмен иiлген олардың бұтақтарын кесу арқылы көтерiледi.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
327	<p>Бақылау субъектiсiнде аласа ағаштарға кiтiм жасау орман мен құнды тұқымдардың өскiндерiнiң өмiрiнде оның атқаратын рөлiне байланысты жүзеге асырылады. Анық терiс әсер туғызған жағдайда ол сиретiледi, толық немесе iшiнара кесiледi, оң әсерi кезiнде - сақталады. Бiрақ бұл шаралар аласа ағаштардың жалпы экологиялық функциялары мен жергiлiктi флора және фауна үшiн оның пайдасы ескерiле отырып жүргiзiледi.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
328	<p>Бақылау субъектiсiнде санитарлық мақсатта iрiктеп ағаш кесу орман қорғаныштық iс-шараларына жатады және ағаштардың iшiнен өсу мерзiмi аяқталған ағаштарды және орман аурулары мен зиянкестерiмен бүлiнгендерiн тазарту жолымен сүрекдiндердi сауықтыруға бағытталған және алдағы уақытта кiтiм жасау мақсатында ағаш кесудiң қарапайым түрлерiн жүргiзу жоспарланбаған шұғыл араласуды талап ететiн санитарлық жай-күйi кезiнде тағайындалады.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
329	<p>Бақылау субъектiсiнде санитарлық мақсатта iрiктеп ағаш кесу тiзiмдiлiгiнен айрылған екпелерде жүргiзiледi, мұндай екпелерде табиғи түрде құрағанмен салыстырғанда зиянкестердiң жаңадан қоныстануы, кеуiп кетуi, құрауы, жел сұлатпа, дауыл құлатқан, қар басқан, қар жапқан, аурулармен зақымданған, дiндiк зиянкестер қоныстанған және ағаштардың санитарлық жай-күйiнiң шәкiлiне сәйкес анықталған жай-күйiнiң 1,6-дан 3,5-ке дейiн орташа өлшемдi баллы бар ағаштар өсуiн тоқтатқанға дейiнгi өзге де жолмен бүлiну пайда болуының жоғарлауы байқалады.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

330	<p>Бақылау субъектiсiнде санитарлық мақсатта iрiктеп ағаш кесу екпелердiң тұтастығы мен төзiмдiлiгiнiң бұзылуына әкелмеуi тиiс. Олай болмаған жағдайда екпелер санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесуге және қайта жаңғыртуға жатады. Санитарлық мақсатта iрiктеп ағаш кескеннен кейiн екпелердiң жуандығы 0,5-тен төмен, ал шырша мен майқарағай екпелерi үшiн 0,6-дан төмен болмауы тиiс. Қажет болған жағдайда орман патологиялық тексеру материалдарының негiзiнде жуандығы одан әрi төмендетiлуi мүмкiн.</p> <p>Гаузер қабық кемiргiшi мен микрофаг зақымдаған, жуандығының төмен болуы олардың табиғи жай-күйi болып табылатын екпелерде (арша, пісте, сексеуiл және басқалары), сондай-ақ ландшафты ормандарда және Шренк шыршасының таулы ормандарында санитарлық мақсатта iрiктеп ағаш кесу кезiнде жуандықты 0,3-ке дейiн төмендетуге жол берiледi.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
331	Бақылау субъектiсiнде санитарлық мақсатта iрiктеп ағаш кесудi жүргiзу орман орналастыру деректерi немесе арнайы орман патологиялық тексеру негiзiнде жоспарланады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
332	Бақылау субъектiсiнде ағаштарды кесуге iрiктеу және таңбалау орманшылардың, олардың көмекшiлерiнiң немесе учаскелiк техниктердiң (орман шеберлерiнiң) басшылығымен жүргiзiледi.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
333	Бақылау субъектiсiнде өртпен, желмен, қармен мүлдем әлсiреген, орман игеру кезiнде айтарлықтай бүлiнген ағаштар оларға дiңдiк зиянкестер қоныстанғанға және аурулармен зақымданғанға дейiн iрiктеуге жатады. Iрiктеп ағаш кесуге ағаштарды iрiктеу кезiнде ағаштың бүлiну (зақымдану) деңгейiн, зиянкестер мен ауру қоздырғыштар биологиясының ерекшелiктерiн басшылыққа алады	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
334	<p>Бақылау субъектiсiнде орман өрттерiнен кейiн санитарлық мақсатта ағаш кесуге ағаштарды iрiктеудi ұшар басының, дiңiнiң, түп табандарының отпен бүлiнуiн, ағаштардың жалпы жай-күйiн бағалай отырып жүргiзедi. Жас қарағайларда алғашқы екi жылда дiңдердегi күйiк биiктiгi (қабығы жұқа аймақтың төменгi бөлiгiнiң күйiгi қауiптi), сондай-ақ құрғақ және өте құрғақ түрлерде - түп табандары мен тамыр мойындарының күйi (айналасының қауiптi деңгейi 75% немесе одан көп) ағаштардың тiршiлiк етуге бейiмдiлiгiнiң неғұрлым шынайы белгiлерi болып табылады. Балқарағай мен көктерек ұқсас сипатта бағаланады.</p> <p>Өртеңдерде жедел жинап алынады.</p> <p>Санитарлық мақсатта iрiктеп ағаш кесуге ағаштар отпен бүлiнгеннен кейiн шұғыл түрде кiрiсу қажет және кесудi көктемгi өртеңдерде - келесi жылдың 1</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

	маусымына дейін, ерте жазда - 1 тамызға дейін, кешірек жазда және күзде - келесі жылдың 1 мамырына дейін аяқтау қажет.			
335	Бақылау субъектісінде жел сұлатқан ағаштарды тасу немесе сындыру кезінде толық немесе ішінара құлаған немесе сынған ағаштарды тазарту жатады; бұл ретте бүлінген орманды игеру мынадай мерзімдерде аяқталуы тиіс: бүліну қоңыр күзде және күзгі-көктемде болған кезде - 1 мамырға дейін, көктемгі кезде - 1 шілдеге дейін, ерте жаз кезінде - 1 тамызға дейін. Алаңы жағынан жел сұлатқан және дауыл құлатқан көлемді учаскелер ағаш кесу мерзімдері мен кезектілігін қадағалау арқылы өзгертіле отырып, 1-2 жылда игеріледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
336	Бақылау субъектісінде қар және мұз қату салдарынан бүлінген екпелерде ұшарбасының 2/3 және одан астамы бүлінген ағаштар, сондай-ақ құлаған ағаштар міндетті түрде кесуге жатады. Мұндай ағаштарды тазартудың ұсынылған мерзімдері - 1 шілдеге дейін, бірақ келесі жылдың 1 мамырынан кешіктірілмейді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
337	Бақылау субъектісінде діндік зиянкестер қоныстанған ағаштарды іріктеу өрттермен, жел сұлатқан, қар басқан, қурап қалған, шамадан тыс ылғалданған, өндірістік қалдықтармен, қылқан жапырақ кеміргіш жәндіктермен, тамыр шіруімен және басқа да қауіпті аурулармен, өзге де себептермен немесе себептер кешенімен бүлінген немесе әлсіреген екпелерде пайда болған олардың көбею ошақтарында жүргізіледі. Зиянкестер жаңадан қоныстанған ағаштарды іріктеу, танбалау және кесу кезінде ағаштардың құруының түрлі типтері кезінде зиянды жәндіктердің қоныстануын сипаттайтын белгілерді, сүрек тұқымдары мен зиянкестер түрлерінің биологиялық ерекшеліктерін, аймақтық және ауа райының жағдайын басшылыққа алады, бұл ретте қылқан жапырақты тұқымдарда қабық кеміргіштердің қоныстануы жетекші индикатор болып табылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
338	Бақылау субъектісінде тамыр аузы мен опенка бүлдірген қылқан жапырақты екпелерде жай-күйінің III-IV-санатты ағаштары кесуге жатады, бұл ретте аталған аурулармен бүлінген және құрғап қалған ағаштарды іріктеу кеуіп кеткен учаскелерде жүргізіледі. Түбір шіріктерінің ошақтары болған, дін зиянкестерінің саны көбейіп кеткен жағдайларда ауру ағаштарды іріктеуді жәндіктердің даму мерзімдері олардың биологиясының ерекшеліктері, аурулардың таралу жайы, ошақтың кезеңі ескеріле отырып, жаңадан отырғызылған ағаштарды іріктеуге т ұ с п а - т ұ с к е л т і р е д і . Емен ағаштары мен басқа да жапырақты екпелердегі опенка ошақтарында санитарлық мақсатта іріктеп	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

	ағаш кесу осылай жүргізіледі. Тамыр ауруы ошақтарында санитарлық мақсатта іріктеп ағаш кесуді басқа да қорғаныштық және орман шаруашылығы іс-шараларымен ұштастыру, сондай-ақ ағаш кесу қарқындылығы әрбір нақты жағдай бойынша айқындалады.			
339	Бақылау субъектісінде серянка - шайыр ісігімен зақымданған емен екпелерінде бірінші кезекте аурулардың жоғарғы деңгейімен зақымданған (ұшар басының төменгі бөлігіндегі зақым діңнің айналасының 2/3 қамтиды), қылқан жапырақтары сарғайған, діңдік зиянкестер қоныстанған, сондай-ақ Крафт бойынша өсудің IV-V сыныптарының әлсіреген ағаштары ең алдымен іріктеп алынуы қажет. Екінші кезекте шыңдары құрғақ ағаштар кесіледі. Бүлінудің бастапқы деңгейіндегі ұшар басы сиреген және қалыпты қылқан жапырақтары бар ағаштар қарағайдың аурумен одан әрі зақымдануына қарай кесіледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
340	Бақылау субъектісінде тамыр микозасымен зақымданған емен ормандарында жай-күйінің IV-VI санатындағы ағаштары, сондай-ақ III-IV санаттың шегірін ағаштарының голланд аурулары ошақтарындағы ағаштарды тазарту жатады. Ағаш кесуді күзгі-қысқы кезеңде жүргізген дұрыс, бұл ретте осы ағаштарды іріктеу және таңбалау зиянкестер жаңадан қоныстанған ағаштарды іріктеу уақытына тұспа-тұс келтіріледі әрі оны жәндіктердің қауіпті түрлерінің биологиясын ескеретін мерзімдерде жүргізеді	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
341	Бақылау субъектісінде майқарағай, балқарағай және жапырақты тұқымдардың некроздың ісік шалған ошақтарында ауру ағаштарды іріктеу діңнің айналасының 1/2 астамы жаралармен зақымданған кезде, сондай-ақ кеуіп бара жатқан және кеуіп кеткен , діңдік зиянкестер қоныстанған немесе өңделген кездерде жүргізіледі	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
342	Бақылау субъектісіне қылқан жапырақты және шаруашылық тұрғыдан құнды жапырақ тұқымдары діңдердің шірік ауруларына ұшыраған кезде жеміс беретін ағаштар іріктелуге жатады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
343	Бақылау субъектісінде ағаштарды сындыруды күзгі-қысқы кезеңде жүргізу орынды. Сүректі тасып әкетудің аяқталу мерзімі мамырдың аяғына дейін.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
344	Бақылау субъектісінде таулы аймақтарында Шренк шыршалары екпелерінде ашық сары, өткен жылда қылқан жапырақтары қарқынды түскен және селдіреген қабық кеміргіш ағаштар кесіледі. Жұмыстар күзде, қыста немесе ерте көктемде (наурыз, сәуір) - зиянкестердің жазда пайда болуына	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

	дейін жүргізіледі. Оларды жүргізу мерзімдері ауа райы жағдайын, тік аймақтылықты және өзгелерін ескере отырып нақтыланады.			
345	Бақылау субъектісінде арша екпелерде қатты әлсіреген және зиянкестер қоныстанған, ұшарбасы 75%-ға селдіреген, сондай-ақ қылқан жапырақтары сарғайған ағаштар кесіледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
346	Бақылау субъектісінде құндылығы төмен орман екпелерін, сондай-ақ қорғаныштық, су сақтау және басқа да функцияларын жоғалтқан екпелерді қайта жаңғырту бойынша ағаш кесулер орман көмкерген жерлерді тиімді пайдалануға бағытталған және сол жерде өсіп тұрған сүрекдіңді неғұрлым өнімді әрі екпелердің осы учаскелерде өсу жағдайына айтарлықтай сәйкес келетін жаңа ұрпағына айырбастауды білдіреді. Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 44-бабы 2-тармағының 1)-6) тармақшаларында аталған мемлекеттік орман қорының санаттарын қоспағанда, олар мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде тек уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізілуі мүмкін мемлекеттік орман қорының барлық санаттарында аталған кесулерді жүргізуге жол беріледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
347	Бақылау субъектісінде аталған кесулерді жүргізуді қажет ететін ормандар алаңы негізінен кезекті орман орналастыру кезеңінде анықталады. Қайта жаңғыртуға, әдеттегідей, орманның өндірістік (уақытша) типтерінің екпелері, сондай-ақ түрлі себептермен бұзылған, ыдыраған, үлкен шаруашылық маңызы жоқ және өзінің қорғаныштық функцияларын толық орындаған, оларды одан әрі ұстау орынсыз болатын екпелер тағайындалады. Құндылығы төмен екпелерді қайта жаңғырту арнайы дайындалған жоба бойынша жүзеге асырылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
348	Бақылау субъектісінде құндылығы төмен екпелерді қайта жаңғырту кезінде томарларды қопару арқылы немесе қопарусыз орман дақылдарын жаппай және топырақты белдеуді өңдей отырып, орман дақылдарын біртіндеп отырғызу әдісі жиі п а й д а л а н ы л а д ы . Құндылығы төмен екпелерді қайта жаңғырту жөніндегі жұмыстардың көлемін есепке алу кесілген сүрек қоры сияқты алаңы бойынша да жүзеге асырылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
349	Бақылау субъектісінде жас талдар арасынан бірлі-жарым ағаштарды кесу аралық пайдалану құрамына кіреді және негізінен өзінің мақсатын орындаған тұқымдық ағаштар мен толық кесілмеген түрдегі аналық екпелерден сақталған жекелеген ағаштарды жинауға бағытталған.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

350	Бақылау субъектiсiнде бiрлi-жарым ағаштарды кесу олардың бiлiнуiн болдырмайтын тәсiлдер мен әдiстер арқылы жас талдардың жай-күйiн және қалыңдығын ескере отырып жүзеге асырылады. Оларда ағаштарды құлату жас талдардың сирек бөлiгi, алаңқайлар, соқпақтар және ескi жолдар жағына қарай, ал сүректi сүйретiп шығару – сортименттермен жүргiзiледi.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
351	Бақылау субъектiсiнде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қорық аймақтары мен қорық ядросының және ерекше қорғаныштық учаскелердiң шекараларында өсетiн жас талдарда жай-күйi бойынша кесудi талап етпейтiн бiрлi-жарым ағаштар кесiлмейдi.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
352	Бақылау субъектiсiнде өзге де ағаш кесулер ( санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесу; су тораптарын, құбыр өткiзгiштердi, жолдар салумен байланысты орман алқаптарын тазарту; орман соқпақтарын салу, өртке қарсы жыралар жасау кезiнде; өтiмдi үйiндiлердi жинау) Қазақстан Республикасы Орман кодексiнiң 44-бабы 2-тармағының 1)-6) тармақшаларында санамаланған мемлекеттiк орман қорының санаттарынан басқа, өзге де ағаш кесулердi жүргiзуге мемлекеттiк экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде тек уәкiлеттi органның рұқсаты бойынша жол берiлетiн мемлекеттiк табиғи резерваттарды тұрақты дамыту аймақтарын қосқандағы мемлекеттiк орман қорының барлық санаттарында оларды жүргiзу ережелерiне сәйкес жүргiзiледi.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
353	Бақылау субъектiсiнде санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесулер орман аурулары мен зиянкестерiнiң жаппай етек алуы, орман өрттерi немесе басқа да қолайсыз табиғи құбылыстар салдарынан олардың өсуi толық тоқтап қалған жағдайға дейiн зақымданған орманды тазарту мақсатында жүргiзiледi және әрi олардың зардаптарын жоюға, әрi оларда орман дақылдарын отырғызу немесе олардың табиғи қайта жаңғыруына жәрдемдесу үшiн орман алқаптарын тазартуға бағытталған.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
354	Бақылау субъектiсiнде санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесу 3,6-дан 5,0-ге дейiнгi жай-күйiнiң орташа өлшемдi баллы бар, төзiмдiлiгi 3-сыныбының екпелерiнде жүргiзiледi. Санитарлық мақсатта ағаш кесу, егер қалған зақымданбаған екпелердiң жуандығы 0,2-нi құраса және одан төмен болса, жаппай кесу деп саналады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
	Бақылау субъектiсiнде санитарлық мақсатта iрiктеп ағаш кесу екпелердi ендi сауықтыра алмайтын және екпелер жуандығының 0,5-тен төмендеп кетуiне әкеп соғатын кезде жас шамасына қарамастан санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесу тағайындалады; шырша мен майқарағай екпелерi үшiн - 0,6-дан төмен (			

355	<p>жіңішкелігі табиғи болмысы болып табылатын ағаш тұқымдары бұған қосылмайды).</p> <p>Бүлінген және әлсіреген, пісіп-жетілген екпелер олардың тіршілік ету қабілетінің бұзылу дәрежесіне қарамастан бірінші кезекте кесуге тағайындалады. Мұндай ағаш кесу басты мақсатта ағаш кесу тәртібімен жүргізіледі, оларды жүргізу кезінде зиянкестердің қауіпті түрлері мен ауру ошақтарының көбеюін болдырмау жөніндегі қосымша шаралар олардың биологиясы мен нақты жағдайларын ескеріп отырып қолданылады.</p> <p>Қорғаныштық, су қорғау, санитарлық-гигиеналық және сауықтыру маңызы бар ормандарда (қала ормандары мен орман парктері, қала маңындағы жасыл аймақ, басқа да елді мекендер мен өнеркәсіп кәсіпорындары ормандары, сумен қамту көздерін санитарлық қорғау округтерінің ормандары және курорттарды санитарлық қорғау аймағының ормандары, өзендер, көлдер, су қоймалары мен басқа да су қоймаларының жағаларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулері, эрозияға қарсы ормандар), сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарында санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесуге өзінің мақсатты функцияларын толық жоғалтқан екпелер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекше жағдайларда кейіннен ағашы кесілген алқаптарда ормандарды бірінші кезекте қалпына келтіруді міндетті түрде жүргізумен тағайындалады.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
356	<p>Бақылау субъектінде санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесуге белгіленген екпелерде міндетті түрде орман мекемесінің бас орманшысы, орманшысы немесе оның көмекшісі, орман патолог-инженері, ал қажет болған жағдайда басқа да мамандары қатысатын орманды патологиялық зерттеу жүргізіледі.</p> <p>Тексеру материалдарын орман мекемесінің бас орманшысы бекітеді.</p> <p>Орман орналастыру кезінде санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесуге белгіленген орман учаскелері, егер бұған орман патолог-инженері қатыспаса, сол сияқты тексеруге жатады.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
357	<p>Бақылау субъектінде санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесуді жүргізу кезінде әрбір мөлдек алаңы 5 га-дан аспауы тиіс.</p> <p>Санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесуді жүргізуге рұқсатты уәкілетті орган береді.</p> <p>Кесілетін сүрек кеспеағаш қорының жылдық белгіленген лимиті есебінен беріледі, ал қажет болған жағдайда одан жоғары болады.</p>	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
	<p>Бақылау субъектінде санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесу белгіленген әрбір орамда екпелердің орман патологиялық жай-күйінің</p>			

358	сипаттамасы үшін тік бұрышты немесе ұзына бойына созылған сынақ алаңдары салынады және жалпы сынақ алаңы тексерілетін учаскенің көлемі 100 га-ға дейін болған жағдайда - оның алаңының 2%-нан; 100 га-дан жоғары болған жағдайда - 1%-нан кем болмауы тиіс. Сынақ алаңдары бойынша материалдар уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша ресімделеді.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
359	Бақылау субъектісі санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесуді жүргізуге арналған рұқсатты алу үшін мынадай құжаттама ұсынады: кесуге белгіленген екпелерді комиссияның тексеру немесе зерттеу актісі; санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесуді қажет ететін екпелердің уәкілетті орган белгілеген нысандағы жиынтық ведомосы; биологиялық төзімділігінен айырылған екпелерде қалдырылған сынақ алаңдарының уәкілетті орган белгілеген нысандағы жиынтық ведомосы; орамдарды, олардың алаңдарын көрсете отырып және сынақ алаңдарын белгілей отырып, жаппай ағаш кесуге белгіленген учаскелерге арналған планшеттің көшірмесі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
360	Бақылау субъектісінде кесуге белгіленген екпелерді комиссия тексеру немесе зерттеу актісінде: мемлекеттік орман қорының қорғаныштық санаты, екпелердің бағалау сипаттамасы, олардың бүліну себептері, жаппай санитарлық ағаш кесуді жүргізу қажеттігінің негіздемесі, кесу жеделділігі және оны жүргізу белгіленген мерзімдер, одан кейінгі қайта жаңартуды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар және аралас екпелердің күйзелісін болдырмау үшін қажетті іс-шаралар көрсетіледі. Актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
361	Бақылау субъектісі санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесу кезінде мынадай шарттарды сақтайды: 1) ағашы кесілетін алқап оның өсуі табиғи түрде мүмкін болмайтын жағдайда бірінші кезекте орман дақылдарын отырғызуға тағайындалады; 2) аралас сау екпелерді орман патологиялық қадағалау белгіленеді, онда ауру және діндік зиянкестер жаңадан пайда болған ағаштарды уақтылы тазарту және қоқыстардан тазарту жүргізіледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
362	Бақылау субъектісінде санитарлық мақсатта жаппай ағаш кесуді талап ететін жел сұлатқан, дауыл құлатқан, зиянкестер бүлдірген немесе аурулармен зақымдану нәтижесінде кеуіп кеткен өртендер немесе екпелер учаскелері өрттердің таралуын, зиянды жәндіктердің көбеюін болдырмау және сүректің техникалық сапаларын жоғалтпау	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		



	мақсатында алаңдарды кесілгеннен кейінгі қалдықтар мен қоқыстардан ұқыпты тазартумен, мүмкіндігінше қысқа мерзімде игеріледі.			
363	Бақылау субъектiсiнде мемлекеттiк орман қоры учаскелерiнде пайдалану үшiн мүмкiн болатын жел сұлатқан, дауыл құлатқан немесе қылқан жапырақты кемiргiш жәндiктермен бүлiнген (кеуiп қалу және дiндiк зиянкестердiң қоныстану белгiлерi болған кезде), сондай-ақ жоғары немесе төменгi дәрежелi өрттермен бүлiнген қылқан жапырақты екпелер ағаш кесуге бiрiншi кезекте шығарылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
364	Бақылау субъектiсiнде орман соқпақтарын тарту мен өртке қарсы жыралар жасауға байланысты ағаш кесулер орман орналастыру материалдары, ормандардың өртке қарсы құрылғыларының бас жоспарларының негiзiнде: 1) орман мекемелерiнiң орамдық желiлерiн бастапқы ұйымдастыру кезiнде; 2) орман мекемелерiнiң орман орналастыру разрядын өзгерту кезiнде; 3) орманды күзету және қорғау жүйесiн жақсарту мақсатына қарай айтарлықтай қайта қарау жағдайларында жүзеге асырылады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
365	Бақылау субъектiсiнде орамдық (жартылай орамдық) соқпақтар мен өртке қарсы жыралар салуға байланысты ағаш кесулер жаппай ағаш кесу тәртібіне сәйкес жүргізіледі.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
366	Бақылау субъектiсiнде орамдық соқпақтар мен өртке қарсы жыралар салуға байланысты ағаш кесу көлемi сүрек қоры мен ағаш кесу алаңы бойынша олардың нормативтiк енi мен ұзындығын негiзге ала отырып, айқындалады.	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
367	Бақылау субъектiсi өтiмдi қоқыстарды жинауды эстетикалық мақсаттарда және орман өрттерiнiң алдын алу, желсұлатпа, дауыл құлатқан, қар басқан, сондай-ақ ағаштардың механикалық бүлiнуiнiң болуы кезiнде орман зиянкестерi мен ауруларының көбеюi мен таралуын болдырмау мақсаттарында жүргiзедi. Ең алдымен ағаш дiңi зиянкестерi ошақтарының пайда болу қатерi бар жаңадан жел сұлатқан, механикалық бүлiнген ағаштар учаскелерi жиналады. Жинау мерзiмдерi зиянкестердiң негiзгi түрлерiнiң биологиясымен байланыстырылады	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		
368	Бақылау субъектiсiнде мемлекеттiк орман қоры учаскелерiнде су тораптары, құбыр өткiзгiштерi, жолдар, басқа да желiлiк құрылыстар (объектiлер) құрылыс объектiлерi болуы мүмкiн. Объектiлердi салу үшiн орман алқаптарын тазарту заң белгiлеген тәртiппен уәкiлеттi органның рұқсаты бойынша жаппай ағаш кесудi жүргiзу тәртiбiне сәйкес жаппай ағаш кесу жолымен жолақтар немесе	ММ, ЕҚТА, РММО, МО, ОП		

	алқаптар түрінде жүзеге асырылады. Орман алқаптарын тазарту бойынша ағаш кесу көлемі дайындалатын орман материалдарының саны бойынша есептеледі			
369	Бақылау субъектісі Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының күзет аймағында жергілікті халықтың мұқтажы үшін рұқсат етілетін әуесқойлық (спорттық ) балық аулау жөніндегі талаптарды сақтайды.	ЕҚТА		
370	Бақылау субъектісі Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының бөгендерінде балықтардың қырылуына жол бермеу іс-шараларын өткізу жөніндегі талаптарды сақтайды.	ЕҚТА		
371	Бақылау субъектісінде аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру туралы құжаттар бар (облыстық атқарушы органның шешімі, аңшылық шаруашылығын жүргізу шарты)	АП		
372	Бақылау субъектісі шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыруды жүргізген	АП		
373	Бақылау субъектісінде аумақтық уәкілетті органмен келісілген Аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспары бар	АП		
374	Бақылау субъектісі аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспарын 100 % орындаған	АП		
375	Бақылау субъектісі жануарлар объектілерін есепке алуды ұйымдастырады және өткізеді	АП, ММ, ЕҚТА		
376	Бақылау субъектісінде жануарлар дүниесі объектілерінің өндірістік мониторингі бойынша талдамалық анықтама бар.	АП, ЕҚТА		
377	Бақылау субъектісінде уәкілетті органның аумақтық органына берген жылдық есеп бар	АП, ЕҚТА		
378	Бақылау субъектісі жануарлардың мекендеу ортасын қорғау, көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын ұйымдастырған	АП, ММ, ЕҚТА		
379	Бақылау субъектісінде дамылдау аймақтары мен күндері бар	АП		
380	Бақылау субъектісі жергілікті халық арасында жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне ұқыпты қарау идеяларын насихаттайды	АП, ММ, ЕҚТА		
381	Бақылау субъектісі табиғи апаттар кезінде және басқа да себептер салдарынан ауруға, өлім-жітім қауіптері жағдайында жануарларға көмек көрсетеді.	АП, ММ, ЕҚТА		
382	Бақылау субъектісінде міндетті іс-шараларды қамтитын Ішкі тәртіп ережесі бар	АП		
383	Бақылау субъектісі қорықшылық қызметті аңшылық шаруашылығының санатына сәйкес жасақтаған	АП		
384	Бақылау субъектісі жабайы жануарларды қосымша қоректендіріп отырады	АП, ММ, ЕҚТА		

385	Бақылау субъектісі жасанды суаттар құру жұмыстарын жүргізеді.	АП, ММ, ЕҚТА		
386	Бақылау субъектісі қорғаныштық өсімдіктер отырғызады және жасанды ұялар салады.	АП, ММ, ЕҚТА		
387	Бақылау субъектісі жыртқыш жануарлардың санын реттеу бойынша іс-шаралар жүргізеді.	АП, ММ, ЕҚТА		
388	Бақылау субъектісі шартқа сәйкес ілме тақталар, трафареттер, плакаттар, аншлағтарды орнатады.	АП		
389	Бақылау субъектісі бұдан бұрын орнатылған аншлағтарды жыл сайын жөндеп, жаңартып отырады	АП		
390	Бақылау субъектісі аң аулайтын алқаптарды бекітіп беру жөніндегі конкурса қатысу кезінде пайдаланушы мәлімдеген міндеттемелерді орындайды.	АП		
391	Бақылау субъектісінің кәсіпшілік аң аулауды жүзеге асыруда аңшылық шаруашылығы ұйымымен жасалған шарты бар.	АП		
392	Бақылау субъектісінің кәсіпшілік журналы бар (кәсіпшілік аң аулау үшін).	АП		
393	Бақылау субъектісінің кәсіпшілік журналы күн сайын аң аулау аяқталғаннан кейін толтырылады.	АП		
394	Бақылау субъектісінің кәсіпшілік аң аулау кезінде аңшылық шаруашылығы ұйымы берген жолдамасы бар.	АП		
395	Бақылау субъектісінің иттермен және қыран құстармен аң аулау кезінде (кәсіпшілік аң аулау) - оларды тіркеу туралы құжаттары бар.	АП, ВС		
396	Бақылау субъектісінің уәкілетті органның аумақтық органында жыл сайын тіркелген аңшылық минимумы бойынша емтихан тапсырғаны және Қазақстан Республикасының салық заңнамасы белгілеген аң аулау құқығына рұқсат берілгені үшін мемлекеттік бажды төлегені туралы белгі қойылған аңшылық куәлігі бар (кәсіпшілік аң аулау кезінде).	АП		
397	Бақылау субъектісінде кәсіпшілік кезінде аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулаған кезде - Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының аңшылық атыс қаруын сақтау және алып жүру құқығына берген рұқсаты бар.	АП		
398	Бақылау субъектісі СИТЕС Конвенциясының Қосымшасына енгізілген жануарлар түрлерін тасымалдауды осы Конвенция белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.	АП, ВС, ЗОО		
399	<b>399-413-тармақтарының күші 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылды</b>			

**Е с к е р т у :**

**ММ** – орман шаруашылығының мемлекеттік мекемесі  
**ЕҚТА** – ерекше қорғалатын табиғи аумақтар  
**РММО** – республикалық маңызы бар мемлекеттік орман иеленушілер

**ОП** – орман ресурстары ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген орман п а й д а л а н у ш ы л а р

**АП** – аңшылық ісін пайдаланушылар

**ЖА** – ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жеріндегі жалгерлер

**МО** – республикалық маңызы бар темір және автомобиль жолдарының бойындағы қорғаныштық орман жиектерінің мемлекеттік орман иеленушілері

**ВС** – жануарлар дүниесі объектілерін қоршауда және жартылай ерікті жағдайда бағып-күтумен, көбейтумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар

**ААОҰ** – азаматтарды аңшылық минимумына оқытумен айналысатын ұйымдар

**ЗОО** – зоологиялық коллекциялардың, хайуанаттар бақтарының, биологиялық орталықтардың иелері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК